

**Ө.Е. БЕКТҮРҒАНОВ
Ә.Б. ДӘҢБАЕВ**

**ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІң ДАМУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Алматы, 2011

ЭОЖ 796(07)
КБЖ 75.3я7
Б 40

**Қазақтың спорт және туризм академиясының
Ғылыми кенесі баспаға ұсынған**

Пікір жазғандар:

*А.К. Қараков, педагогика гылымдарының докторы, профессор;
М.Н. Кошаев, педагогика гылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Досқараев, педагогика гылымдарының докторы, доцент*

Бектурганов О.Е., Даңбаев Э.Б.

Б 40 Қазак күресінің даму ерекшеліктері: оку құралы. – Алматы, 2011. – 109 6.

ISBN 978-601-06-1356-0

Оку құралында казақ күрестің 20 ғасырданғы даму тарихының ерекшеліктері мен казақ курес палуандарының жарыстық әрекетін спорттық күрестің басқа түрлерімен салыстырғандагы мазмұнына тән зандылықтары ашылған. Осы спорт түрін мектептік және жоғарғы оку орындарының деңе тәрбиесі бағдарламасындағы оку және секциялық сабактарын еткізу барысында пайдалану кажеттілігі негізделген және ұсыныстар берілген.

«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша білім алып жатқан колледждер мен жоғарғы оку орындарының студенттеріне, деңе тәрбиесінің мұғалімдеріне және спорттық курес түрлері бойынша жаттықтыруыш-устаздарға арналған.

ЭОЖ 796(07)
КБЖ 75.3я7

ISBN 978-6014-06-1356-0

© Бектурганов О.Е., 2011

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| KІРІСПЕ..... | 4 |
| 1. Қажымұқан Мұнайтпасов 20 ғасырда халықаралық аренада казак күресінің даңқын шыгарған тұнғыш казақ палуаны | 7 |
| 2. Қазак күресінің кенес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарындағы даму кезеңдері | 19 |
| 2.1 Бірінші кезең, 20-ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдары | 20 |
| 2.2 Екінші кезең, қырқыншы-елуінші жылдары | 25 |
| 2.3 Ушінші кезең, алпысыншы-жетпісінші жылдары | 44 |
| 2.4 Төртінші және бесінші кезең, сексенінші-токсаныншы жылдар мен 21-ғасырдың алғашкы онжылдығы | 51 |
| 3. Қазак күресінің әдіс-тәсілдік ерекшеліктерін талдау | 62 |
| 4. Оқушы жастардың дene дамуының және дene даярлығын жоғарылату әрекеттерінің сипаттамасы..... | 86 |
| 5. Өскелен үрпакты дene шынықтыруға тәрбиелеуде казак күресін колдану мүмкіндіктері | 89 |
| КОРЫТЫНДЫ | 96 |
| ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 99 |

KІРІСПЕ

Қазақстанда казақ күресінің кең танымалдығы осы ұлттық спорт түрін сауықтыру мақсатында жаппай айналысады дамыту үшін маныздылығын арттырады. Қозгалу белсендігінің танымал түрлерін қолдану, көпшіліктің шұғылдануы үшін көптеген секциялар күру, әсіресе, адамның қозгалу белсендігі техникалық ілгерілеу, аппараттық және телекоммуникациялық технологиялардың даму мен білім беру жүйесі салдарынан әлсіреген қазіргі таңда езектілігі зор. Дене дамуы кезеңінде, яғни балалық және жасөспірімдік шакта, гиподинамияның өріс алуы адам денсаулығына айқын түрде кері әсер етеді. Ағзаның тіршілікті камтамасыз ету жүйесінің, жүйке жүйесінің, тіреуіш-қозгалу аппаратының және т.б. калыптасуы мен дамуы барысында жинақталған кері құбылыштар мен ауытқулар гиподинамияның әсерінен болашак ұрпақтын, яғни тұқым қуалауында көрініс тауып, адамның барлық кейінгі ғұмырында денсаулықтың нашарлауына жол береді [1, 2, 3 және т.б.].

Қазак күресінің кең танылуы, түрлі қолданбалы дағдыларды қалыптастырудың білімдік тиімділігі, дене шынықтыруға енгізілуі, ерік-күші мен басқа да психологиялық салаларын тәрбиелеу, денсаулықты нығайту тасілінің сауықтыру тиімділігі мен жастардың дене тәрбиесін көп жағдайда осы күрес түрінің орта мектептері дене шынықтыру пәні бойынша оқу және сыйыптан тыс сабактар бағдарламасына енгізілуіне ықпал етеді.

Қазіргі жасөспірімдер мен жастардың ұлттық ойындарға қызығушылықтарын ескере отырып, орта мектептер мен колледждерде дене тәрбиесіне және сыйыптан тыс косымша сабак кезінде тек бағдарламадағы жаттыгулардыға емес, ұлттық спорт түрлері мен ойындарын оқу жоспарына енгізуге болады.

Кеңестік Қазақстанда казақ күресінен жарыстар басқа спорттық күрес түрлерінен бірнеше онжылдықтар бұрын өткізіле бастады. Өдеби деректерге сілтемелердің өзінде казақ күресінен кезекті Бүкілқазақстандық спартакиада бағдарламасын және жеке респубикалық жарыстарды өткізу кезеңдерін атап көрсетуге болады: 1928, 1936, 1938, 1939 жж. [4, 5, 6, 7, 8, 9 және т.б.].

Ал грек-рим күресі Қазақстанда тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дами бастады (алғашқы Қазақстан біріншілігі 1948 жылы өтті), дзюдо Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілгеннен кейін ғана, 1960 ж. дами бастады, самбо жастар шұғылдануға болатын спорттық күрес түрі ретінде 1949 жылы ғана А.А. Харлампиевтің жұмысынан басталды [10]. Қазақстанда еркін күрестің дамуы 1955 жылы грек-рим күресінен тәжірибелі жаттықтыруыш П.Ф. Матуцактың еркін күрестің бас бапкерлігіне тағайындалуымен байланысты болды. Самбо мен еркін күрестің Қазақстанға бірінші ақелінген уақыты 1950 ж. [7, 11 және т.б.].

Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесінде [12, 13], спорт жаттығу теориясында [14 және т.б.], ағзаның дене күш жүктемесіне бейімделу теориясында [15 және т.б.], спорттық күрес әдістемесінде [16, 17 және т.б.] дене мәдениетіне адамды тіршілік пен арнайы бір когамдық қызметке дайындауда, оның денсаулығын нығайтуға және денелік кабілеттерін жан-

жақты дамытуға дайындау жақеттігінен туындастын көфамда арналы түзілетін материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы жататындығы анықталған. Ал дene шынықтыру біліміне дene шынықтыру қызметіне тәn, оған дайындықтың ерекше жақтарын сипаттайтын білімдерді, дагдыларды және біліктіліктерді менгеру үдерісі жатады. Әр спорт түрінің әдістемелік ерекшеліктерінің талаптарына сай жүзеге асырылатын арналы мамандандырылған үдерісі бар.

Қазак күрестін тарихы [5, 6, 7, 8, 11, 18, 19 және т.б.], Қазақстан спорты мен ұлттық спорттың тарихы [4, 9, 20, 21, 22 және т.б.] қазақстан галымдарының тарихи және ғылыми зерттеулер мен әдістемелік еңбектеріндегі қамтылған. Қоғам заманнан қазак халқы жастаңдың дene күшін дамыту мен әскери дайындауда, сайыстар мен күш сыйнасу жарыстарының қауілсіз түрін ұйымдастырудың пайдаланып келген қазак күресінің Қазақстанның кенес дәүіріндегі дамуында жастаң үшін дene шынықтырудың дербес құралы ретінде қалыптасу тарихын, төңкерістер мен кайта қуру карқынды дамыған заманда ұмыт қалдырмай, балуандарды дайындау құралдары мен әдістерінің барлық жақетті де маңызды атрибуттарын зерттең, оларды сактап калу және спортшыларды дайындау әдістемесіне енгізу, сондай-ақ ескелен үрпактың дene тәрбиесінде пайдалану үшін жақеттілігімен анықталады.

Қазак күресінің осы ұлттық спорттан мамандар дайындаудағы оку құралы ретінде қалыптасу кезеңдерін, жаттығу үдерісінің әдіснамасын жетілдіруді, жарыстарды откізу ережелері мен 20-ғасырда қазіргі спорт түріне дейін дамуын зерттеу, қазак күрестін спорттық күрестін басқа түрлерінен даму тарихындағы, жеңіске жетудін колданбалы құралдары мен әдістеріндегі, балуандарды дайындау әдіснамасындағы және айналысушыларға тигізетін әсерінің тиімділігіндегі айырмашылықтарын анықтау қазак ұлттық күресін ұтымды танытып, қазак күресі бойынша оку материалдарын жетілдіруге және қазак күресі арқылы окушы жастаңдың дene тәрбиесінде пайдалану жақеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

20-ғасырдың басында Қазақстанда қазак күресі Бұқілказақстанның спартакиада бағдарламасына енгізілуі және республикалық жарыстардың өткізуі спортың күрестін олимпиадалық және халықаралық түрлерінен баулудың басталуынан бірнеше онжылдықтар бұрын дамытылған.

Қазактың ұлттық күресінің 20-ғасырдағы даму кезеңдерін ғылыми-зерттеу, тарихи, оку-әдістемелік, теориялық еңбектерді, жарыстардың бірынғай ережелерін зерттеу мен жетілдіруді, балуандардың салмак дәрежелері мен жас топтарына бөлуді коса алғанда, қазак күресінің әдіснамалық негіздерінің қалыптасуымен байланысты.

Қазактың ұлттық күресінің спорттық күрестін басқа түрлерінен айырмашылықтары көне заманнан жарыстардың тарихи қалыптасқан ережелері шенберінде дамып келе жаткан негізгі ережелері үрпактан үрпакқа ауызша тараған қазак күресінің дербестігін, ерекшелігін айқындайды.

Қазак күресінің спорттық күрестін басқа түрлерінен еш қалыспайтын, ескелен үрпактың дene шынықтыру мен денсаулығын нығайту, дене кабілеттерін дамыту мен козгалыс дагдыларын қалыптастыру құралы ретінде

жоғары сауықтырғыш әсері, дене шынықтыру мен салуатты өмір салтына тәрбиелеудегі тәрбиелік тиімділігі спорттық күрестің олимпиадалық түрлері тарапынан елеулі бәсеке жағдайында тұрлаулы дамуы және жастарды спорт залдарына тартудың маңызды факторы болып табылады.

Қазақстан жастарының қазақ күресіне әуестенуі, бұл ұлттық спорттың даму деңгейінің едәуір жоғарылауына, балуандардың шеберлігінің қалыптасуына, жастардың қазақ күресімен жаппай шұғылдануына септігін тигізді. Қазақ күресімен шұғылданатын жастар арасынан өздерінің спорттық кемелденуін спорттық күрестің халықаралық және олимпиадалық түрлерінде жалғастырып, ең жоғары нәтижелерге жеткен көптеген атакты балуандар шықкан Саялнама нәтижелері бойынша анықталғандай, сұрақ-жауап алынған, әсіресе, ауылдық жерлерде тұратын жасөспірімдердің көшшілігі қазақ күресімен шұғылдануға тілек білдіреді.

Қазақ күрестің жоғарғы тәлімдік, шипалық және тәрбислік маңыздылығы бұл күрес түрін Қазакстанның оқу орындарының оқу жоспары мен бағдарламаларына енгізуге негіз болды. Қазақ күресі спорттық күресі, оқу немесе спорттық-педагогикалық пән болып табылады.

Қазақ күресіндегі белдесулер түргеп тұрған күйде, аяқ кимылдарымен жасайтын әдістер колдану, белбеуден төмен ұстауга болмайтын жағдайда өтеді.

Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың дәне, әдіс-тәсілдік дайындығын зерттеу нәтижелері кілемдегі спорттық күрестің басқа түрлерімен (самбо және дзюдо) шұғылданушылардың нәтижелерінен калыспайды, қазақ күресі жарыстарында пайдаланылатын әдістер спорттық күрестің басқа түрлерінде де табысты колданылады, ал қазақ күресінен өткізілетін жарыстарда күрестің басқа түрлерінің балуандары табысты өнер көрсетуде, бұл қазақ күресі үшін ғана смес, спорттық күрестің басқа түрлері үшін де спортшы ізбасарларды дайындаудағы сабактастықтың тамаша алғышарты болып табылады.

1. Қажымұқан Мұнайтпасов халықаралық аренада казақ күресінің даңқыны шығарған тұңғыш қазақ палуаны

Дене шыныктыру және спортты дамыту барысында күрес және басқа спорт түрлерін жандандыруды Қажымұқан Мұнайтбасов айрықша рөл аткарды. Қөптеген чемпионаттар мен жарыстар онын бастамасымен ететін, ол өз басының жеке үлгісімен жарыска катысушыларды шабыттандыратын, онын катысувының өзі Қазақстанның қөптеген қалаларында күрестің дамуына үлкен илгі әсерін тигізетін [23]. Мысалы, Троицк каласында 1915 жылы өткен ірі күрес жарысының чемпиондығын женип алғып, Қажымұқан [24] сол аркылы Қазақстанда халықаралық спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарды үйымдастырудың бастамасына жол салды [25].

Мұканның он жастагы кезінен бастап-ак өз тұстастарымен күрессе бастауды әрбір казақ баласына тән касиет. Бұл әдette олар бір-бірімен ойнап күрескен кезде немесе әртүрлі тойларда үйымдастырылатын палуандар сайыстарында көрген өздерінің сүйікті палуандарының іс-қимылдарын қайталу арқылы жүзеге асып жататын. Сондай-ак үлкендер балалар мен бозбалалар арасында арнайы жарыстар үйымдастыратын, бұл олардың күш-куаттарын арттырып, жауынгерлік және енбеккорлық дағыларын калыптастырады, сондай-ак әркилы басқосулардағы палуандар сайыснда рудың немесе ауылдың нағызының корғайтын болашақ батырларды тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Мұкан күресті жаксы көретін және кішкентайынан экесі үйреткен казақ күресінің бірката тәсілдерін жаксы билетін. Қажымұқан бала кезінде өзімен жаста және тіпті ересек балалармен жиі сайыска түсетін деп жазады А.Бұркітбаев [26].

Қажымұқан Ақмола облысында дүниеге келген. Оның экесі Мұнайтпас Ернаков ете қарапайым және кедей адам болған, бірақ теңдессіз кара күштің иесі болғандыктан қөптеген палуандар сайыснда жеңімпаз атанатын. Мұканның атасы Ернак еті тірі жан болғандыктан, алғы дене күшіне және сайыскер шеберлігіне не болған адам еді. Мұканның дене бітіміне, күреске бейімділігіне назар салып жүрген атасы оған жасынан-ақ казақ күресінің күпияларын үйрете бастады Қажымұқанның сол кездегі Ақмола облысындағы қөптеген белгілі палуандардың жауырының жерге тигізген әйгілі палуан атагы шыға бастаған кезде жасы әлі де 17 толмаған еді. [18, 26 б.].

Малшы өміріне ауыр қыстап кейін жадырап көктем мен жаз келгенде ауылдарда қөптеген тойлар басталатын. Қазақ тойлары мен мерекелік басқосулары ұлттық ойындар мен сайыстарсыз өттейтін. Мерекелерде әсіресе палуандардың күресі ерекше орын алатын. Тойларда халықтың көnlілін көтеретін осы палуандардың катарына жастайынан айрықша алпауыт күшін көрсеткен, кедей шаруа Мұнайтпастың ұлы-Мұкан да қосылды. Бай үйіне жалшылықка берілген он жасар Мұкан бидай салынған қапты жеңіл көтеретін және оларды талмай таси беретін. Бұл оның әдetteгі жұмысы еді. Қожайыны оны палуан ретінде синап көргісі келді. Бала онсыз да палуандар сайысын құр жібермейтін, ол өз катаrlастарын оңай жеңетін, тіпті бес-алты жас үлкен бозбалалар онымен күресуге қаймығатын. Мұны көрген аксақалдар онын

болашақта айтулы палуан болатынын болжалдайтын. 18 жасынан бастап Мұқанды қонақтардың алдында онер көрсету үшін әртүрлі баскосуларға шакыра бастайды [27].

Ол жиырма жасына дейін жалшылықта журді және осы кездің өзінде-ак алып күштің иесі мен жауырыны жер иіскемеген дала палуаны атагы шыкты. Кездесок жағдайдын аркасында ол Қазанга келді, ал бұл жерден Петербургтық цирк палуандары мектебіне жол тартады. Құрес енерін ол сондай-ак Одесса мен Гамбургте үйренеді, ал киевтік аренага ол кәсіби палуан ретінде шыгады. XIX гасырдың 90-жылдары Қажымұқан Ресей чемпионы атанады [28].

Тагы бір енбекте, орасан күштің иесі, ұлт мактандыши, ұлы палуан, грек-рим және еркін құрестен әлем чемпионы-Қажымұқан Мұнайтпасов Қареткелде (қазіргі Ақмола облысы) орналаскан Сарытерек губерниясына қарасты Қоскона ауылында дүниеге келген деп жазылған. Бала Мұқан 15-16 жасынан бастап әртүрлі баскосулар мен мерекелерде ауыл кілемінде өз тұстастарымен белдесе бастап, көп кешікпей бұл маңайда оған тен келер ешкім болмайды [27, 7 б.]

Осылайша, Қажымұқанның бала кезден бастап-ак жұмыста да, палуандар сайысында да өз күші мен шыдамдылығымен аты шығып кана коймай, сондай-ак тәсілдерді орындан алумен, яғни палуандық шеберлігімен көзге түскенін атап өтүге болады. Алып күш оған әртүрлі палуандар сайысында аты шыққан экесінен берілген. Құрес тәсілдерін оған атасы үйретеді. Әрине бұл казак құресінің тәсілдері еді. Одан ары қарай ол үнемі өзінің палуандық шеберлігін мерекелер мен тойларда ұйымдастырылатын палуандар жарыстарында шындаі тусти.

Өзінің кәсіби палуан ретінде жолын бастаган француз құресі, Мұқанның үйренген және казак құресі сайыстарының тұркты катысушысы ретінде дағыланған құресінен біршама өзгеше болатын. Грек-рим құресі 19 гасырдың соны-20 гасырдың басында француз құресі деп аталатын, өйткені ол осы Францияда қайта жаңданып (Ежелгі Грециядагы Олимпиялық ойындардан кейін), сосын Еуропага, Ресейге де тарады.

Мұқанның курсеске тоймаусы, қызыгуышылығы, одан үлкен жетістіктерге жетуге ұмтылысы мен кәсіби палуандармен белдесу арманы оны Омбы қаласына алып келді, мұнда цирк ашылып, 1901 жылы француз құресі (грек-рим құресі) бойынша халықаралық турнир (кейбіреулердің айтуы бойынша әлем чемпионаты) өтті тиіс еді. Мұқан Омбыға Сібір темір жолымен жетеді. Палуандардың құресін тамашалап отырып, Мұқан бұл құрестің казак тойларындағы құрестен айырмашылығы бар екенін байқайды. Солай бола тұра, кепшілікке арналған әйгілі орыс палуаны А.Н.Злобиннің шақыруын қабыл алады. А.Н. Злобин Мұқанды әзіріммен әрен жениді. Мұқан бұл белдесуде женимпазға берілетін сыйакының жартысына не болады, өйткені белдесудің шарты бойынша Злобинге карсы 15 минут карсылық көрсеткен палуанга сыйлықтың жартысы үәде етіледі, ал олар 18 минут құреседі. Злобиннің кенесі және кепілхатымен Мұқан Санкт-Петербургке аттанады, мұнда ол Лебедевтің ауыраттлеттер мектебіне қабылданады [18].

Злобин Мұқанға құресті үйренуге ақыл берген және келешекте әйгілі палуан болатынын көре білген алғашкы кәсіби палуан емес еді. Мысалы, Федор

Никольский ауылдарды аралап, күштік номерлер көрсететін және өзімен күш сыйнасызы келетіндерді ортага шақыратын. Осылай қойылымдардың бірінде оның ұсынысын жас Мұқан кабыл алады. Жиналған көпшілік каршадай баланың мұндай алыпен күресіне каяп білдіреді, бірақ Никольский ешкандай зиян тигізбейтінін айтып сендіреді, дегенмен Мұқаннан жәнеліп қалады. Жас палуанның күш-куатын байқаган Никольский Мұқанға:

- Сенін оқуын керек, сен атақты палуан бола аласын,-деп кеңес береді [26].

Француз күресінің ережесі бала кезден аяқ тәсілдерін (шалу, орау, жамбаска алу) қолдануға машықтанған Мұқанның мүмкіндіктерін біршама шектеген де болуы мүмкін. Оған қайта үйренуге тұра келді және аяқ тәсілдерін қолданбай атақты палуандарды айқын жену үшін француз күресі бойынша белдесулерге дайындалды. Орасан күш, табиги қуат, қайсар міnez, жаттығулардағы шыдамдылық пен еңбексүйгіштік оған қасіби француз күресінің әлем чемпиондарының ортасынан орын алуға мүмкіндік берді. Бірақ сонымен бірге Мұқан еркін күрес пен джиу-джитсу бойынша да елеулі және үлкен женістерге кол жеткізді. Бұл жерде оған тәсілдерді аяқпен орындау (казақша күрес тәсілдері) қабілеті мен тәжірибесінің қөмектескені даусыз.

Қажымұқанның еркін күрестегі артықшылығын оның 1909 жылы А.Абергтен грек-рим (француз) күресі ережесі бойынша бірқатар кездесудерде женіліс тапқаннан кейін, оны еркін күрес ережесі бойынша белдесулерде женгенінен көруге болады. А.Буркітбаевтың көрсетуі бойынша [26, 113 б.], 1909 жылы Кельн каласында өткен әлем чемпионатына әлем чемпионы атақтары бар Алекс Аберг пен Георг Лурих катыспаған. Бірақ әлем чемпионы атагын женип алған және белдесулерде калжыраган Қажымұқанды Алекс Аберг жекпе-жекке шақырады. Қажымұқан бұдан бас тарта алмайды, бірақ француз күресінің ережесі бойынша женіліс тапқан жағдайда, еркін күрес ережесі бойынша карымта кездесу өткізуіді шарт қылыш қояды. Француз күресінің ережесі бойынша белдесу өте ауыр өтті және екі құнғе созылды, Алекс Аберг Қажымұқанды әрен ұтады, есесіне еркін күрес ережесі бойынша жекпе-жек өте тез аяқталды, төртінші минутта-ак Алекстін жауырын жер иіскеді.

Мамандардың айтуынша, Қажымұқан еркін күрестен де әлем чемпионы, сондай-ақ джиу-джитсудан да Еуропа чемпионы болған. Екі мәрте әлемдегі ең құрметті сыйлықтардың бірі-«Король Сигизмундтың белбеуін» иеленген. Қажымұқан барлық атақтарына өз отанынан, өз Қазакстанынан алыста-Еуропада, Таяу Шығыста, Қытайда, Америкада (Құрама Штаттарда ол еркін күрестен чемпионатты женип алған) кол жеткізген.

Қажымұқанның Георг Лурихтың Гамбургте ұйымдастырылған еркін-америкалық күрес пен джиу-джитсу бойынша сайыстарындағы белдесулерін сол жарыстарға катысуши Войланд-Шульцтан артық ешкім айта алмайды деп жазады А.Буркітбаев [29].

Гентте үлкен алтын медальды женип алып, бірақ Гамбургте Георг Лурих пен Алекс Абергке жол беріп, француз күресі бойынша үшінші орын алған соң, Қажымұқан Войланд-Шульцке калжынадап: «Георгпен есеп айрысқым келеді, егер еркін күрестен болмаса да, джиу-джитсу бойынша міндетті түрде», -дейді. Шындығында Қажымұқан сол сайыстарда жылдам, әлуетті және техникалық

басым болды, еркін күрес бойынша өз қарсыластарын ойнап жүріп женді. Француз күресінің небір тәжірибелі деген шеберлі Қажымұқанға карсы он минутта шыдап тұра алмады. Георг Лурих пен Алекс Аберг те актық айкастарда Қажымұқаннан женилді. Арада бір ай өткенде Қажымұқан джиуджитсудан Еуропа чемпионы атанды, және де көрермендердің көпшілігі оны жапондық деп ойлады. Джин-джитсу бойынша белдесулерде Қажымұқанның қарсыластарының көпшілігі белдесулердің алғашқы минуттарында-ақ жер иіскеді. Бірак Қажымұқан өзінің орасан күшін ескере отырып, қарсыластарына қатты зиян келтірмес үшін жанға батарлық тәсілдерге бармады. Кейір палуандар джиуджитсу бойынша Қажымұқанмен кездесуден бас тартты, олардың ішінде Алекс Аберг те бар. Ал Қажымұқанға джиуджитсу тәсілдерін үйреткен Георг Лурих онымен актық белдесуде жолыкты. Баскаларға қарағанда өз шәкіртінің шабуылдарына ұзғырақ төтеп бергенімен, ақыр соны ол да жениліс тапты [29, 139-1406.].

1914 жылы Парижде еркін-америкалық күрес бойынша әлем чемпионаты өткізді. Америка бойынша турнеге дайындық үшін Еуропаның ең айтулы палуандары жиналды. Ресейдін атынан бес палуан келді: Аберг, Поспишил, Тигане, де Колос және Қажымұқан. Жетекшілік пен өкілеттілік палуандар арасындағы танымал дипломат және тіл билетін Алекс Абергке жүктелді. Америкада француз (грек-рим) күресіне қарағанда еркін күрестің танымалдылығына байланысты, Америкага сапар алдындағы жаттыгуларда соган көп кеңіл белінді. Қажымұқан бұл күрес түрі бойынша әріптестері арасында ең мықтысы болып шыкты және көп кешікпей өз тобының жаттықтыруышына айналды десе де болады, оларға жана әдіс-тәсілдерді көрсетіп, үйрете бастады [29, 1546.].

Үш апталық жаттыгулардан кейін А.Аберг еркін күрестен халықаралық жарыска тек Қажымұқанның жалғыз өзін қатыстыруға шешім қабылдады, бұл тек оның күші мен палуандық шеберлігін ғана емес, сонымен бірге оның аяқ тәсілдерін колдана алатынын мойындау еді. Қажымұқан өз әріптестерінің үмітін актап, өз қарсыластарын басымдылықпен ұтып, еркін күрестен әлем чемпионатының (1914 жылы Парижде) үлкен алтын медальына қол жеткізді. Ол сондай-ақ АҚШ калалары бойынша турларда да сәтті өнер көрсетті. А.Алекс екеуі еркін күрес ережесі бойынша Американың көптеген айтулы чемпиондарын ұтты. Қажымұқан Америкада тіпті жениліс дегеннін не екенин білмеді, үйымдастырылған кездесулерде грек-рим (француз) және еркін күрес бойынша Еуропалық та, Америкалық та чемпиондардың барлығын женип шыкты [26, 1546.].

Қажымұқанның еркін күрес пен джиуджитсу бойынша жарыстардағы сәтті өнер көрсетуінің басқа да естеліктері бар. Мысалы, Қажымұқанның алғашқы ірі жениске 1905 жылы Харбинде кол жеткізгені туралы жазылған. Ол джиуджитсу күресі бойынша алтын медаль ұтып алады. Қажымұқан чемпионат бойына жамбасы жер иіскемей, «Манчжурия чемпионы» атағын иеленеді [18, 276.]. Сондай-ақ 1910 жылы Америкага еуропалық және орыс палуандарының үлкен тобы барғаны туралы жазылған. Олар бірнеше топқа белінеді, солардың бірінде Қажымұқан болады. Қажымұқанның Онтүстік

Американың қалалары бойынша түрнедегі ен ірі табысы Аргентинаның астанасы Буэнос-айрэстегі женісі болды, ол үлкен алтын медальмен марапатталады [18, 286.].

Қажымұқанның замандастарының айтуынша ол әдептегі палуандардан емес еді. Қарсыластарының кепшілігіне техникалық жағынан жол берсе де (француз құресінің техникасы болса керек), ол олардан күш жағынан басым түсетін. Егер Қажымұқан толыктай орап алған болса одан құтылып шыгу мүмкін емес еді. Оның тағы бір ерекшелігі шабуылдағы әбжілдігі болды. Ен өкінішті оны жиңі жарыстан ереже «бұзганы» үшін шығарып тастанатын. Мұны әдette оны кілем үстінде жене алмайтын палуандар тобы пайдаланатын [18, 316.].

Мысалы, Георг Лурихпен кездесу алдында Қажымұқанды Лурих тобының кожайыны женілісті бере салуга үгіттейді. «Неге оған әдейі женілсімін?- деп танданады көнпейіл казак- Ол мықты палуан, кез келгенде өзі жене алады гой». Бір сағатқа созылған Лурихпен белдесу еш нәтиже бермейді. Белдесудің ен сонында Мұқан Георгты «қөпірге» қоюға қол жеткізеді. Дәл осы сәтте төрешінің ысқырығы естіліп, Мұқанға «рұқсат етілмеген әдіс қолданғаны» үшін женіліс беріледі. Ол қарсы болып, барлығын ережеге сай істегенін дәлелдеуге тырысты, көрмендер де оны қолдады, бірақ «сауыздары майланған» төрешілер айткандарынан кайтпады. Мұндай жағдайлар ете көп болды. Шыдауга тура келді, өйткені цирк күнкөріс көзі еді.

Біздін оймызыша, бұл жерде көптеген «ойдан құрастырылған» ереже бұзушылықпен катар, Қажымұқанның бала кезден дағдыланған казак құрестегі аяқпен шалу тәсілдерін қолдануы да мүмкін, бұган грек-рим құресінде тыбым салынғанымен, бірақ еркін курсес пен джину-джитсу жарыстарында Мұқанға сәтті өнер көрсетуге мүмкіндік беретін.

Бірнеше жыл Қажымұқан Георг Лурихтің цирк тобында өнер көрсетті, бірақ оның кожайынның мүддесіне бола белдесулерде қарсыластарына жол беруді қаламауы нәтижесінде Георг Лурих онымен келісім-шартты бұзады.

Парижде өткен әлем чемпионатында Қажымұқан И.Поддубныймен актық бәсекеге жеткенде одан бас тартып, кіші алтын медальды қанағат тұтты, И.Поддубный үлкен алтынды алды. Қажымұқан кейбір жағдайларда шеткі аймактардан келген «бұратана» өкілдері емес, ресейлік палуандардың женімпаз болуы, солардың абыройы үшін бірінші болудан бас тартумен катар, кейде көрмендердің қысымымен де шеткөрі калып отырды.

Мысалы 1912 жылғы Нижегородтың Сур циркінде өткен «бүкілрессейлік чемпионатта» көрмендер өздерінің жерлестері Н.Турбасты колпаштап, төрешілердің жұмысына кедергі келтірді, ал Қажымұқан сахна сыртына киім ауыстыруға келгенде, онда оны қарулы адамдар күтіп тұрды. Аяқталмаған кездесуде жеткен женісіне қарамастан, Қажымұқан белдесуді жалғастыруға шыға алмады, өйткені оған артқы есіктен жасырын шығып кетуге тура келді. Осылайша, үлкен алтын медаль Н.Турбаска берілді, ал Қажымұқанға кіші алтын бұйырды [18, 306.].

1905 жылы Мұқан жапондық Сар-Кетенді үтканды көрмендер оған шабуыл жасауға аз калды. Белдесу джину-джитсудың жан аяспас ережесі

бойынша жүргізілді, тарихшылар оны тіпті «өлім жекпе-жегі» деп атады. Бұл оқига Қажымұқанның он сегіз орыс палуанымен Жапонияда өнер көрсеткен кезінде болды. Олар джиу-джитсудың аскан шебері Сар-Кетенмен (бұл жапон палуанының бүркеншек есімі болса керек) айқасқа аса мұқият дайындалды Ресейліктердің қауіп тегін болмады—Сар-кетен олардың барлығын женді. Ен сонғы болып кілемге Қажымұқан шықты. Шарт бойынша олар арасында демалысқа үзіліс жасап бес минуттан белдесті. Алғашқы бес минут казак палуаны үшін ете ауыр болды. Жапондықтың күшті саусактары темір тырнектардай еді. Мұқаннның беті бірнеше жерден сырылды, белдесу барысында қанга боялды. Қоремендердің айгайында шек болмады. Алғашқы үзілістен кейін Мұқан тағы кілемге шықты. Сәлден соң ол Сар-Кетенді алып ұрып, арқасын ертеп мініп отырып, «жапондықтың бас терісін сыптырып алды»—жапондықтың белдесер шамасы қалмады. Қоремендер өздерінің сүйікті палуандарының жеңілгенін, сондай-ак жаракат алғанын көріп, сахнага тұра ұмтылды, бірақ палуандар қоремендерден корғау үшін Қажымұқанды коршап тұра калды [30].

Бұл айқастың тағы бір баяндалуы бар, бірақ мүмкін екеуі екі басқа белдесу болуы да мүмкін. Токиода (Жапония) француз күресінен әлем чемпионатының ресми жабылуынан кейін, кілемге жапон палуаны шығып, джиу-джитсу ережесі бойынша кез келген елдің палуанының жеңетінін мағілдеп, жекпе-жекке шакырады. Бұл джиу-джитсу бойынша Жапония чемпионы Саракику Джиндофу еді. Оның шакыруын Қажымұқаннан өзге ешкім кабылдамады. Жапондық алыстан ауыр қанды соккылар бере отырып, Мұқаннның құлагы мен ерінің жырып тастайды. Қанга боялған Мұқан ебін ауып жапонды өзінін алып құшагына алып, бар күшімен кілемге алып ұрады, осылайша жапондықтардың джиу-джитсудан жеңілмейтіні туралы анызды жокқа шығарады. Жапон палуанының Қажымұқанмен айқасы кайғылы аяқталады, Саракику Джиндофу біраз уақыттан соң қайтыс болады [18, 326.].

Америкалық киношежіренің кадрлары Қажымұқанның Саракику Джиндофумен болған әйгілі айқасының үзінділерін бізге жеткізді. Саркикіге карсы шыгуға сол жарыска қатысан бірде-бір палуаның жүргегі дауаламады. Қажымұқан тәуекелге бел буды және керемет жеңіске жетті деп жазады [31].

А.Бүркітбаевтың [26] құжаттық материалдарды зерттеуге сүйене отырып жасаған иұсқасы бойынша, Қажымұқан мен Саракику Джиндофу арасындағы атақты белдесу Харбинде өткен. 1915 жылы Қажымұқан И.Поддубный жинаған топка косылады. Орыс алыштарынан өзге бұл топка Саракику Джиндофу бастаған бірнеше жапондық косылады. Қыыр Шығыс бойынша тур барысында қытайлық Харбин қаласында чемпионат ұйымдастырылады. Қошпелі цирк жапон кварталында орналасты және Ресейдің атақты палуандарының келуі үлкен әбігерлік туғызды. Чемпионатты француз күресі бойынша өткізу келісілді, оған орыс, жапон және қытай палуандары катысады болды. Бірінші орын үшін актық бәсекеде Қажымұқан мен И.Поддубный кездесті. Актық айқас алдында француз күресі ережесі бойынша Қажымұқан Саракику Джиндофуды ұткан болатын. Поддубный мен Қажымұқан арасындағы екі күнге созылған белдесу жеңімпазды аныктай алмай тен аяқталады (бұл палуандардың

арасындағы барлық кездесу түгелге дерлік осылай аяқталған). Негзінен жапондықтардан тұратын әділказылар алқасы екі женімпаз болуы мүмкін емес деген шешім шығарады. Сондыктan екі палуанның қайсысы Саракиқи Джиндофуды джиу-джитсу ережесі бойынша женсө, сол чемпион атанады, олай болмаганда Саракиқиге чемпиондық атақ бүйірады деп мәлімдеді. Поддубный бұл белдесулен де, алтын медальдан да бас тартуды ұсынды, өйткені джиу-джитсу ережесі бойынша өліп кету де мүмкін. Бірақ Қажымұқан шакыруды кабыл алып, үстіне тар кимоно киіп (үлкен көлемді табылмаган сон) кілемге шығады. Жапондық коянқолтық белдесуге бармай алыстан колмен және аяқпен шабуыл жасайды. Аяқпен тепкені иекке тиіп, саусактары Қажымұқанның бетін сойып кетті, кан судай ақты. Қажымұқан шарасыз күйге түскендей болған сон, Саракиқи Джиндофу өзінің атақты айласын-аяқтарымен карсыластың мойынның қыса отырып, тұншықтыру арқылы берілуге көл жеткізуі дойлады. Саракиқи Джиндофу тәсілді дұрыс жүзеге асырганымен де Қажымұқанның карулы қолдары оның құрсауын босатты, сосын ол бар күшін салып, карсыласын басынан асырып лактырып жіберді. Саракиқи Джиндофу құлаған жерінен тұра алмай қалады, оны тақтайға салып көтеріп алып кетеді. Кейінрек палуандар оның емханада көз жұмғанын естиді, оның омыртқалары сынып кеткен көрінеді [26].

Бұл сәйкесіздіктер тек кана авторлардың осы белдесудің барысын әртүрлі қарастыруында гана емес, сонымен бірге кәсіби қурестің басты мәні-көрмермендерді тарту болғандықтан, Қажымұқанның Саракиқи Джиндофумен «олім» айқасынның әртүрлі нұскалары әртүрлі қалаларда және әр жылдары жапон көрмермендері үшін, түсетін пайданы арттыру үшін көп мәрте койылудың де байланысты болуы мүмкін. Қажымұқанның А.Н.Злобинмен алғашкы белдесуі туралы да осылай айтуга болады, өйткені бұл кездесу туралы пікірлердің алшактығы байкалды. Бұл кездесу кай жылы және кай қалада болған: 1901 жылы Омбыдағы кәсіби палуандар жарысында [27], немесе 1904 жылы Омбыда [32], немесе Қазанда [28], немесе бұл Петропавловскіде 1904 жылы көктемде ораза мерекесінде орын алған [26].

Мысалы, бірқатар авторлар 1904 жылы белгілі орыс цирк палуаны А.Н.Злобиннің ұсынысымен жас Мұқан Мұңайтпасов Санкт-Петербургтегі И.В.Лебедевтің мектебіне кабылданып, 1905-1907 жылдары классикалық қурестің цирк өнеріне үйренгені туралы жазады. Сонын ол кәсіби палуан әлем чемпионы Георг Лурихтың цирк труппасының құрамында өнер көрсете бастайды [32].

А.Бүркітбаевтың Қажымұқан туралы кітабы бойынша [26, 246.], оның А.Н. Злобинмен кездесуі 1904 жылдың көктемінде Петропавлда ораза мерекесі кезінде өтеді, бұл күні Петропавл мұсылман қауымы белгілі палуандарды шакырып дәстүрлі жарыстар өткізетін, сондай-ақ кілемге қалағандардың барлығы шыға алатын.

Басқа бір дерек көзі бойынша, 1901 жылы Омбыда француз құресі бойынша чемпионат өтеді. Осы уақытта дейін жеңілістің аши дәмін татпаган жас қазақ палуаны кәсіби палуандарға карсы шыгуға бел байлайды. Ол олардың ішіндегі ең мықтысы Андрей Злобиннің шакыруын кабыл алады. Жас қазақ

алыбының орасан қайратын сезінген орыс палуаны оған күресті кәсіп етуге кенес береді. Злобиннің және бірқатар өзінің достарының кенесімен Қажымұкан Петербургке сапар шегеді. Мұнда ол атакты Иван Владимирович Лебедевтің палуандар мектебіне қабылданады. Лебедевтің мектебінде Қажымұкан 1903-1904 жылдары екі жыл жаттығады [26, 266].

Жас Мұқанның кәсіби күрестін шынына өрлеу кезеңін 20 ғасырдың басы емес, 19 ғасырдың сонында 90-жылдары ол Ресей чемпионы болды деп қарастыратын авторлар да кездеседі. Кездейсоқ жағдай оны алдымен Қазанға, ал ол жерден Петербургтың цирк палуандары мектебіне алып келеді. Күрес өнерін ол сондай-ақ Одесса мен Гамбургте үйреніп, ал киев цирк аренасына кәсіби палуан ретінде шыкты [28].

Бұл жағдай да Қажымұканның цирк палуандарымен, А.Злобинмен алғашқы кездесуінен соң, бірден Петербургке кетпей, бірнеше жыл бойы осы палуандар труппасымен қалаларды арапап жүруі де мүмкін екенін көрсетеді. Көрмермендер үшін әйгілі кәсіби палуандардан қаймықтайтын тегі түркімұсылман жас қазак алыбын көру қызығушылық туғызғаны даусыз. Оның үстіне А.Злобиннің агасы цирк кожайыны болатын, ал Қажымұкан оларға өзінің алып тұлғасымен және құреке деген тойымсыздығымен, күшінің қеңтігі және сайыстағы шыдамдылығымен бірден ұнады. Бұл бірден бірнеше қалада және әр жылдары қазак батырының кәсіби палуанның шакыруын қабылдап және белдесуде карсы тұра алғаны туралы әрқылу деректердің болуын түсіндіреді.

Бұл болжамды бірқатар жарияланымдар растай түседі. Мұқанның кәсіби палуандар алғашқы кездесуі 1901 жылы Омбыда цирк аланында өтеді. Ол әйгілі орыс палуаны Злобин болатын, ол өзінің тәжірибесі мен күшіне қарамастан жас қазак балуанымен 18 минут күресіп, оны әрен жеңеді. Осыдан кейін Қажымұкан Орынбор, Қазан және Омбы қалаларын арапап, ен тандаулыларымен күресіп, карсыластарын жеңіп, чемпиондар катарына қосылады. Чемпиондардың чемпионының одан аргы өмірі Петербургте өтеді және сондай-ақ әлемнің басқа қалаларының цирк ареналарымен де тығыз байланысты. Петербургте ол өз шеберлігін «Ваня ағайдын» (Лебедев) палуандар мектебінде шындаиды [27].

Тағы бір енбекте көрсетілгендей, осы кезенде (Злобинмен кездесу) Омбы циркінде Мұқан әйгілі орыс палуаны Иван Поддубныймен танысады. Француз күресінен әлем чемпиондары—атакты қазак палуаны Қажымұкан мен орыс алыбы Иван Поддубныйдың достық тарихы өзінше болек бір әнгіме. Қажымұкан қоңтеген кындықтар мен бәсекелестерінің айла-шарғыларын жеңе білді және 1904 жылы екі алып та Парижде тамаша өнер көрсетіп, екі бірінші орынды иеленді [27].

Қажымұканның туылған уақыты туралы да бірынғай пікір жок, авторлардың басым болігі оны 1871 жылы туылған десе, кейбір деректер оны 1886 жылы немесе 1891 [27, 30, 32, 33] туылған деп көрсетеді.

Е.Алимхановтың [7] енбегінде (1996) елдін шығысындағы күрестен алғашқы халықаралық кездесу Қажымұканның атымен байланысты екені айттылады. 1923 жылы жазда Коянды жәрменекесіне Қытайдан өкілдер

катасады. Олар өздерімен Қытайдың күрестен бес дүркін чемпионын ертіп келеді. Мeo Дзу-фу мен Қажымұқаның кездесуі 54 минутка созылып, казак балуанының женісімен аяқталады. Қажымұқан ол кезде 37 жаста еді.

Басқа енбектерде өзгеше деректер көлтіріледі.

Қажымұқан 1871 жылы Ақмола облысының Қараөткел ауылында дүниеге келеді, мұнда негізінен алтыбас қыпшак руынын адамдары тұратын. Менін шешем де қыпшық руынан, сондыктан да Қажымұқаның өмірі туралы көлтеген әңгімелерді алғаш рет анамнан естідім деп жазады Б.Сейдахметова. Қажымұқан Мұнайтбасов 1886 жылдың сәуірінің басында Ақмола облысында дүниеге келген. Руы қыпшактан тарайтын алтыбас [32].

Анықтамалықтарда [24, 25] келесі мәліметтер кездеседі: Хаджимукан (Қажымұқан) Мұнайтбасов (1871, Қараөткел ауылы Ақмола облысы, - 12 тамыз 1871) әйгілі казак палуаны. Әлемнің көп дүркін чемпионы, Қажымұқан Мұнайтбасов (1871-1948) белгілі қазак палуаны, әлемнің неше мәрте чемпионы.

Қажымұқаның тұлғасы туралы деректерде де айырмашылықтар бар. Мысалы, бір енбекте оны былай сипаттайды: аяқ өлшемі 54, бойы 174 см, салмағы 95 кг, мұны тағы алып өлшемі дейді (Л.Доброта, 2003). Ал профессор З.Қоныратбаевтың мәліметтерінше Қажымұқанга батыр тұлға сай келеді: бойы 195 см, салмағы 139 кг (1946 жылы оның салмағы 174 кг болған), санының айналасы 71 см, бицепстері 47 см, мойынының жуандығы 56 см, аяқ киімінің өлшемі 54 [8, 18, 286.].

95 килограмм салмақ батыр тұлғалы денесі мығым атлетке сай келуі мүмкін, бірақ 174 см бой ұзындығы мығым дененің салмағына үйлеспейді, дегенмен екі жағдайда да аяқ киім өлшемі сәйкес келеді. Егер екінші зерттеу Қажымұқаның шынайы антрометрикалық өлшемдеріне жүргізілген болса, картайған Қажымұқан салмақ косуы мүмкін.

Сондай-ак Қажымұқаның кәсби күресті үйренуді 34 жасында бастауы да күмән туғызады. Бұл тым кеш. Егер оның туылған жылы 1871 жыл болатын болса, 1904 жылы Злобинмен кездескен кезде ол тұра осы жаста болған. Сондай-ак жас Мұқан ушін Злобинмен 15 жасында кездесу тым ерте. Егер ол 1886 жылы туылып, 1901 жылы Злобинмен кездесті десек, ол осы жаста болар еді. Ал 1904 жыл (18 жас) – шындыққа жақын келеді, ойткени авторлардың біркаторы Мұқанның Злобинмен кездескендегі жас болғанын айтады.

Егер Қажымұқаның Злобинмен алғашқы кездесуі 1901 жылы орын алып, ол жиырма жаста болса, сосын бір жыл бойы Злобиндер циркімен әртүрлі қалаларды аралап, одан кейін Петербургке аттанса, онда біркатор авторлар көрсеткендегі Мұқан онда 1905-07 жылдары емес, 1903-04 жылдары оқыған болып шығады [18, 336.], бұл басқа енбектердегі деректер мен Қажымұқан қатысқан әртүрлі жарыстаңдарын фактологиямен сәйкес келеді. Мысалы, 1904 жылы Парижде өткен француз күресінен залем чемпионаты, бұл жарыста олар Поддубный екеуі екі бірінші орынды бөлісіп, үлкен және кіші алтын медальдарды иеленген.

Негізі Қажымұқан Мұнайтбасов грек-рим күресіне 1989-1990 жылдары үйрене бастаған. «1990 жылдың қазан айында Қажымұқан тұнғыш рет үлкен

күреске түседі», жазған Е. Әлімханов [8]. Сонда 1901 жылға дейін көптеген жарыстарды жөніп, атакты палуан, чемпион катарына жеткен

Қажымұқан туралы кітаптың алғысөзінде Г. Максимов [34] қазак батыры Қажымұқан Мұнайтпасов кілемдегі жетістіктеріне салмак өлшемі, спорттық дәреже, ұлай саны бойынша жену немесе женілу секілді түсініктер жок кезде кол жеткізген деп жазады. Женіс тек «таза» түрінде есептелген, ал оған жету үшін кейде катарынан бірнеше құн керек болған. Кез келген адам сегіз пудтық карсыласпен бір сағаттық айқаска шыдай бермейді. Сондыктан да кілемде тек күшті, шыдамды және айлалы атлеттер қалатын, салмагы мен шеберлігі бойынша таңдау аренада өздігінен жүріп жататын.

Қазақ алыбының есімі отандық және әлемдік спорттың даму тарихына алтын әріппен жазылған. Мын жылда бір туатын талантты палуан аз уақыт ішінде керемет жетістіктерге жетті және Еуропаның, Азия мен Американың белгілі күштілерімен иық тенестірді деп жазады аталаған автор [34].

Қажымұқан Қара-Иван деген атпен Ресейдін спорттық нағызын Кабулда, Тегеранда, Харбинде және тағы басқа қалаларда абыраймен корғады. Дархан жүрекti, кенпейіл қазақ палуаны Иван Поддубный, Иван Занкин, Иван Шемякин секілді Иван атты әйгілі орыс палуандарымен дос болды [32].

Қажымұқан әлемнің ең таңдаулы палуандарының бірі болды және олардың ең атактыларымен иық тенестіріп тұрды. Кейінірек касіби күрес алғанында 20 жылдан астам өнер көрсеткен орыс палуандарының бірі «Сол кезде әлемде орыс алыбы Иван Поддубный мен қазақ батыры Қажымұқаның атағы дүрілдеп тұрды» деп жазады [18, 336.].

Қажымұқанмен талай рет бірге өнер көрсеткен кәсіби балуан В.Г.Ярков былай деп еске алады: «Өзіне таныс көптеген адамдарды Қажымұқан өз мінезімен, ашықтығымен, жолдастықка беріктігімен, туған казак жеріне деген маҳаббатымен баурап алатын...Менін есімде тек оның орасан күші, ептілігі, ұшқыр техникасы ғана емес, сонымен бірге кілемдегі жекпе-жекті сауатты құра білуі де жатталып калды. Және де ол ешбір карсыласынан қаймығып кормеген болуы керек...» [34].

«Мен Мұқан Мұнайтпасовты алғаш рет 1908 жылы Киевте түрік циркінін палуандар чемпионатында көрдім. Оның саусактары не деген ірі! Бұл оның орасан зор табиги күшін көрсетеді. Бірак ол мұнысын көрсетіп мактанбайтын. Құшті палуан Франц Биньковский жаңынан өтіп бара жатып ығымен немесе шынтағымен қағып ұшырып кететін. Ал Мұқан байсалды, карапайым, кенпейілді, тәрбиелі адам болатын. Осы бір әдемі қазакта туыла біткен терен мәдениет пен ешқашан опасыздықка бармайтын адамның тәқаппарлығы бар еді»,-деп украин палуаны Михаил Слуцкий Қажымұқанды еске алады. Осы халықаралық чемпионаттың актық сыннында Қажымұқан поляк Франц Биньковскийді («Циклоп») үтады. Баспасөздін хабарлауынша Қажымұқан сол кезде 95 килограмм болса, ал «Циклоп»-143 килограмм болғанына қарамастан жауырынымен жер іскеді [25].

Француз (грек-рим) күресінен тұнғыш әлем чемпионы болған қазақ, әлемдік, аймактық, ресейлік жарыстардың көпмәрте чемпионы, сондай-ақ кейінірек аса ауыр салмактылар арасындағы классикалық (грек-рим) күрестен

бүкілодактық чемпионаттардың жөнімпазы, ұлы атлет Мұқан Мұнайтпасов - алемге де, казак еліне де Қажымұқан, яғни Қасиетті (қажыға барған) Мұқан деген есіммен белгілі [33].

Оның кашан және қалай Мекке мен Мединеге қажылыққа барғанын Қажымұқан туралы енбектерден білеміз.

Мұқан Мұнайтпасов Саратовдагы, Қазандагы, Троицкідегі, Уфадагы және басқа қалалардагы бүкілресейлік жарыстардың, сондай-ақ Мәскеудегі, Киевтегі, Ригадагы, Минскдегі, Париждегі, Варшавадагы, Харбиндегі халықаралық чемпионаттардың жөнімпазы мен жүлдегері болды. Цирк труппасының құрамында жас қыпшак Онтустік Американы, Таяу және Орта Шығыстың елдерін сахаттады. 1909-1911жылдары ол атышулы түрік палуандарымен кездесулерде женістерге жетті.

Қажы деген қасиетті атты Мұқан Стамбулдың билеуші төресі Шакипашениң шакыруымен Меккеге қажылыққа барғанин кейін алды, Түркиядагы кездесулерде жас қазактың онері экімнің көnlіне жақсан болуы керек. Әсіресе түріктік «майлы» құрестің шебері, түрік чемпионы 155 килограмдық Нуруллахпен Мұқанның құресін тамашалауға халық көп жиналды. 100 килограмм тартатын Мұқан осы тірі таудың қасында сымбатты бозбала секілді көрінді. Бұл белдесуде аяқ амалдарын колдануға рұксат етілді. Мұқан шалып та, теүіп те, орап та көрді. Бір қызығы әдетте өзі десе жанын беретін түріктер конакты колдай бастады, оның әдемі әрі батыл құресі ұнады. Жиырмасыншы минутта Нуруллахтың жауырыны жерге тиді. Бас жүлде Мұқанның канжығасында кетті [27].

Сол кездерде Қажымұқан қурескен ереже бойынша құрестің (француз, джиу-джитсу, казак құрес) барлық түрінен түрік құресі еркін құреске ен жақыны, тіпті казак құресінен де жақын, ейткені түрік құресінде аяқпен тәсіл орындаумен катар, аякты қолмен де ұстауға болады. Осылайша Түркияда Қажымұқанга бала кезден үрленген казак құрестің пайдасы тиіп, ол аяқпен шалу тәсілін тамаша орындағы.

Откен ғасырдың басында-ак Қажымұқан ашық жекпе-жектерде әлемнің мыкты палуандарын женип, Қазақстанның атын әлемге жайды. 54 мемлекеттін тұрғындары алыптың ерекше кабілеті мен құшін тамашалауға мүмкіндік алды. Қажымұқан жарыстарда жалпы саны 48 медаль ұттып алды [28].

Бірақ бұл 48 жүлде Қажымұқанның 12-13 жыл ішінде көрсеткен өнерінін аркасында алған жүлделерінің барлығы емес. Мысалы кейір енбектерде Қажымұқанның спорттық жетістіктері үшін көптеген бағалы сыйлықтар және медальдармен марапатталғаны айтылады. Өмірінің соңына карай ол 48 алтын және күміс медальдарды сактап қалған. Бірақ бұл санға 1910 жылға дейін ұткан, бірақ Түркиядагы, сондай-ақ Челябинскдегі цирк өрттерінде жанып кеткен жүлделері кірмейді [18, 336].

Өнер көрсеткен кезеңі тағы бір енбекте көрсетілген. Палуан Қажымұқан Мұнайтпасов 1905-1916 жылдары Еуропа және әлем біріншіліктері жарыстарында сан мәрте женіске жеткен [35].

Спорттық жекпе-жектер әлемінде барынша танымал мұсылман палуан, казак ұлтының өкілі Қажымұқан Мұнайтпасов. XX ғасырдағы Қазақстандағы

дene шынықтыру мен спорттың, онын ішінде грек-рим (француз) куресінін дамуы оның есімімен тығыз байланысты. Төңкеріске дейінгі кезеңде тек сол ғана халықаралық аренага қол жеткізіп, әлемнің көптеген елдерінің спорт ареналарында тек өзінің ғана емес, сонымен бірге туган халқының да атын шығарды [18, 266.].

2. Қазақ күресінің кенес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарындағы даму кезеңдері

Зерттеушілер атап өткендей [4, 5, 36, 37 және т.б.], төңкеріске дейінгі Ресейде кеңінен тараған орыс халқының ойындары мен көніл көтеру шараларын казактар орыстардан үйренте, атжарыс пен белдесіп күресу сиякты казак халқының ұлттық спорт түрлері орыс халқының да сүйікті көніл көтеру шараларына айналды.

Осылайша, казактың ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға көшілік халық жиналатын. Қазақ күресі өзінің қаралайымдылығы және кол жетімділігінің аркасында жергілікті халықтар арасында кеңінен тарады, сондықтан казак күресі бойынша сайыстар көптеген көрермендерді өзіне тартып тұратын.

Төңкеріске дейінгі Қазакстанда күрес және басқа да сайыс түрлері артүрлі салтанатты шаралардың ажырамас бөлігі болғандылығын көптеген зерттеушілер атап өтеді [6, 7, 8, 9 және т.б.]. Оған коса жастар арасында күрес арқылы сайысу аяқ астынан туындастырылған және күнделікті жағдайда балалар мен жастарға оздерінің қатарлас құрдастары мен коршілерімен сайысу барысында күш шамасын анықтайтын өлшем ретінде ұнайтын.

Көптеген тарих зерттеушілері [21, 22, 23, 38 және т.б.] Қазақстандағы білім беру саласындағы түбесейлі взгерістерді Кенес үкіметінің орнауымен байланыстырады, дәл осы кезеңдерде Қазақстанда түрлі оку орындарының ашылуы мен олардың санының арта түсінен көп көніл бөліне бастаған еди.

Азамат соғысы аяқталысымен халық агаралті органдары жекелеген оку орындарына дene шынықтыру және спорт пәнінен сабактар енгізе бастиады. Солардың ішінде дene тәрбиесі жүйесіне, ұлттық спорт түрлерінс, атап айтканда казак күресіне үлкен орын берілді. Қазақ халқының белбеуден ұстасатын күрес түрі ежелден-ак халықтың сүйікті сайыс түрі болып саналатын және өз уақытында казактардың негізгі спорт түрлерінің бірі ретінде қызмет етті. Бұл спорт түрі казак жауынгерлерінін құшін, ептілігін тәрбиелейтін, сайыс барысында қарсыласына карсы тұра алатын қасиеттерді қалыптастыратын жаттығудың маңызды элементі ретінде қарастырылды.

Зерттеушілер патшалық Ресейдің кезінде жергілікті халық өкілдерінің (казактардың) аз санды балаларына арналған оку орындарында дene тәрбиесі бойынша сабактар мүлде жүргізілмегендігін атап өтеді. Классикалық (халықаралық, олимпиадалық) спорт түрлері мен ойындары бойынша Қазақстанның солтүстік аймақтары мен Семейде пайда болған клубтар мен үйрімелер негізінен әскери элита, шенеуніктер мен байлар үшін (негізінен орыс тілділер үшін) ғана қызмет етті. Тек жана заман лебімен ғана (Кенес үкіметінің) дene шынықтыру және спортың халық үшін дамуы (жергілікті халық – казактар үшін де) республикадағы аса зор мемлекеттік дәрежедегі маңызды шаралардың біріне айналды [4, 22, 39, 40, 41, 42].

1919 жылы Орынбор, Орал, Семей және басқа да губернияларында оқындық орталықтарда алғашкы Жаппай білім беру органдары пайда болды. Жаппай білім беру органдарының басшылығымен жастарға әскери білім беру,

жекелеген спорт түрлерін дамыту мен отансу йіштікке тәрбиелеу, пролетарлық сана сезімін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді [42, 43]. Қазақстанның Жаппай білім беру органдары еңбекші халық арасында дene шынықтыру мен спортты дамытуға арналған жана үкіметтің саясатын жүргізуге көшті. «Халық спортына – пролетарлық гимнастикалық қоғамдарға жол берілсін!» ұраны – Кенес үкіметінің басты ұранына айналды [42, 43].

2.1 Бірінші кезең, 20-ғасырдың жынырмасыншы-отызыншы жылдары

1922 жылдан бастап кейір спорт үйімелері мен клубтарындағы дәрістердің ресми бағдарламасына казак ұлттық спорт түрлері, сонын ішінде Орынбор, Верный және Орда спорт ұжымдары қызметтінің арқасында казак күресі де енгізілді. «Қызыл жігіт» деген атпен құрылған комсомол ұжымының мүшелері гимнастика және ұлттық спорт түрлерімен шұғылданды [44].

Казакстандағы дene шынықтыру тарихының 1921 жыл мен 1932 жылдары аралығында дene шынықтыруды дамытуға арналған көптеген шаралар, жана ұйымдастырылған спорттық бірлестіктерге ауысу, дene шынықтыру мен спорт саласындағы арнайы қоғамдардың жұмыс істей бастауы, спортты дамыту мен халықаралық спорттық байланыстардың орынгүү, мамандар даярлау және т.б. шаралар іске асырылды [4, 9, 23, 42, 45, 46, 47, 48 және т.б.].

1924 жылдан бастап мектептерде міндепті пән ретінде «дene тарбиесі» пәні енгізілді, дегенмен мұғалім мамандардың жетіспеушілігі мектептердегі дene шынықтыру ісінің қалыптасуына өз кедергісін жасады дейді зерттеуші Б.М. Доскараев [22, 746.].

1926 жылы жоғары оку орындары ректорларының кенесінде «Жоғары оку орындарындағы дene шынықтыру туралы» шешім қабылданды. Онда студенттер арасында спорттық қозғалысты дамыту мен дene шынықтыру сабактарын бакылауга алу мәселелері сез болды. Дene шынықтыру сабактары барлық жоғары оку орындары мен техникумдарда еткізіле бастады. 1930-31 оку жылынан бастап университеттер мен институттарда дene шынықтыру кафедралары жұмыс істей бастады [4, 9, 23, 42, 45, 47].

Дene шынықтыру және спорт бойынша мамандар даярлау үшін тек жылдық оку курсы болды, 1932 жылдан бастап кана Қазак республикалық дene шынықтыру техникумы жұмыс істеді, 1934 жылдан бастап балалар спорт мектебі жұмыс істеді [45, 196.]. Қазак республикалық дene шынықтыру техникумында жұмыс істеу үшін дene шынықтыру бойынша орталық жоғары оку орындарын бітірген жоғары білікті мамандар шакырылған болатын [4, 44 б.].

Қазак күресі үшін аса маңыздысы 1927 жылы дene шынықтырушылар Кенесінің республикадағы ұлттық спорт түрлерін дамытуды макұлдауы болды. Республикадағы ұлттық спорт түрлерін анықтау мен оларды еткізу ережелерін нақтылау үшін арнайы дene шынықтыру кенесі құрылды [4, 23, 42, 47, 49].

Ұлттық спорт түрлерін мойындау мен оларды дene шынықтыру және спортпен шұғылдану катарына енгізу спортшылар санының едәуір арта түсүне себеп болды

1928 жылға дейін құрестің бірынғай ережелері болған жок. Сайыстар балуандардың салмағына қарамай-ак жүргізіле беретін, сондыктан кей сәттерде бәсекелесін құші мен ептілігінің артықшылығына қарай емес, салмак артықшылығына ие қарсылас та жене беретін. 1928 жылы ұлттық қазақ куресіне тән барлық ережелерден тұратын бірынғай ережелер жарық қөрді [5, 56.].

1928 жылы Петропавл қаласында I Бұқілқазақстандық спартакиада еткізілді, ол алғаш рет үлкен көлемдегі спорттық жарыстарды өткізуін тиімді тәжірибесінің негізін қалады [7, 8, 9, 42, 47].

1931 жылы дene шынықтыру және спорт ұжымдары алдына ұлттық дene шынықтыру мен спорт түрлерін ара қарай дамыту міндепті койылды, сол арқылы ұлттық спорт түрлері мен ойындарын жергілікті халықтарды кеңестік дene шынықтыру козғалысына жұмылдырудың маңызды құралына айналдыру барысында пайдалану, оларды классикалық (халықаралық және олимпиадалық) түрлермен тығыз байланыстыру көзделді.

Дene шынықтыру техникумымен қоса алғанда, осы жылдары (1932) Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының жынында дene тәрбиесі белімі, Семей мен Орал қалаларындағы педагогикалық техникумдарының дene шынықтыру белімі мен дene шынықтыру қызметкерлерін даярлау курстары жұмыс істеді [4, 42].

Казакстанға жұмыс істеуге Мәскеу және Ленинград дene шынықтыру институтын бітірген жогары білімді мамандар келе бастады.

1935 жылы Сәрсен Ибрағимұлы Бейсембінов П.Ф.Лесгафт атындағы Ленинград дene шынықтыру институтын бітірді. Көп ұзамай-ак Алматыға кайтып оралып, Қазақстандағы спорт козғалысын басқарды. Ол біздін республикамызда спорт пен дene шынықтыру ісін дамыту үшін алғашки қадамдар жасаған кездерде жұмыс істеді. Үлкен және кәсіби спорт туралы ол кездерде сез болуы да мүмкін емес еді. Кын кезеңдер еді, негізінен дene шынықтыру мен спорт ісіне құмартушылар өздерінің жүрек калауымен түрлі спорт түрлері бойынша секциялар жұмысын үйімдастыратын. Негізінен жаттығу жұмыстарын Алматы дene шынықтыру техникумының оқытушылары мен студенттері жүргізетін [50, 132 б.].

Ұлттық мамандарды даярлау бойынша жұмыстарды жаксартуга арналған арнайы шаралар кабылданды. «Арнайы оку орындарынан баска, олар спорт мектептерінде, женил атлетика мен гимнастика, классикалық пен ұлттық курес түрлері бойынша даярлықтан отті.» [4, 49 б.].

Казакстандағы дene шынықтыру мен спорттың дамуына және қазақтың ұлттық куресінің көң тарауына 20-30 жылдары Қажымұқан Мұнайтбасов үлкен ықпал етті.

Қажымұқан Кеңес үкіметі жылдарында цирк ареналарында жана да танылып келе жаткан сайыскерлермен (балуандармен және құш атлеттерімен) куресе жүріп, түрлі турнирлерде женіске жетті, көрермендер алдында құш кабілетін паш етті. Оның катысуымен цирк аренасында жана есімдер таныла бастады. Қажымұқанның үздік окушыларының бірі Василий Ярков еліміздің біріншілігіне арналған түрлі жарыстарда сәтті өнер көрсетіп жүрді [18, 26 б.].

Кеңес үкіметінің алғашкы жылдарында Қажымұқанның басшылығымен Орынбор мен Семей қалаларында күрес турнирлері еткізілетін цирктер құрылды деп жазады Г. Максимов [34]. Аздаған әртістер тобын жинап алғы алыс ауылдар мен кенттерді қошпелі цирк өнерімен таныстыруды. Жиналган каржы мектеп, аурухана және клуб құрылыштарын салуга жұмсалды [34].

Кенестік Қазақстанда Қажымұқан Мұнайтбасов өзінің бар күш-жігерін қөшпелі цирк жұмысын ұйымдастыруға жұмсады. Ол Петрозаводск, Фрунзе, Ташкент, Одесса, Пенза, Семей қалаларында өнер көрсетті. Петропавл, Омбы, Новосібір қалалары мен Алтай жеріндегі болды. Тарихи деректер бойынша Қажымұқан өз беделі арқылы бай-құлак атандып кеткен өз туыскандарын құтқарып алуға себеп болғандығы да қызықты жайттардың бірі. 30-жылдардағы «голошекіндік» ашаршылықтың қайғылы касіреті Қажымұқанды терен мұнға батырды, дегенмен ол өз жерлестерін қауіп-қатерден құтқаруға бар күшін салды [32].

Қажымұқан Мұнайтбасов (1871-1948) – танымал казақ балуаны, әлемнің бірнеше дүркін чемпионы. Қазіргі Ақмола облысының аумағында өмірге келген. Омбы, Мәскеу, Петербор, Париж, Лондон, Берлин қалаларында еткен кәсіби балуандардың сайыстарына қатысқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында өз ақшасына ұшақ сатып алғып, оны авиабөлімдердің біріне тарту еткен. Балуан «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Көптеген авторлар Қажымұқан Олимпиада чемпионы бола алар ма еді деген сұраққа жауап іздеумен әлекке түсіп жүр [24, 25]. Олимпиада ойындарының ережелеріне сәйкес, спорт түріне құмар адамдарға наға қатысуына болатын еді. Сондыктан сол кездің мықты кәсіби балуандардың, Қажымұқанды қоса алғанда, Олимпиада жарыстарына қатысуының мүмкіндігі жок еді, десек те еркін және грек-рим күресі (француз, классикалық) сол кездің өзінде-ақ Олимпиада ойындарының бағдарламасына ендірілген болатын.

1927 жылы Орынбор қаласында күрес бойынша жарыс еткізілді. Қажымұқан жарыс женимпазы болды. Жарыстан сон Қазақ Орталық Атқару Комитеті Қажымұқанға спорт саласы мен төңкеріс қозғалысына сінірген еңбегі үшін «Қазақ халқының Батыры» атағын беруге шешім қабылдады. Бұл оның өміріндегі құрметті де қуанышты сияпат болатын [18, 266.].

1927 жылы Қазақстанның спортың өмірінде ұлы қазақ спортшысы Қажымұқан Мұнайтбасовтың атымен байланысты елеулі оқиға болып отті. Қазақ Орталық Атқару Комитеті Қажымұқанға спорт саласы мен мәдени қозғалыска сінірген еңбегі үшін «Қазақ халқының Батыры» атағын беруге шешім шығарды [4, 516.; 51]. Республиканың түрлі салаларындағы көптеген тамаша бастамалар Қажымұқанның есімімен байланысты, сонын ішінде кәсіби казақ театрының құрылуы да [52]. Аса зор қуат пен рухани күш иесі бола жүріп, ол республиканың көптеген маңызды шараларына қатысқан [53].

Қажымұқан казақ халқының арасында дene шынықтыру мен спортын көнінен тарату бағытында аса зор жұмыстар аткарды, батырдың танымалдығы тұрғын халықтар арасында саяси және мәдени жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылды. Қазақ республикасының халық ағарту комиссариаты

Қажымұқанға Қазакстанның барлық аумағында өнер көрсету құқығын беретін арнайы күзіл табыс еткен еді [4, 526.; 42, 1076.].

Қажымұқанның есімімен казак халқының мәдени өмірінің тагы бір жаркын беті байланысты болды. Қазак балуанының манайына сол кездің талантты адамдары жиналды: әншілер, ақындар және сазгерлер. 1926 жылы республиканың сол кездегі астанасы Қызылорда каласында қазак халқының тарихында тұнғыш рет көсіби театр ашты. Онда Қажымұқанға ерекше маңызды рол жүктелді. Ертеңі кейіпкеріндегі баһадүрге және оның ауыр заттарды қозғалтатын күшіне байланысты өнеріне тәнті болған жүрт ағылған үстінен ағыла берді. Қажымұқанның тобы барған сайын халық арасынан шықкан жана таланттармен толыға түсті. Осылайша казак баһадүрі тағдырының салған жолымен республикадағы кәсіби өнерді туыннаткан істің басы-касында болды. Театрда кейіннен есімі елге танылған талай тарлан талант иелері ретінде тамаша әртістер мен әншілер өздерінің өнер жолын бастаған еді. Сол өнерпаздардың катарында 1927 жылы Париждегі халық шығармашылығы орындаушыларының әлемдік бәйгесінде жүлде алған әнші Ә. Қашаубаев, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, халық әртісі К. Куанышбаев, халықтың сұзырып салма ақыны И. Байзаков және т.б. болды [18, 266.].

Бірқатар жұмыстарда Қажымұқан Бүкілодактық сайыстарда топқа түсіп женіске жеткендігі туралы баяндалады. Қажымұқанның грек-рим күресінен Бүкілодактық жарыстарда женіске жеткендігі туралы ешкандай мәлімет жок, десек те авторлар [7] грек-рим (классикалық) күресі бойынша КСРО-ның бірінші чемпионаты 1924 жылы Киев каласында өткендігін атап көрсеткен, оған 16 команда катысқан. Ал 1929 жылы грек-рим күресі бойынша КСРО чемпионаты Бүкілодактық спартакиада бағдарламасы бойынша өткізілген. Осы жарыстарға Қазакстанның команданың катысқандығы, оған Қажымұқанның катысқандығы туралы ешбір куәландыратын мәліметтер жок [7].

Катыспаған болар, себебі грек-рим күресі туралы зерттеушілер баяндагандай [54], бұл күрес түрі Қазакстанда 1940-шы жылдардан бері ғана дамып келеді.

Дене шынықтыру және спортты дамыту барысында күрес және басқа спорт түрлерін жандандыруда Қажымұқан Мұнайтбасов айрықша рөл аткарды. Қоғтеген чемпионаттар мен жарыстар оның баставасымен өтетін, ол өз басының жеке үлгісімен жарықта катысуышыларды шабыттандыратын, оның катысуының өзі Қазакстанның қоғтеген калаларында күрестің дамуына үлкен илгі асерін тигізетін [23]. 1915 жылы Қажымұқан Троицк каласында еткен ірі күрес жарысының чемпиондығын женип алды [24], сол аркылы Қазакстанда халықаралық спорт түрлері бойынша үлкен спорттық жарыстарды ұйымдастырудың баставасына жол ашылды (1917 жылдың казан айына дейін) [24, 78, 79].

Күрес бойынша чемпионаттар мен атлеттердің үлкен тобы үшін цирк гастрольдерін ұйымдастыру мен көріністер көрсету үшін сол кездегі Қазакстан аумағындағы қалалардың кішірек болғандығын айта кету керек. Сондықтан, сез көбінесе Ресейдің Қазакстанға жакын шекаралас аумактарына орналасқан (Омбы, Орынбор және т.б.) қалалары жайлы болғандықтан, Қажымұқан

жерлестерінің сол жарыстарға қазіргі Қазақстан аумагы мен ауылдық жерлерден бара салуына женілдеу болатын, осы қалалардың манайында ол күнгө дейін өмір сүретін казақтардың шагын топтараты бар екенін де айта кетуге тиіспіз. Қажымұқанның балуандық шеберлігінің әсерімен ететін мерекелер мен салтанатты шаралардағы күрес сайысы қазақ балуандарының қазақ күресімен байланысты еді.

Қазақстандағы дene шынықтыру мен спортты дамыту бойынша зерттеулерде Ресейдің қазіргі Қазақстанға жақын шекаралас аумақтарына орналаскан қалаларында өткен оқигаларға талдау жасалынады. Мысалы А. Мұхаметжанов пен М. Тәникеевтің [55] зерттеу жұмыстарында 1921 жылы Орынбор қаласында жастардың спорт пен әскерге шакырылғандарды даярлайтын әскери-округтік курсының жұмыс істей бастағандығы туралы атап кеткен. 1922 жылдан бастап сол курстар дene шынықтыру нұсқаушыларының кемекшілері мектебі болып қайта құрылған. Осындай арнайы мектептің үйимдастырылуы Қазақстандағы алғашқы дene шынықтыру мамандарын даярлау ісіндегі манызды кезең болып табылады [55].

М. Тәникеев өзінің Қажымұқан туралы кітабында [56] Кеңестік Қазақстанда дene шынықтыру мен спортты дамытуға ат салыскандардың арасында танымал қазақ баһадүрі Қажымұқан өзінің айрықша белсенделігімен ерекшеленетін деп көрсетеді. Ол тонкеріс қозғалысының белсенді мүшесі, спорт және цирк онерінің, басқа да бұқаралық мәдениет түрлерінің кайраткері болды.

1931 жылы комсомол жастардың белсенді катысуымен Алматыда «ЕКД (ГТО)» кешені дайындалды және оның жинағы жарық көрді. Бұл жинақтың пайда болуы мектептердегі дene тәрбиесі козғалысын жандандыруға септігін тигізді және жастардың арасында кен тарап, мектептердің оку-спорттық және бұқаралық-спорттық жұмысын жақсартты. 1939 жылы КСРО үкіметінің қаулысымен кешеннің ережелері мен нормалары толықтырылды және бекітілді [4, 23, 42, 47].

1932 жылы ЕКД кешенінің алғашқы төсбелгілерін дene тәрбиесі мұғалімдері В.М. Зимин, М.М. Гуннер және Қазақ педагогикалық және ауылшаруашылық институттарының бір топ студенттері иеленді [4, 23, 42, 47].

1929-1932 жылдары салынған стадиондар мен ойын алаңдары жастардың дene тәрбиесімен айналысусы үшін қоپтеген колайлылыктар туғызды. Қазақстандағы дene тәрбиесінің әдістемелігі туралы жазылған А.Артыков пен А.Зайцевтің енбектерін көсіби және жалпы білім беретін мектептердің үстаздары көнінен пайдаланды [47].

1936 жылы Алматыда III Бүкілқазақстандық спартакиада болып етті, онда республиканың облыстарынан 500 ден астам спортшылар катысты. Спортшылар 7 спорт түрі бойынша сайыска түсті: футбол, баскетбол, велосипед, женіл атлетика, теннис пен қазақ күресі [4, 23, 42, 47].

М.Х. Болғамбаевтың пікірінше [49, 56.], Қазақстандағы қазақ күресі бойынша спорт жарыстары 1938 жылдардан бастау алады. Осы жылы республика астанасы Алматы қаласында бірінші республикалық колхозшылар

спартакиадасы өткізілді. Қазақ күресінен жарыстар үш салмақ санаты бойынша (65 кг, 76 және одан жоғары) өткізілді.

К. Байдосов атап откендей [57, 56.], қазақ күресі бойынша жарыстар Ұлы казан төңкерісіне дейін де, одан кейін де салмақ санаттарын ескермей-ак өткізіле беретін, соңдыктан да жарыска катысушылар арасында тепе-тәндіксіз жағдайлар қалыптасты. 30-жылдарға дейін күрес сайыскерлері еki салмақ санаты бойынша ғана – ауыр және женіл сайыска түсті. 1938 жылы өткізілген бірінші респубикалық колхозшылар спартакиадасында қазақ күресі бойынша жарыстар үш салмақ санаты бойынша (65 кг, 76 және одан жоғары) өткізілді [57].

Респубикалық ауыл жастары спартакиадасында Семей облысының өкілдері – Адасканов, Алтыбасаров және Тұменовтар женіске жетті [57].

М.Х. Болғамбаевтың пікірінше [49, 56.], 1939 жылы өткізілген республика біріншілігіндегі есте қалар жайттың бірі респубикалық біріншілікке катыспас бұрын облыстық біріншілік жарыстары өткізілді, оның женімпаздары респубикалық Қазақстан чемпионы атағын алу құқығына ие болды. Егер 1938 жылы Семей облысының өкілдері үш салмақ санаттары бойынша женіске жетсе, кейінгі ретте республика чемпионы атағын иеленгендер келесі жандар болды: Құрманбаев (Алматы облысы), Доскалиев (Батыс Қазақстан облысы) және Мусин (Павлодар облысы). Республиканың абсолютті чемпионы атағын тартысты айқаста Батыс Қазақстан облысының өкілі Доскалиев бар бәсекелестерін жене отырып, иеленді.

Дегенмен К. Байдосовтың зерттеуі бойынша [57, 56.], бұл 1939 жылы Семейде өткізілген қазақ күресі бойынша екінші чемпионат еді. Женімпаздар мәртебесін женіл салмақ бойынша Құрманбаев (Алматы облысы), орта салмакта Доскалиев (Батыс Қазақстан облысы), ауыр салмакта Мусин (Павлодар облысы) иеленді. Республиканың абсолютті чемпионы атағын Батыс Қазақстан облысының өкілі – Доскалиев иемденген [57, 56.]

2.2 Екінші кезең, қырқыншы-елуінші жылдары

1940 жылы бес салмақ санаты бойынша: женіл, орташа, жартылай ауыр салмақ, ауыр салмақ бойынша республика біріншілігі өткізілді. Салмақ санаттары бойынша республика чемпионы атағын алғандар: Байдәүлетов, Құрманбаев, Төлегенов, Мохманов, Жұмабаевтар [49, 56.]

1940 жылы үлкен спорттық жарыстар Қазақстан Советтік социалистік Республикасының 20 жылдығына арнап өткізілді. Қазақ күрес бойынша біріншілік үш салмақ санаттары бойынша: аса женіл, женіл, орташа салмакта өткізілді [57, 6 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында дene тәрбиесі ұйымдарының негізгі қарекеті Қенес Эскері катарына қажетті мығым, батыл және шынықкан жауынгерлерді дайындау міндеттеріне негізделді. Отанды корғауга бағытталған мұндай дайындық міндеттері Қазақстанның дene тәрбиесі ұйымдарының негізгі қызметі ретінде соғыстың сонына дейін күн тәртібінен алынған жок. Мысалы, Қазақ КСР ХКК жаңындағы Дене мәдениеті және спорт жөніндегі комитеті

бұйрықтарының бірінде «...Қазақстанның бірнеше мындық деңе тарбиесі армиясының өкілдері еліміздің шекарасын қоргауға дайын екендігін және өз әлеуетін танытуы керек» екендігі айтылған [47].

Дене тәрбиесіне қатысты жұмыс әскери кезең талаптарына сай қайта қалыптастырылды. Спорт үйымдары Қенес әскеріне резерв дайындаумен айналысадын Жалпы оку органдарымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Оған спорт кадрларын дайындау, жастар мен әскерге шакыру жасына дейінгілерге әскери-дene дайындығы шараларын жүргізу және спорттың әскери-колданбалы түрлері бойынша жарыстар өткізулер кірді [4].

Осылайша, екінші дүниежүзілік соғыс жылдары және бұдан кейінгі соғыс оты тұтану қауіпі орнаган кезеңде дene тәрбиесі үйымдары әскери-колданбалы спорт түрлері мен корғаныс-спорт кадрларын дайындау бойынша айтартықтай жетістіктерге жетті. Мектептер мен жоғарғы оку орындарындағы оқушылар және студенттермен дene тәрбиесі жұмысының мәні өзгертіліп, ол әскери дene дайындығы элементтері: кросс және жорыктар, шаңғымен жүгіру, нысана көздеу, коян-қолтық ұрыс пен жекпе-жек өнерлері элементтерін үйрену және жаттыгумен толыктырылды.

Оқушылар арасындағы әскери-дene, бастапқы және әскерге дейінгі дайындық шараларын жүргізу ісі әскери жетекшілер мен дene тәрбиесі пәннін оқытушыларына жүктелді [23, 1286].

Әрине, Ұлы Отан соғысы белгілі бір кезеңде спорттық-бұқаралық жұмыстың даму қарқынына кедергі келтіргенімен де, соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ спорт үйымдарының жұмысы ел корғанысы мен тұрғындарды әскери-дene шынықтыру жағынан дайындау бағытында жүргізілді. Спорттың корғаныстық түрлері бойынша кадрлар дайындау бойынша курстар ашылып, емдік дene тәрбиесі жөніндегі әдістер нұсқаушыларды дайындау ісі жолға койылды. Спортшылар арасынан әскери-оқыту пункттерінде жекпе-жек өнері, граната лактыру, откарудан нысана көздеу, әскери шаңғышыларды дайындау және т.б. спорт түрлері бойынша жауынгерлерге дәріс беретін нұсқаушылар таңдалының алынды.

Қазақстанның мындаған дene тәрбиесі үйымдарының өкілдері мен спортшылары тыл жұмыстарында және тікелей ұрыстарға қатысу барысында өзінің жан аяmas енбегі арқылы жауға карсы тұрудагы ортак іске өз үлестерін косты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында казак палуаны Қажымұқан Мұнайтпасов жанкешті әрекеті арқылы танылды.

Егде тартқан палуан 1940 жылы халық алдындағы өзінің көрсетілімдерін тоқтатып, құрметті демалыска шығуды көздең болатын. Бірақ, соғыс басталып, Қажымұқан ел аумагында Шапито циркін үйымдастыруды жүзеге асырып, көрмермендердің алдында өз өнерін көрсетуге бар күшін салды. Осы қойылымдардан түсken барлық қарожатты және өзінің жеке қаржысын 1944 жылы майдан үшін жана әскери ұшақ жасауға тапсырған. Оның халық алдындағы (Қажымұқан 50 жыл өмірін спорт пен цирк өнеріне арнаган) және соғыс жылдарындағы Отан алдындағы енбегін сараптай келе, қенес үкіметі 1945 жылы палуанды «Құрмет белгісі» орденімен марапаттады [18, 266.].

Озінін 1941 жылы 70 жасқа толғандығына карамастан, Қажымұқан соғыстың алғашқы үш жылында Қазакстанның онтүстік онірін арапап, күш иесі және палуан ретінде өз өнерін көрсетті. Өз естелігінде Б. Сейдахметов бала кезінде анасының «Қажымұқан машинаның қорабынан ұстап токтата алатын, және ол одан ары жүре алмайтын еді», – деген секілді азызга бергісіз оқигаларды айтып беретіндігін жазып калдырган [58], ал шешесінің ағасы – жазушы Қалқаман Әбдіқадыров сол кезеңде атақты жерлесі туралы «Қажымұқан» деген кітап жазған болатын [27]. 1944 жылы Қажымұқан өзінің көрсетілімдерінен түскен 100 мың сомды Женіс корына жіберген. Әскери-әуе күштерінің басшылығы бұл каржыға ұшақ жасатты, онын бір бүйіріне «Амангелді», ал екінші жағына «Қажы Мұқан» деп жазылған болатын [52].

Осылайша, Қажымұқан халқының есінде тек спорттағы женістері мен цирк өнеріндегі алапат күшімен гана емес, сонымен бірге өзінің жомарттығымен де калған. Төңкерістен кейінгі жылдарда өзінің барлық бағдарламаларынан түскен каржыны палуан ауруханалар мен мектептер салуға жұмысайтын еді. Қажымұқанның Ұлы Отан соғысы жылдарында ұшақ жасатуга жұз мың сом бергендігі және осы үшін Жогарғы Колбасшы Иосиф Сталиннен атынан құрметтеуге ие болғандығы да баршага аян мәселе [31].

1956 жылы Алматыда белгілі казакстаннық жазушы Н.Ановтың Қажымұқан туралы «Ән канаты» атты романы жарық көрді [60]. Ал 1959 жылы Алматы қаласында Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» атты деректі повесті шықса [61], 1964 жылы М. Танекеевтің осы аттас романы көшпілік ұсынылды [25]. Қажымұқан Л.Н. Мартыновтың «Воздушные фрегаты» атты кітабындағы бас кейіпкерлердің бірі болды (Москва, 1974) [62]. А. Бұркітбаевтың «Қажы-Мұқан» атты деректі повесті 1978 жылы жарыққа шыкты [29]. Палуанның 130-жылдық мерейтойы карсанында «Ордабасы» баспасы «Қажымұқан канагаты» атты іргелі тарихи-деректік баяндамалық жинакты басып шыгарды [63]. Кайта басылғандары да жеткілікті.

Өкінішке орай палуанның өмірінің соңғы жылдары (өмірінің сонында кішкене ауылда тұрып, 1948 жылы кайтыс болған, ол ауыл қазірде Оңтүстік Қазакстан облысы, Арыс ауданының Қажымұқан ауылы деп аталады) касіретке толы болған: үкімет тарапынан назардан тыс қалған палуан қунқоріс қамы мен жанұясын асырау үшін өзінің медальдарын сатуға барған. Өмірі касіретке толы жақын досы Иван Поддубныйды көріп кайтуға да рұксат берілмеген. Биліктін түсінігінше спортшылар шетелдерде болған кездерінде антикенестік уағыздарға бой алдыргандықтан кенестік жүйеге қауіп тондіретін адамдар катарына жаткызылған. ПХК (НКВД) спортшыларды патшага «қызымет» еткендері және тағы да басқа «қылмыстары» үшін кудалаған. 1937–1938 жылдар аралығында Қажымұқанға ПХК өкілдерінен Оңтүстік Қазақстан жерінде жасырынуға тұра келген. Еліміздің спорт және дene тәрbiесі тарихында ешпес із қалдырган атақты палуан Қажымұқанның өміrbаянында түбегейлі зерттелмеген актаңдактар бар. Қажымұқан Мұнайтласовтың акталағып, аты ел есіне оралуына мәдениет қайраткерлерінің зор еңбегі сінді [18].

Қажымұқанның 1937–1938 жылдардағы кудалауға тусуі мен өмірінің сонында кайыршылықпен касіретті өмір кешуіне оның төнкеріске дейінгі

кезенде ұзак уақыт бойы Азия, Америка және Еуропаның елдерін аралауы немесе «патшага қызымет ету» гана ықпал етпегендігін түсіне білу кажет. Бұл бір жағынан алғанда Кенес үкіметі мен оның құқық қорғау органдарының цирк әртісі және атлеттер мен палуандардың койылымдары мен түрлі концерттерді үйімдастыруши ретіндегі Қажымұқанның бауга деген алеуетіне карсы шаралары болды. Қажымұқанның белгілі бір кезеңдерде өз койылымдарынан түскен каржыны Қазакстанның мәдениетін, спорттын, мектептерін дамытуға, ал соғыс кезінде женіс жолына салған. Соган қарамастан, Қажымұқан өзінің осы экономикалық мүмкіндіктері арқылы билік органдарының құдігін туғызып, ел аумағындағы буржуазияның «элементі, идеологи және деддалы» ретінде қауіпті тұлғага айналды. Осы үшін картайғанда «жәбір» керді, әрине, өз кезінде ШХҚ Оңтүстік Қазакстан жерінде жасырынбаган болса, бұл жаза 1937–1938 жылдары жүзеге асқан болар еди.

Ұлы Отан соғысының женісті тойына арналып 1945 жылдың мамыр айында колхоз-совхоздарда, кен жайлauларда казакша күрестен жалпай жарыстар өткізді, – дег жазады К. Байдосов [57, 66.].

Ұлы женістен сон соғыс кезінде қираган ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жолында ауқымды жұмыс атқару қажеттілігі түрді. Елдің бар күш-жігері шаруашылықты қалпына келтіру және одан ары дамытуға жұмсалғанына қарамастан, дene тәрбие мен спорты дамытуға да үлкен назар аударыла бастады.

1941 жылы ұлттық және жаса басқа спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу жоспарланған болатын. Спортык шаралардың күнтізбелік жоспарын неміс-фашист басқыншыларының шабуылы бұзды. Ұлы Отан соғысы жылдары дene шынықтыру ұқымдары алдына нақты міндеттер койылды – батыл да төзімді жауынгерлер дайындау. Окушылар мен еңбекшілер арасында еңбек пен қорғаныска дайындау бойынша тәсбелігін алу бағытында жүргізілген жұмыстар жаксара түсті. Осы кезенде спортын қолданбалы түрлері бойынша жарыстар жүргізілді.

1943 жылы Алматыда Орта Азия мен Қазакстан республикаларының Спартакиадасы өткізіліп, онда казак күресі бойынша белдесулер көрсетілді [57, 56.].

1942 жылдың кысында әскери қолданбалы маңызға ие шаралар тұрткі болып, республикалық сырттай жарыстар өткізілді, ал 1943 жылдың жазында Орталық Азия мен Қазакстан республикаларының бірінші спартакиадасы өткізілді [4, 5, 9, 22, 23, 42, 45, 47, 49, 74, 78, 79, 80, 81, 82].

1944 жылы казак халқы азамат соғысының ардагері Амангелді Имановтың мерейтойын атап етті, ол казак ұлттық спорт түрлеріне құмар адам болатын. Батырдың ерлігін құрмет тұту үшін ұлттық спорт түрлері бойынша, сонын ішінде казак күресінен көпшілік спорт жарыстары өткізілді [49, 66.].

Соғыстың женіспен аяқталғанына арналып 1945 жылдың мамыр айында ұлттық жарыстар мен ойындар бойынша жалпай жарыстар, оның ішінде Қазакстанның колхоздары мен совхоздарында казакша күрестен жарыстар өткізілгендігі туралы М.Х. Болғамбаевтың жұмысында айтылған [49, 6 б.].

Соғыс аяқталмай тұрып-ак, 1944 жылы Қазақстанда спорт және дене тәрбиесі бойынша кадрлар дайындаудың жаңа кезеңі басталып кеткен болатын. КСРО халық комиссарлары көнесінік 1944 жылғы 14 нарашадагы қауылсы бойынша Алматы қаласында Қазақстан мен Орта Азиядеги дене тәрбиесі мамандығы бойынша алғашкы жоғарғы оку орны – Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты құрылды [55].

1945 жылы Алматыда дене тәрбиесі институты ашылды, деп жазады П.Ф. Матушак [50, 1336.], және маған – бұл кітап авторына, ол кездегі екінші курс студентіне жоғарғы курс студенттеріне күрес дәрістерін, ал кешкі уақытта күрес секциясында жаттыгулар жүргізу тапсырылды [50, 1336.]

П.Ф. Матушак өз өмірбаянында былай деп жазады [11, 28-306.]: дене тәрбиесі техникумына 1947 жылы түсken. Жаттықтыруыш Георгий Моисеевич Иофенін кол астында жаттықсан, ал 1948 жылы грек-рим күресі бойынша дене тәрбиесі техникумы мен институтының біріншілігінде (2 орын), өзінін алғашкы республика чемпионатында (3 орын), Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасында (2 орын) жетістікке жеткен. Нәтижесінде оған 2 спорт разрядын беріп, топ жаттықтыруышы ретінде тағайындаған. Кадрлар жетіспеушілігіне байланысты әрі жаттықтыруышы әрі палуан болған. Бір жағынан алғанда бұл жас оқушының педагогикалық және палуандық таланттың бағалау болатын, кейін өз естеліктерінде автор оған женіске жетууге бала кезінде өз қатарларымен бірге, өздері Сұндықбай ата деп атап кеткен аксақалдан алған алған казақша күрестің әдістері көп көмек жасағандығын мойындайды [11, 206.].

Техникумда оқып жүрген жылдары П.Ф. Матушак республика чемпионатын еki мәрте (1949-1950 жж.), ал үшінші рет студент болған сон ұтып алған. Ал екінші курста оқып жүрген кезінде ҚазДТИ ректорының бүйрығына сәйкес оқытушылар катарына бекітілді, ал кешкі уақытта Дене тәрбиесі институтының спорт клубы (СКИФ) құрамасын жаттықтырды [11, 316.].

Кафедрада жаттыгуларды жүргізуге байланысты ешкандай құжаттарды таппадым, – деп еске алады кейін П.Ф. Матушак [11, 316]. Сондыктan да, ол барлық құжаттарды өзі жасау барысында басқа спорт түрлерінің жоспарларын карай отырып, соларды өзінің күрес бойынша жоспарларының негізіне алған.

Осылайша, П.Ф. Матушактың естелігінен көріп отырғанымыздай, ол кезенде спорт түрлерінен білікті мамандар мен дәрістер откізуге кажетті әдістемелік құралдардың болмағандығын байқаймыз. Әрине, бұл жерде мәселе жалпы күрес туралы айтылғандықтан бұл жағдай казак күресіне де катысты болғандығын түсіну кажет. Бірақ жаттықтыруышылық талант, оқытушылық пен спорттық кайраткерлік оның бойына табигат берген касиет болатын. Жаттықтыру үрдісін үйімдастыру жағдайы дайындыққа катысты жасампаздық шешімдер мен лайыкты және тиімді әдістерді іздестіру қажеттігін талап етті. Бұл міндетті Петр Филипповичтің тиімді аткаруы кейінгі кезеңдегі Қазақстан палуандарының халықаралық дәрежедегі еркін және грек-рим күрестерінен жетістігінің іргетасы іспеттес болды.

Алғашында ҚазДТИ жаттықтырушысы ретінде, сосын республиканың грек-рим күресі құрамасының аға жаттықтырушысы, ал одан кейінгі кезеңде республиканың еркін күрес құрамасының бас балкері ретінде КСРО, Еуропа, Әлем біріншіліктерінің және Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін дайындал шыкты. Сонымен қатар, көптеген балкер кадрларды тәрбиеледі, ал олар болса өз кезегінде әлемдік деңгейдегі палуандарды: КСРО, Еуропа, Азия, Әлем біріншіліктерінің және Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін дайындағы. Сонымен бірге Петр Филипповичтің шыгармашылық таланты да айтартылғатай, өйткені, балкер 30-дан астам күрес туралы, Қазакстанның палуандары мен балкерлері туралы кітаптар және де баска да әдістемелік жинақтар мен оқулықтар жазып калдырыған. Ол енбектерінде өзінің грек-рим күресін палуандарды даярлау барысында да казак күресімен айналысу барысында алған тәжірибесінің көп комектескендігін атап отеді.

«Менін казак күреске назар салуым кездейсоктық емес, – деп жазады П.Ф. Матушак [11] Өзіміздің бала күніміздегі құмарлана күрессеніміз есіме түсетін. Ал кешкісін күндізгі ауыр жұмыстан соң аксакалдардың Қажымұкан Мұнайтпасов, Балуан Шолак, Иван Поддубный секілді батырлар туралы әңгімелерін құлак түре тындастынбыз. Ал кейір мереекелерде аталарымыз бен әкелеріміз ак белбеу тағынып ортаға шығатын. Сонын бір-бірін белбеуден үстап, жасы үлкеннің белгісі бойынша белдесуді бастап кететін. Сонын біз де, үлкендердің үлгісі бойынша өзара күрессетінбіз». Бұдан ары ол казак күресі әдістерін колданғандығымен қатар, бұл күреспен таныс палуандарды да іздестіре бастағандығын, осы күрес бойынша өтетін жарыстарға барып, жанадан көрген әдістерін белгілеп алып, оны палуаннан қайта көрсетуін сұрайтын. Өзі де кезегінде казак күресіне қатысты билетінін жалпы елге көрсетуден тартынбайтындығын жазған [11, 76.].

1945 жылы республиканың спорттық өмірі жандана бастады, бұл әрине өз кезегінде казактың ұлттық спорт өнерлеріне де ықпал етті. Спартакиада мен жеке дара және командалық жарыстар бағдарламасына міндетті түрде казак күресі кіргізілетін болды [57, 66.].

1945 жыл республиканың спорттық өмірінде казак ұлттық спорт түрлері бойынша жұмыстың кең ауқымда жүргізіле бастаған кезені болды. Республикалық спартакиада бағдарламаларына ұлттық өнер ретінде казак күресі кіргізілген болатын. Осылайша, казак күресі бойынша жарыс 1946 жылғы республикалық спартакиада аясында өткізілді [49, 66].

1947 жылы спорт және дene тәрбиесі бойынша республикалық және облыстық комитеттер ұлттық күрес түрін дамытуға қатысты шараларды жүзеге асырды, нәтижесінде казак күресі түрімен айналысадындардың саны екі есеге артты [57, 66.].

1946 жылы қантарда спорттық козғалыстың жетекшісі болып Х.М.Мұқаметжанов тағайындалады. Ол соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстандағы дene тәрбиесінің көрнекті жетекшісі және ұйымдастырушысы болды. Ол бұл қызметті 1951 жылға дейін аткарды. Осы уақыт аралығында

спортың көзғалысты ұйымдастыру, дene тәрбиесі мамандары мен құрама командалар спортшыларын дайындау бойынша көп жұмыс істелінді. 1951 жылдан 1971 жылға дейін Мұқаметжанов Қазак дene тәрбиесі институтының ректоры болды. 3000 астам түлектер Мұқаметжановты өз ұстазы ретінде құрметтеп, «Батырлар атасы» деп атайды [11, 1336].

1952 жылы Түркмения астанасы Ашхабад қаласында Қазақстан мен Орта Азия республикаларының кезекті спартакиадасы болып өтті. Спартакиада бағдарламасына ұлттық курес түрі бойынша жарыс кіргізілген болатын. Одактас республикалардағы бар барлық ұлттық курес түрлері бойынша жарыстар өткізбек максатында олардың арасынан бір ұлттық күресті таңдалап алу қажет деп шешілді. Бес бауырлас республиканың өзара ұлттық курес түрі бойынша жарыс тәртібінің негізіне казак күрестінің ережелері таңдалынып алынды, ойткені ол өзінің ережелері бойынша классикалық (халықаралық) курес түрлеріне барынша жакын болатын. Бұл жарыстағы белгіленген салмак дәрежелері сегізге жетті. Қазақстан тарапынан ұлттық курес бойынша спартакиада жүлдеделерін: женіл салмақта – Семей облысының түлегі Бабатыров; орташа салмақта – Клан Бакижанов; жартылай ауыр салмақта – карагандылық Селимбаев женіл алды. Бірак, бұл казакстандық палуандардың женісіне қарамастан командалық есеп бойынша I-ші орынды Өзбек КСР-і, II-ші орынды – Қазак КСР-і, ал III-ші орынды – Түркмен КСР-і иемденді [5, 19, 49, 57 және т.б.].

Қазақстан мен Орта Азия республикаларының II спартакиадасы корытындылары бойынша 1945 ж. республика Халық Комиссарларының Кеңесі өзінің «Еңбекшілердің дene тәрбиесін жақсарту және ұлттық спорт түрлерін дамыту шаралары туралы» қаулысы негізінде жарыска қатысушылар арасында қазак ұлт өкілдерінен бірде-бір спортшының болмағандығын атап өткен. Осыған сәйкес дene тәрбиесі мен спорт шараларына жергілікті ұлт өкілдерін барынша тарту қажеттілігі тапсырылған. Оның ішінде ұлттық спорт түрлерін дамытуға баса назар аудару қажеттілігі көрсетілген. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін Республикалық дene тәрбиесі комитетіне, Халық ағарту комиссариатына, Денсаулық сақтау Халық комиссариатына, КСРО FA Қазак филиалына және Қазақстан ЛКЖО ОК казак ұлттық спорт және ойын түрлеріне қатысты жарыс ережелерін жасау мен бекіту туралы ұсыныс жасалынды [4, 23, 42, 47]. Республика үкіметінің бұл тапсырмасы тек 1948 жылы жүзеге асырылды, ал сол жұмыс бойынша М. Гунер мен М. Рахимкуловтың 1949 жылы жарыкка шықкан енбегі [64] М. Таникеев пен Н. Копилович тарапынан елеулі кателері және бүрмалаушылығы бар жұмыс ретінде сынға ұшырады [65].

Колға алғынған шаралардың жүзеге асырылғандығына қарамастан окуышылардың дene тәрбиесіне қатысты қажеттіліктері жартылай орындалды. Сол жылдардағы ресми статистикалық мәліметтерге сай [47, 66, 67], 1947 жылы республика мектептерінде арнайы орта білімі бар 21 адамға болса, кыска мерзімді курстан өткен дene тәрбиесі оқытушылары бар-жығы 16%ға қамтыды. Ал қалған оқытушылардың 82% ешкандай білімі болған жок.

Согыстан кейінгі жылдарда республика чемпиондары мен рекордшылары арасында казак спортшылардың аты-жөндері жиі кездесе бастанды. Мысалы, тек

1948 жылы ғана қазақ жастары арасынан 2 спорт шебері және 100-ге тарта 1 және 2 дәрежелі спортшылар дайындалған болатын [68].

Зерттеушілер атап өткендегі [8, 11, 50, 54], грек-рим күресі (классикалық күрес) бойынша республикалық біріншілік тек 1948 жылдан, яғни 1948 жылғы Қазақстан бірінші чемпионатынан басталған болатын. Бұл спорт түрі Қазақстанда бұрыннан дамып келе жатқандығына карамастан [4, 23, 42].

Бұл жерде Қажымұқанның Ресейде, Еуропада және басқа да әлем елдерінде 1917 жылға дейін әртүрлі чемпионаттарда грек-рим (француз) күресі бойынша өнер көрсетуі, және де Қажымұқанның 20, 30, 40 жылдары Кеңестік Қазақстандағы койылымдары туралы сез болып отыр. «Егде» тартқан атлеттің (жасының шау тартуы Қажымұқанның қүшінін кемуіне ықпал еткен) бұндай койылымдарының максаты көрмермендер тарту болды, ейткені ондағы қойылымдар негізінен құштік көрсетілімдер болды. Әрине, олардың арасында палуандар белдесуі де болған, бірақ олардың кандай күрес түрінде: еркін, грек-рим немесе казақ күрес ережелері бойынша өткені белгісіз.

Зерттеушілердің пікірінше 20-30 жылдарда [8, 19], палуанның жасы 50-60 жас шамасында болған.

Қажымұқанның дене тәрбиесі мен спорты дамыту мен танымал ету, және де өз койылымдарындағы спортық күресті дамыту жолындағы аткарған ауқымды жұмысына өз бағасын беру кажет. Оның спорт үйірмелері мен клубтар, мектептер ашуға қараждат бөлуі, және де цирк өнері мен Қазақстанның басқа да мәдениет пен өнер түрлерін дамытудағы үйымдастырыган қызметі бар. Бір айта кететін жайт, 20-30 жылдардағы палуандар командаларын дайындау, аймактық және республикалық жарыстар өткізу, Қазақстан командасының немесе жеке палуанның грек-рим күресі бойынша жалпыодактық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер жок.

Тарихи мәліметтер-құжаттар, жарыстар хаттамасы, спартакиада, біріншіліктер мен чемпионаттар өткізу туралы және спорт үйірмелері мен клубтар үйымдастыру туралы есептертерге сәйкес, бұл кезеңде уақыт талабына сай спортық жарыстар үйымдастыруға қатысты Қазақстанда бір ғана күрес түрі карқынды дамыды, бұл – казақ күресі.

Оның үстінен Қажымұқан бала кезінен ержеткенге дейін (20 жас) казақ күресі жекпе-жектерінде дайындықтан өткен. Бұл Қажымұқан туралы қазақстандық авторлардың бәрінін дерлік сибектерінде көрсетілген [11, 18, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 36, 51, 53, 56, 58, 61, 69 және т.б.].

Сол шығармаларда оның қасіби француз күресінін (грек-рим) палуаны екені айтылады, бірақ Қажымұқанның ен алдымен палуан ретінде казақ күресімен ауызданғаны, Қазақстанда (әртүрлі басқосуларда) үйымдастырылған жарыстарда дайындықтан өткені туралы бірде-бір сез жок. Ал оның грек-рим күресінін ережелерімен күресуге кайта үйренуі, қасіби күрес пен цирк өнерінде биіктеге жету жолындағы әрекеті мәжбүрлі қажеттілік болды. Біздін зерттеулеріміз сүйеніп отырган бұл тұжырымға (1.1 тарауша) көптеген дәлелдер бар. Мысалы, Қажымұқанның казақ ұлттық күресіндегі шеберлігіне оның жарыс ережесі бойынша аяқ колдануға болатын күрес (еркін күрес, джиу-джитсу) түрлеріндегі айқын басымдылығы дәлел бола алады. Мұндай

жагдайларда ол грек-рим күресінің ережесі бойынша женіліп қалған палуандарынан айқын басымдылық көрсететін, сонымен бірге бұл күрес түрімен бастапқыдан айналысып келе жаткан палуандардан, яғни осы күрестің олар үшін негізгі спорт түрі және кәсіби қызметі екеніне қарамастан женіле коймайтын [18, 26, 29 және т.б.].

Әрине Қазақстаннан тыскары жерлерде және грек-рим стилінің палуандарымен кездескенде ол осы күрес түрінің ережелерімен өнер көрсетуге мажбур болды. Дегенмен Қазақстан калаларын аралаған өзінің Шапито циркінің турларында, кәсіби француз (грек-рим) күресі бойынша карсылас табылмағанда, ол қазак күресі ережесі бойынша, тік тұрған күйі лактыру арқылы жауырынды жерге тигізу өнерін көрсеттін.

Тіпті грек-рим және еркін күрес, сондай-ақ джиу-джитсу ережелері бойынша күресте де оның тік тұрып күресуді қалаганы, жекпе-жекті карсыласын тік тұрған күйі лактырумен аяқтауга ұмтылғанының айфактары жетіп артылады. [8, 18, 26, 29, 64 және т.б.]. Ал терттагандаған карсыласын артынан қаусыра құшактап, кайта лактыру үшін көтеріп алатын [18, 26].

Е. Алимхановтың мәліметтерінше [54], грек-рим күресі Қазақстанда 40-жылдардың басынан тарай бастады, ал ҚАЗИФК студенттері бұл күресті 1946 жылдан бастап үйрене бастады.

Грек-рим және еркін күрестен КСРО-ға енбегі сіңген жаттықтыруши П.Ф.Матушак былай деп еске алады [11]:

- «... маған республикадагы классикалық күрестің пайда болуының күзегері болу, құрама командаға өнер көрсету, сосын оның ага жаттықтыруышы болып қызмет ету бакыты бұйырды»;

грек-рим күресі Қазақстанда тек соғыстан кейінгі жылдары ғана қарқынды дами бастады [70];

мен Қазақ республикалық дene тәрбиесі техникумында, сосын Қазақ мемлекеттік дene тәрбиесі институтында оқыдым, сол кезде маған, екінші курс студенттіне студенттерге күрес бойынша дәріс өткізуді, ал кешкісін оқу-жаттығу сабактарын өткізуді жүктеді [50];

- Қазақстанның грек-рим күресі бойынша алғашкы чемпионы (1948 жылы)
– жекпе-жекті цирк сахнасында игерген балуан – Дмитрий Бедило болды [70].

1946-1951 жылдары Қазақстан спортшылары бокс және ат спорты бойынша ірі бүкілдактық жарыстардың женімпаздары мен жұлдегерлері атанды. Мысалы, М.Омаров, А.Үсенов секілді боксшылар жетістіктерге жетті, ал М.Омаров спорт шебері атағын иеленген тұнғыш казақ спортшысы. 1949 жылы республикада «Қазақ ұлттық спорт түрлерінің қысқаша жинағы» жарық көріп, бұл олардың ресми статусын бекіте түсті және одан ары дамуына септігін тигізді [47].

Спорт ұйымдарының қызметі барынша мазмұндала түсіп, қолға алынған спорт түрлерінің саны артты. Егер 1946 жылы республикада 22 спорт түрі болған болса, 1950 жылы олардың саны ұлттық спорт түрлерін қоспағанда 55 жетті.

1952 жылы тамызда Алматыда VI Бүкілқазақстандық спартакиада өтті. Оған 2000 астам спортшылар катысты, бұл ен жоғарғы көрсеткіш еди.

Спартакиаданың корытындысы бойынша республиканың үздік спортшылары дәстүрлі Қазақстан және Орталық Азия республикалары спартакиадасына катысып, жалпыкомандалық 2-орынды женил алды.

1954 жылы П.Ф. Матуштактын жетекшілігімен дene тарбиесі институтының (КазИФК) классикалық (грек-рим) стиль палуандар командасы ерекшелік ретінде ведомствааралық жарыска катыстырылып, командалық бірінші орынды женил алады [11].

Осыдан кейін П.Ф. Матуштак Қазақстан құрама командасының аға жаттықтырушысы болып тағайындалды, ол республика палуандарының керемет санлактарын дайындағы, олардың ішінде көптеген КСРО СШ, СЕСШ, ХДСШ, сондай-ақ әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы А.Колесов, КСРО және әлем чемпионы В. Анисимов, КСРО еңбегі сінген жаттықтырушысы В. Псарев және басқалары бар [11].

1955 жылы еркін күресті дамыту үшін және 1956 жылғы КСРО халықтарының I Спартакиадасына еркін күрестен құрама команданы тиімді дайындау үшін ҚазССР Спорткомитеті оны еркін күрестен Қазақстан құрама командасының аға жаттықтырушысы етіп тағайындейді.

Еркін күрес пен самбо 1950 жылдан, ал дзюдо 1960 жылдан Қазақстанға тарай бастады. «Дзюдоның Қазақстанда дамуының қайнар басында В.Сун, П.Малкин және басқа жаттықтырушылар тұрды» деп жазады Е. Алимханов [54, с. 13-16].

П. Матуштак-Қазақстандагы еркін күрестің негізін қалаушы. Оның бастамасымен Қазақ дene шынықтыру институтында өзі көп жыл менгерген күрес кафедрасы құрылды. Бұл кафедрада оның ұсынысымен грек-рим және еркін күрес, самбо мен казақ күресінен бапкерлерді мамандандырылған дайындау басталды [71].

Қазақстандагы еркін күрес спорттың дербес түрі ретінде 1955 жылдан бері дамып келеді. Еркін күрестің Қазақстанда танымалдығының тез артуы – оның казактың ұлттық күресі казақ күресімен байланысында. Еркін күрестің мәні мен сипаты ұлттық күреске көп үйлеседі, тәсілдерді орындау әдісінің ұқсас элементтері пайдаланылады деген П.Ф. Матуштак [71].

Жаттықтыруши мен ұйымдастырушылық таланты, грек-рим күресі бойынша жаттықтыру тәжірибесі және казақ күресі тәсілдерін білуі, ұлттық күрес түрінен кабілетті палуандарды іздеу және оларды еркін күреске бауулу өз нәтижесін берді. П.Ф.Матуштак жоктан бар жасап, бір жыл ішінде еркін күрестен мықты команда құрады және оны КСРО халықтарының I Спартакиадасына дайындағы, және де белгілі бір жетістікке жетті. Бірден үш палуан: Д.Ысқаев, К.Байдосов және В.Пугаев спартакиада палуандарының жүлделі алтылығына ілінді.

Қазақ күресінің техникалық жаракталу ерекшеліктері самбога, дзюдога, еркін және грек-рим күрестеріне көшірілді деп жазады П.Ф. Матуштак және Е. Мухиддинов [18]. Олар алдымен казақ күресімен айналысып, сосын бүкілодактық және халықаралық аландарда басқа спорттық күрес түрлерінен жоғарғы табистарға жеткендерден тәмендегі палуандарды атап етеді:

- К. Карамулин – ХДСШ, КСРО біріншілігінің жүлдегері, грек-рим күресі;

- А. Мотин – ХДСШ, теміржолшылар арасында әлем чемпионы, грек-рим күресі;
- С. Абдукаримов – КСРО біріншілігінің жүлдегері, еркін күрес;
- Ә. Айханов – ХДСШ, КСРО халықтары Спартакиадасының женімпазы, КСРО чемпионы, еркін күрес;
- А. Бұғыбаев – ХДСШ, КСРО Кубогының женімпазы, КСРО чемпионы, еркін күрес;
- Ж. Үшкемпіров – спортқа енбегі сінген шебер, КСРО чемпионы, әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының чемпионы, грек-рим күресі;
- К. Байшолаков – ХДСШ, КСРО чемпионы, әлем чемпионы, самбо күресі;
- А. Мұсабеков – ХДСШ, әлем Кубогының женімпазы, Еуропа чемпионатының жүлдегері, самбо күресі және баскалары.

Қазак ұлттық күресімен айналыса бастап, спорттық күрес түрлерінен жоғарғы нәтижелерге кол жеткізген бұл атлеттердің тізімі көптеген авторларда толықтырулармен және өзгертулермен кездеседі [5, 11, 18, 19, 49, 57, 70, 71, 72, 73 және т.б.].

Спорттың халықтық және ұлттық түрлері кеңестік деңе тәрбиесінің одан ары ғүлденуінің маңызды белгі гана емес, сонымен бірге біздің елде дамып жаткан көптеген спорт түрлеріне спортшылар корын дайындау көзі болып табылады. Ұған казактың спорттық күресі – казак күресі мысал бола алады. Кеңес Одагының чемпиондары, еркін күрестен халықаралық жарыстардың женімпаздары Амангелді Габсаттаров пен Әбілсейіт Айхановтың есімдері әлемге әйгілі деген К. Байдосов [57, 46.; 74].

К.Р. Байдосов, Е.М. Мұхиддинов, А.А. Жалмагамбетов [75] «Қазак күресі» деген оку құралында әлем назарын Қазакстанға аударған Қажымұқандарының есімдерін де халық жатқа біледі деп жазған: Аманкелді Габсаттаров, Әбілсейіт Айханов, Қабден Байдосов, Аманжол Бұғыбаев, Жаксылық Үшкемпіров, Ерген Қалдыбеков, Алмас Мұсабеков, Нұргали Оспанов ... айта берсек, тізім жалғаса бермек. Ұлдардың қай-қайсысы болмасын ауылда балалық шактан күресіп, күрес аліппесін қазак күреспен ашканы айқын.

М.Х. Болғамбаевтың пікірінше [5], 1948 жылғы тарихи шешімнің аркасында республикалық және облыстық комитеттер ұлттық спорт түрлерінің дамуына үлкен көніл беле бастады.

К.Р. Байдосов [57, 66.] К.Р. Байдосов, Е.М. Мұхиддинов, А.А. Жалмагамбетов [75, 66.] и М. Болғамбаев [5, 66.] және баскалары 1953-1954 жылдары өткізілген Республикалық жарыстарда айқындалған ұлттық казак күрестің төмендегідей заңдылықтарына көніл аударады

- казак күрес секцияларындағы сабактарға катысушылар көрсеткіштері спорттық күрестің басқа түрлеріндегі (грек-рим, еркін күрес) көрсеткіштермен дengейлес болып калды;

карысласты жену үшін қолданылатын күрестің тактикалық әдістері де классикалық (грек-рим) және еркін күрес тәсілдеріне жақын келе бастады.

Бұл жерде әрине, кейінгі уақыттарда Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген күрес түрлерінің тұракты дами бастауын (согыстан кейінгі жылдары грек-рим күресі және 1950 жылдан еркін күрес) және олардың

каркынды түрде жетекші орындарды иеленіл, Қазакстанға таралу бойынша алдыңғы орыннан казак күресті ығыстыра бастаганың ескеруіміз кажет Таяу уақытка дейін Қазақстан территориясында таралған жалғыз күрес түрі саналып келген казак күрес, тұргындарды, айналысатын жастарды қамту жағынан және көпке таралғандығы тарарапынан ен алдымен грек-рим күресіне, сосын еркін күреске де жол бере бастады. Спорттық күрестін жекпе-жекті өткізу және женіске жету жолындағы басты талаптары бойынша тактикасы—барлау, жасырыну, әдісті дайындау, алдамшы әрекеттер, әдістер жиынтығы, бұғау, калжырату, күшке салу немесе техникалық ұтымдылық және басқалары, спорттық күрес түрлерінде үқсас және осы спорт түрі мен жарыстар ережесінің даму денгейін сипаттайтыды.

М.Т. Тәнекеев [4, 376.] бұл, 1928 жылы түрлі спорттық оқиғалар өткен деп жазған «История физической культуры в Казахской ССР» тақырыбындағы жұмысында: ұлттық спорт және «классикалық» спорт түрлерінен қөптеген жарыстар өткізуімен қатар Республикалық дene шынықтырудың жоғары кенесі казак күресінің спорттық жарыстарына бірынгай ереже бекітті деп жазады.

Бірынгай ереже негізінде ұлттық күрес бойынша жарыстар өткізу үшін, 1928 жылы республикалық Денешынықтырудың жоғарғы кенесі казак күресі жарыстарының ережелерін алғаш бекіткен кезден бері жетілдіріле түсті. Оларға уақыт талабына сай және спорттық күрес түрлерінің дамуына байланысты белгілі өзгерістер сіңгізді—салмақтық категориялар санының артуы, техникалық әрекеттердің бағалануы, жекпе-жек мерзімінің қыскартылуы, женимпазды тек таза жениспен ғана емес, сонымен бірге ұлай санымен анықтау және т.б.

Е. Әлімханов [8, 32 б.] «Қазақтың балуандық өнері» тақырыбына жазған оку құралында күрес ережелері ел арасында ауызша тарап, онын негізгі шарттарын балуандар талассыз мойындаған, бірак арасында бар айырмашылықтарды алдын ала озара келісім бойынша белгілеп қабылданған деп келтірғен. XX ғасырдың 20-жылдарына дейін қазак күресте салмақ дәрежесі мен жас мөлшеріне қарай болу болмаган. «1928 жылы Петропавл каласында қазак күрестен өткізілген жарыста салмақ және жас мөлшеріне белінген алғашқы ереже қабылданды» [8, 32 б.].

1928 жылға дейін қазак күресінін бірынгай ережесі болған жок. Жарыска түсетіндердің салмағы да ескерілмеді. Сондықтан палуандар жарысына көбінесе салмағы жоғары батырлар катысады. Біріктіретін ереже болмандықтан, жарыс жергілікті жерде қабылданған немесе келісім-шартқа сәйкестендірілген ереже бойынша өткізіледі. Осы жылы қазак күресіне тән бүкіл әдіс, тәсілдерін қамтыған бірынгай ереже жарияланды [5, 6 б.].

1938 жылы қазак күрестің балуандарына үш салмақ дәрежелері бойынша жарыс өткізілді (бірінші республикалық колхозшылар спартакиадасында), 1940 жылы — бес салмақ дәрежелері бойынша жарыс өткізілді (республика біріншілігі), 1952 жылдарынан бастап балуандар сегіз салмақ дәрежесіне белінді [5, 8, 49, 57, 75, 74 және т.б.].

М. Гуннер мен М.Рақымқұлов [64] казактың ұлттық ойындарын жеті толттарға бөледі: жалпы ойындар, карсыласу мен күрес сипатындағы ойындар, ашық алаңқайдагы ойындар, қыс мезгіліндегі ойындар, демалыс ойындары, ат үстіндегі ойындар, аттракциондық-көрініс ойындары. Осы енбекте казак күресі, ат спорты, тогызқұмалак сиякты ойындарды өткізу ережелері берілген [8].

1949 жылы М. Гуннер және М. Рақымқұловтың «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» деген жұмысында баска ұлттық спорт түрлерімен бірге казак күресіне де жазылған жарыс ережесі бар. Күрес ережесі бойынша ересектер арасындағы жарыска тек 18 жасқа толған балуандар жіберіледі [64].

Е. Мұхиддинов [76] 1955 жылы казак күресі бойынша жеке ереже жарыкка шыкты деп жазған. Бұл алғашқы казак күресінің жарыс ережесі туралы жеке кітапшаны Мұзафар Рақымқұлов жазып шыгарған.

К. Байдосовтың жазуынша [57, 66.] 1955 жыл казак күресінің дамуында айрықша жыл болды, біріншіден, косымша салмак дәрежелері енгізіліп, олардың саны сегізге жетті, екіншіден республикалық спорт комитеті бекіткен казак күресі бойынша жарыстар өткізуге арналған ережелер жинағы шыгарылды. Жеке кітапша болып шықкан бұл ережелердің авторы – казак күресінің жана шығарылған жаңа насиҳаттаушысы М. Рақымқұлов болатын.

Казак күресі бойынша жарыс өткізудің ережелері мен ұйымдастыру жағдайларына катысты жан-жакты жазылған М. Рақымқұловтың «Қазак күресі» [77], (қайта басылған) атты еңбегі туралы көптеген зерттеушілер оның ұлттық күрес түрі – казак күресі бойынша жарыстар ұйымдастыру мен белдесулерге төрешілік жүргізуге арналған әдістерді саралап жазған казак күресі бойынша алғашқы әдістемелік құрал ретінде қарастырады [5, 18, 19, 57, 74, 75].

Қазак халқының әр аймакта күресу тәртіпперінің айырмашылығын күресу киімін де белгілеуге болады. Мысалы, зерттеушілер [19, 57 және т.б.] қазіргі еркін күреске ұқсас кеуде жалаңаш белбеуіз күресу түрін, шапан киіп белбеу буынып күресу түрін, белбеуді жалаңаш кеудеге буынып күресу түрін, күртеше киіп күресу түрін, жалаң аяқ және отырып (төрттаганда) күресу түрлеріне бөледі. Қазак күресінің даму кезеңдері бойынша кеңес дәүіріне тарихи шолу жасасақ, бұл күрес түрінен 1928 ж [8, 326.] және 1936 ж. [47] бірінші және үшінші Бүкілқазакстандық спартакиадаларында жарыстар өтті, ал 1938 жылы бірінші республикалық колхозшылар спартакиадасында жарыстар өтті [49 және т.б.].

Сайып келгенде, кенестік Қазакстанда спорттық күрестің халықаралық (самбо) және олимпиадалық (дзюдо, грек-рим және еркін күресі) түрлері казак күресінен ғөрі бірнеше он жылдыққа кешігіп, дами бастады (1 кесте).

Грек-рим (кәсіби француз) күресінің тек бір өкілі гана 20, 30 және 40-шы жылдарда Қазакстан және Орта Азияның аумағында күшін, өз енерін белсенді түрде көрсетті, ол Қажымұқан Мұнайтпасов. Бірақ, ен алдымен, казак күресі өкілі болғандықтан, карсыласының жауырының тигізіп бірінші лактырганға дейін казак күресі бойынша ұстасуларға шықкан. Балалық шағынан қазактың ұлттық күресінен жекпе-жектерге жиі катысады Қажымұқан Мұнайтпасов кәсіби француз күресі мен казак күресінің жаркын өкілі болып табылады.

Кесте I – Әлемде және Қазақстанда спорттық күрестің дамуы

| Күрестің түрі | Әлемде дамуы | Олимпиадалық ойындарының бағдарламасында | Қазақстанда дамуы |
|--|--|---|---|
| грек-рим күресі (француз, классикалық күрес) | 19 ғасырдың 90-шы жылдарында Францияда катты дамыды және Еуропада таралды, сонын ішінде Ресейде | Бірінші Олимпиададан 1896 ж. бастап | 1940 ж. басы, Федерацияның негізі 1946 ж. қаланды |
| еркін күрес | 1904 ж. бастап АҚШ, Еуропада 20-30 ж. | 1904 ж. бастап | 1950 ж. басы, Федерацияның негізі 1955 ж. қаланды |
| самбо | КСРО-да 1938 ж. мемлекеттік тұрғыда танылды, А.А. Харлампиев 1949 ж. колайлы спорттық нысанға айналдырыды, 1966 ж. бастап күрестің халыкаралық түрі болып есептеледі | енгізілмеген | 1950 ж. басы Федерацияның негізі 1955 ж. қаланды |
| дзюдо | 1882-1884 жж. Жапонияда, 1920-1933 жж. Кенестік Ресей аумағында дамуы, бірақ тыйым салынды, дүниежүзілік бірінші біріншілік 1956 ж. өтті, КСРО-да 60 жылдары кайтадан дамыды | 1959 ж. бастап, XVIII жазғы Олимпиадалық ойындар 1964 ж. (Токио к., Жапон.) | 1960 ж. басы |

Ресей мен Еуропада өткізілген француз күресінен бірнеше кәсіби біріншілікті, сонымен катар еркін күрестен де біріншіліктерді ұтты. 1927 жылы (Қазак АКСР ОАК) оған спортқа сінірген еңбегі үшін «Қазақ халқының батыры» күрметті атағын берді.

Қазақстан мен Орта Азияның Кенестік республикаларында соғыстан кейінгі жылдарда спорт козғалысын дамыту және тұрғындар мен жастардың дene тәрбиесі мен спорт түрлерімен жаппай айналысуын қамтамасыз ету үшін спорттық базаны кеңейту, жана спорт кешендерін салу және бұрындары корда болған кешендерді калпына келтіру кажет болатын. Сонымен катар, спорттық

қурал-жабдықтар өндірісін жолға койып, спорт үйірмелерін, ұйымдар мен мектептерінің жұмыстарын қалпына келтіру керек еді. Бұл шарапарды тиімді жүзеге асыру мақсатында осы кезеңде дене тәрбиесі мен спорты дамыту жоспарлары республиканың жалпы халықшаруашылық жоспарларының құрамына енгізілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан мен Орта Азия республикаларының спартакиадасын ұдайы өткізіп тұру дәстүрі қалпына келтірілді. 1934–1957 жылдар аралығы мерзімде тогыз спартакиада өткізілді. Бұл жарыстар барысында Қазақстан командасы екі мәрте, II, VI спартакиадаларда бірінші орынды иемденсе, қалғандарының барлығында үнемі екінші орынды алғып отырды [47, 83, 84, 85, 86].

Қазақстан Халық комиссарлар кенесі (ХКК) жергілікті халық ішінен кадрлар дайындау, дене тәрбиесі мен спортқа қазақ жастарын тарту мәселесіне қатысты спортың ұйымдар мен білім беру мекемелерінің жұмысына ұдайы назар аударып отырған. Үкімет каулыларының бірінде (Қазақ КСР ХКК 15 мамыр 1944 ж.) спорт козғалыстарын нығайту, кадрлар дайындау мәселесін шешу сұраптарына үлкен назар аударылған.

Соғыстан кейінгі жылдарда спорт пен дене тәрбиесі бойынша кадрлар дайындау мәселесінде біршама алға жылжушылық орын алды. Біріншіден бұл мамандарға деген қажеттілікten туындалы, өйткені ел беделін көтеру үшін Олимпиадалық ойындарға, әлемдік және құрлықтық біріншіліктер секілді халықаралық жарыстарға қатысатын жоғарғы дәрежелі спортшыларды дайындауга қатысты спорт пен дене тәрбиесін дамыту сұранысы пайда болған еді. Сонымен бірге Қазақстанда дене тәрбиесі институтының ашылуы, дене тәрбиесі техникумы және де Қазақстанның жоғарғы және орта педагогикалық оку орындарының дене тәрбиесі факультеттері мен бөлімдері кадр дайындау мәселесін жетістікті орындан отырды (2 кесте).

Кесте 2 – Қазақстанда 1935–1957 жж. мамандығы бойынша жұмыс істейтін дене тәрбиесі мен спорт бойынша дипломы бар мамандар санының есу карқыны [47]

| Жылдар | Жалпы қызыметкерлер | Дипломы бар мамандар | | |
|--------|---------------------|----------------------|----------------------|-------------------------------|
| | | жоғарғы білімділері | Орташа білімі барлар | жалпы қызыметкерлер санының % |
| 1935 | 245 | 6 | 25 | 12,2 |
| 1940 | 811 | 51 | 75 | 15,5 |
| 1948 | 2857 | 92 | 176 | 9,3 |
| 1957 | 4587 | 667 | 1071 | 37,8 |

Бірақ, ұлттық спорт түрлеріне байланысты мамандарды дайындайтын оку орындарының болмауына байланысты, ұлттық спорт түрлерімен айналысадын спортшылар (онын ішіне қазақ күресі де кіреді) «Дене тәрбиесі және спорт»

мамандығы бойынша білім алулары үшін басқа спорт түрлеріне арналған жоғарғы оқу орындары мен техникумдарға түсіп, оқуга мәжбур болды.

Бұл кезеңде Кенес спортшылары өз елін Олимпиада ойындары, әлемдік және Еуропалық чемпионаттарда жоғары дәрежеде көрсетулері үшін олимпиадалық спорт түрлеріне баса назар аударыла бастаған болатын.

1959 жылы өткен КСРО халықтарының Екінші спартакиадасында Қазақстан спортшылары жалпыкомандалық 11-орынды иеленді. Қазақстанның баскетбол, ескек есу, ат спорты, ауыр атлетика бойынша барынша сәтті өнер көрсетті. Женілаттеттер де жақсы нәтижелер көрсетіп, спартакиадада 9 республикалық рекордты жаңартты.

Дзюдоның төңкерістен кейінгі жылдарда Кеңестік Ресейдегі дамуын В.Ощепковтың басшылығымен Владивостокта, Новосибирске және Мәскеуде зерттей бастаған. В. Ощепков ол кезеңде Жапониядағы Кодокан дзюдоны 1913 жылы аяқтаған жалғыз шетелдік болатын. Бірақ, 30-шы жылдарда Ощепков жаланың негізінде репрессияға ұшырап, артынан атылған. Осыдан кейін дзюдо ұзак мерзімге «кенес мұраттарына бөтөн» жекпе-жек түрі ретінде тиым салынуға ұшырады [17].

Дзюдоны ұмытуға бүйрек беріліп, құқық корғау орындары қызметкерлеріне джиу-джитсу оқытыла бастады [87], орталықтағы оқу ісін В. Спиридовон баскарды [17].

В. Ощепковтың өлімінен соң оның шәкірттері мен жактастары өздерінің дзюдоны насиҳаттауарынан бас тартпай, салынған тиымды айналып ету үшін дзюдодан алған білімдерін колдана отырып жана құрес түрін ойлап талты. Дзюдога басқа құрес түрлерінің техникасы мен әдістері енгізілді және жарыстардың ережелері ауыстырылды. Жаңа құрес түрі алғашқыда еркін құрес, ал кейін самбо деп аталды [88]. Самбо құресінің негізінде КСРО халықтарының ұлттық құрестерінің әдістері мен тәсілдері де кірді [10, 17].

Тагы бір айта кететін жайт, 19 гасырдың аяғында Дзигоро Кано басшылығындагы дзюдо мектебі негізіндегі Жапониядағы қурестін жаңа (спортық) түрінің кайта жаңанды, осыған байланысты туындаған дзюдо мен джиу-джитсу арасындагы өзара бәсекелестік дзюдо жеңісімен аяқталды. Кано шәкірттері джиу-джитсудың әртурлі мектептерінің екілдерімен болған жекпе-жектерде жеңіске жетіп, дзюдоның дене тәрбиесі мен әскери дайындыққа, денсаулыққа және де жас үрпактың дене-психологиялық сапаларын нығайтуға жарамды екендігін дәлелдеді.

Ал КСРО-да көрісінше, дзюдога тиым салу мен оған бой ұсынбай бұл жекпе-жек түріне өз шәкірттерін үйретіп, дзюдо бойынша жарыс үйімдастырган В. Ощепковтың жазалануынан соң, джиу-джитсу жеңіске жеткен болатын [89].

Алғашында самбо әскерилер мен құқық корғау органдары қызметкерлерін дайындау максатында жасалынғандыктан, оның негізінде колмен және аяқпен соккылар жасау қурестін әдістерімен катар колданылатын. Сонымен катар, оқу барысында карулы қарсыластан корғану әдістері мен коян-колтық ұрыстың тәсілдері де үйретіletін.

Кейбір авторлардың мәлімдеуінше [17], 1939 жылы өткізілген бірнеше ресми жарыстар негізінен күштік құрылымдардың командалары арасындағы джиу-джиутсу немесе коян-котық ұрыс түрінен өткізілген өзара кездесу секілді болған еді.

Балалар, окушы жастар мен студенттерді спорт түріне машықтандыруға колайлы түпкілікті спорт түріндегі самбоны А.А. Харлампиев [10] тек 1949 жылы ғана жүйелен болған еді. Шын мәнінде, самбоның құрамынан оның бір белігі спорттық құрес түріндегі самбо белініп алынған болатын. А.А. Харлампиев спорттық самбо құрамында өзін-өзі қорғау белімін жеке шыгарған болатын. Ал ұрыстық самбо немесе казірде коян-котық ұрыс деп аталынып жүрген белгін құқық қорғау органдары қызметкерлерін дайындау үшін калдырыды.

Осыған байланысты 1950 жылы КСРО территориясында жылдам таралып, Казакстанның окушылары мен студенттері арасында таныла бастады.

КСРО территориясында дзюдоның кайта тарада бастауы 1959 жылға сәйкес келеді, өйткені Халықаралық олимпиадалық комитеттің (ХОК) 1959 жылы Олимпиада ойындарының бағдарламасына дзюдоны енгізу туралы шешімі шықкан болатын. Дзюодан 1960 жылы XVII жаздық Олимпиада ойындарында көрнекі жарыстар өткізілсе, Токиодагы 1964 жылғы XVIII жаздық Олимпиада ойындарында дзюодан алғашкы жарыстар өтті.

КСРО құрама командасын дзюдо бойынша толықтыру және оны Токиода өтетін 1964 жылғы XVIII жаздық Олимпиада ойындарына дайындау қажеттілігіне орай, халықаралық жарыстарда лайыкты ойын көрсетіп, медальдар жәніп алатын талантты және күшті палуандарды іздестіру шаралары жүзеге асырылды. Дзюдо құрамасы негізінен бұрынғы самбошылардан тұрды, өйткені ол ережелері жағынан дзюдо жарыстарының қызметтіне ен жақын құрес түрі болатын. Бірақ, осы жинастыру шарасының ауқымында КСРО халықтарының спорттық құрестерінің ұлттық түрлері екілдерінің күшжігерлері мен мүмкіндіктерін қарастыру да орын алған еді.

Мысалы, 1959 жылғы Мәскеуде өткен КСРО халықтарының екінші спартакиадасында ұлттық құрес түрлері бойынша көрнекі жарыстар өткізіліген болатын. Бұл казак ұлттық құресіне қатысты бар казақстандық мамандардың жұмыстарында көрсетілген [5, 19, 49, 57, 74, 90].

Олардың пікірінше, 1959 жылғы Мәскеудегі КСРО халықтарының екінші спартакиадасы кезінде өткен Ұлттық құрес түрлері бойынша бапкерлер мен спортшылардың бүкілодактық семинары кезінде казак құресіне жоғарғы баға берілуі мен жарыстар өткізу ережелерінің жасалынуы, казак құресінін даму тарихындағы маңызды окига болды. Оған одактас және автономдық республикалардың 20 астам екілдері қатысты. Семинар барысында казак құрестін, грузин чидаобасы мен молдаван триньтасы бойынша ережелер жоғарғы бағага не болды. Ұлттық құрес түрлері бойынша жүргізілген көрсетпе жарыста Қазақстан чемпиондары, карагандылық Татиев пен Абжанов енер көрсетіп, олардың белдесуі көрермендер мен құрес мамандарының қоңілінен шықты [5, 19, 49, 57, 74].

Сол жылдарда бүкілодақтық немесе халықаралық жарыстарда самбодан немесе дзюодан жетістіктерге жеткен көптеген спортшылар өздерінің спорттық белестерін ұлттық күрес түрлерінен, яғни грузин чидаобасынан, казак күресінен немесе КСРО халықтарының баска да ұлттық күрес түрлерінен бастаган болатын. Олар спорттық күрес түрлеріне (тек самбо мен дзюдо гана емес, сонымен катар еркін және грек-рим күрестеріне) жекпе-жек жүргізудің ұлттық күрес үлгілері мен тек сол күрес түріне гана тиесілі тәсілдерін алып келді. Мысалы, кеңестік палуандардың грузин чидаобасынан алған «карсылас аяғын өз аяғынмен орап», одан кейін иіліп (артқа) немесе қаусыра құшақтан (алдыға) лактыру әдісі шетелдік спортшылар үшін өте ұлкен колайсыздық тудырды. Ал казак ұлттық күресінен «жамбас» әдісінің орындалуының түрлі тәсілдері мен аякпен лактыру әдістері алынды.

Оку орындарында казак күресі бойынша мамандарды дайындайтын белімдердің болмаганына қарамастан, казак күресі бойынша бапкерлердің ұдайы откізіліп тұратын семинарлары жаттықтыруши кадрларды дайындауга, олардың біліктілігін артуы мен әртүрлі жастағы палуандарға қатысты қосіби деңгейінің артуына көп ықпалын тигізді. Республикалық және баска да жарыстардың өткізіліп тұруымен катар, жарыс және төрешілік ережелері қарастырылатын бапкерлер мен төрешілердің кеңестері мен жиналыстарын жүргізіп тұру әдетке айналды.

Бұл кезеңдерде атакты казак палуандары Салимбаев, Бекежанов, Татиев (Карағанды), Садвокасов (Семей облысы), Бишаров (Алматы), Доскалиев (Батыс Қазақстан облысы), Кульжанов (Талдыкорған облысы), Дукеев (Костанай облысы), бапкерлер Рақымқұлов, Акенов, Карпец, Ильматов қазак күресінің техникасы мен тактикасын жетілдіруге, казак ұлттық күресінің дамуы мен насихатталуына ұлкен үлес кости деп жазады К. Байдосов [57, 66].

Қазақстан дene тәрбиесі және спорты саласы мамандарының (оку орындары мен спорт үйімдary) казак ұлттық спорт түрлері бойынша жарыққа шықкан ғылыми және әдістемелік енбектері арасынан М. Гүннердің «Сборник казахских национальных игр и развлечений» атты 1938 жылы шықкан енбегін жеке алып карауға болады [91]. Кітапта «аксүйек», «алтыбақан», «соқыртеке», «тартыс» пен ат спортына қатысты – «аударыспак», «ат орын алмастыру» және тағы да баска 37 ұлттық ойын түрі сипатталып, өткізуле ережелері талданылған.

1949 жылы М. Гүннер мен М. Рақымқұлов авторлығы негізінде «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты енбек жарық көрді [64]. Кітапта орталық органдардың (Қаз КСР ХКК) талаптарына сай, казак ұлттық спорт түрлерінің сипаттамасымен катар, жарыстар өткізу ережелері, оның ішінде казак күресі бойынша жарыс өткізу ережелері жасалынған болатын.

Бірак, бұл жұмыс М. Таникеев пен Н. Копелович тарапынан «Казахстанская правда» газетіне шықкан «Неправильное поучение» атты макала негізінде казактың кейбір ойындары мен жарыстарын өткізу және оларға төрешілік жасаудағы кейбір көтөліктер мен бүрмалаушылықтардың орын алуына қатысты сынга ұшыраған болатын [65].

1955–57 жылдарда қазак күресі бойынша жарыстар ережелері сипатталған, оның ішінде жарыстар өткізу мен оны ұйымдастыру, төршелік ережелері, жарыска катысушылардың құрамы, салмак дәрежелері және де тағы басқа мәселелері жан-жакты қарастырылған М. Ракымқұловтың әдістемелік енбегі бірнеше рет басылып шыгарылған. Бұл жұмыстың көптеген авторлар казак күресі бойынша алғашкы әдістемелік курал ретінде қарастырады [77].

М. Гуннер 1957 жылы казактың ат спорты жарыстарын өткізуде колданылатын жарыс ережелеріне катысты еңбегін жарықта шыгарды. Бұл кітапта ұлттық ат спорты түрлері бойынша жарыстар өткізу ережелері мен ұйымдастыру шаралары сипатталған [92].

Осы кезеңде казак ұлттық спорт түрлеріне катысты, оның ішінде казак күресі бойынша оте көп ғылыми енбек жазғандар катарында Қазак мемлекеттік дене тәрбиесі институтында жұмыс істейтін М. Таникеев болған еді. Оның редакциялық жетекшілігі негізінде ҚазДТИ ғылыми жұмыстары басылып отырды. М. Таникеев казак ұлттық спорты мен ойын түрлеріне катысты көптеген ғылыми макалалар жазған, оның ішінде: 1954 жылы шықкан «Қырық қызы» халық поэмасында ұлттық спорт, ойын-сауық түрлерінің көрініс беруі мақаласы [93]; Қазак ұлттық спортты мен ойындарының дамуы ..., 1955 жылы шықкан; Қазак ұлттық спорт және ойын түрлерінің халық шығармашылығында көрініс беруі, 1956 жылы шықкан; Қазак халықының дене тәрбиесі мен спортының дамуындағы Қазақстанның Ресейге косылуының прогрессивтік маңызы, 1956 жылы шықкан және т.б. [20, 44].

1957 жылы Таникеевтің «Қазактың ұлттық спорт және ойын түрлері» және «Қазактың ұлттық спорт ойындары» атты кітаптары шыкты, автор бұл басылымдарда өзінің зерттеулері – әртүрлі мерекелер мен шаралар кезінде өткізілген жарыстарды бақылау, сауалнама, тарихи деректерді зерттеу негізінде казак ұлттық спорт түрлерін сипаттаған [20, 94, 95].

1956 жылы А.Ановтың Қажымұқан туралы «Ән канаты» [60] атты кітабы шықкан, кітапта автор Қажымұқан Мұнайтпасовтың касіпкөй француз (грек-рим) күресі бойынша әртүрлі чемпионаттар мен турнирлердегі өнер көрсетуін зерттей келе, казак палуанының мінезі мен спортың өмірбаянын, оның белгілі орыс палуандарымен достығы мен бозқілем төріндегі бәсекелестігінің кезеңдерін ашып көрсеткен.

1959 жылы К. Әдбікадыровтың «Қажымұқан» [61] атты деректі повесті жарық көрді. Автор палуаның жерлесі болғандықтан, Қажымұқан Мұнайтпасовтың туыстары мен жерлестерінің естеліктері негізінде палуаның балалық шағынан бастап цирк өнеріне дейінгі, Ресей, Еуропа және Әлем чемпионаттарының жүлдегері ретіндегі өмірбаянын егжей-тегжейіне дейін жазып калдырыған.

Қазак дене тәрбиесі институтының ұдайы шығып тұратын енбектері мен дене тәрбиесі және спортың өзекті мәселелеріне катысты өткізілетін конференциялардың материалдары жинактарына атальынған институттың ғылыми-педагогикалық кадрларының ғылыми және әдістемелік жұмыстарының, баяндамаларының ой-түйінділері басылып тұрады.

Б. Аманшиннің 1959 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналына шыккан «Қажымұқан күресті қалай бастаған» [24] атты макаласын жеке алып қарауға болады, онда автор Қажымұқанның казак күресінен бастап кәсіпкой француз (грек-рим) күресі жаттыгуларына дейінгі, кәсіби күрес палуандарымен алғашы кездесуінен бастап бұл палуандардың барлығын жөнгені аралығындағы кезеңі туралы баяндаған.

1917–1960 жылдар аралығындағы Кеңестік Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорттың дамуына катысты 1960 жылы М. Брусиловский кандидаттық диссертация корғаган, жұмыстың негізгі мәні Қазақстандағы классикалық (әлемде кен тараған спорт түрлері) спорт түрлеріне Ресейдің, халықаралық спорттың және олимпиадалық қозғалыстың ықпалын карастыру болып табылады [96].

«Қазақстандағы дене тәрбиесі мен спорт тарихының очерктері» атты 1959 жылы шыккан еңбекте М. Брусиловский [43] өзінін диссертациялық зерттеуінің негізгі түйіндемелерін көлтірген.

1961 М. Таникеев «Қазақстанның Ресейге қосылуы мен Ұлы Қазан тенкереңі (XVIII ғасырдың 30 ж. 1917 жылға дейін) аралығындағы қазақ ұлттық спорт және ойын түрлерінің дамуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация корғады [39]. Еңбекте қазақ ұлттық жарыстары мен ойндарына катысты Қазақстан, Ресей және шетелдік авторлардың зерттеулері карастырылған. Жарыстарға бакылау жасау, көнекоз мамандар мен төрешілермен әңгімелесулер арқылы қазақ ұлттық ойндары мен жарыстары сипатталып, жарыстарды еткізу мен женимлазды анықтауға қатысты халық ауыз әдебиетінің үлгілері көлтірілген. Ұлттық жарыс түрлерінің дамуына Ресейдің ықпалы да карастырылған. Не себепті кейбір әскери-колданбалы магынадағы сайыс түрлеріне тыым салынып, ал кейбір қазақ ұлттық сайыстары мен ойндарының көрініші дамып отырғандығы да талқыланған. Бұндай сайыстарға Қазақстанға қоныс аударған немесе қызмет бабымен жүрген Ресей азаматтарының катысы турағы естеліктері және де басқа да мәселелер сараланған.

1956–1961 жылдар аралығындағы жарық көрген М.Таникеевтің еңбектерінде («Қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлері» және «Қазақтың ұлттық спорт ойндары» және т.б.) диссертациялық жұмыстың негізгі түйіндері көлтірілген.

2.3 Үшінші кезең, алпысыншы-жетпісінші жылдары

1960 жылы шілдеде Қазак ССР спорттық қоғамдар мен ұйымдары Одағы Кеңесінің спорттық федерациялар бөлімі халықтық-ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық класификация дайындағы, бұл ауыл дене шынықтырушылары қатарында қызу колдауға ие болды. Атапған класификация ауыл спортының одан ары даму келешегінсә жана мүмкіндіктер беріп, спорттың тек классикалық түрлерімен ғана емес, сонымен катар халықтық-ұлттық түрлерімен, оның ішінде ауылдарда үлкен кошаметке ие қазақша күреспен де, айналысуға және дәреже алуға жол ашты.

Казак КСР-нің 40-жылдығы күрметіне республиканың облыс және аудан орталықтарында жарыстар өткізді. Казак КСР-нің 40-жылдығына арналған мерейтойлық Қазақстанның оныншы спартакиадасының алдында облыстық спартакиадалар өткізіліп, мықтылар анықталды. Алматы облысының біріншілігіне 14 команда таласты. Үш күнге созылған таласта I-орынды Талдықорған ауданы, II-орынды Алакөл ауданы, ал III-орынды Іле ауданы иеленді [5, 19, 57].

Төрт күн бойы семейлік спорт сүйер қауымның назары бозкілемге кадалды. Казак курсесі бойынша жарыстар Мерейтойлық спартакиаданың бағдарламасына енді. Тура өткен жылғыдай, командалық есепте бірінші орынды Семей палуандары, II-орынды Қарағандылықтар, ал III-орынды астаналық облыс канжығаларына байлады. Республиканың абсолютті чемпионы Нұғман Сәдуақасов (жартылай ауыр салмақ) өзінің барлық белдесулерін тамаша өткізді. Ол өзінің салмақ дәрежесінде тагы да женіс тұғырына көтерілді. Х-мерейтойлық спартакиаданың жартылай ауыр және ауыр салмақ дәрежесіндегі абсолютті чемпионын анықтау сайсында да онын мерейт үstem болды. Спартакиада чемпиондары катарынан: Қарқымбаев (Қызылорда), Нурхин, Сахаев (Семей облысы), Демесінов (Қарағанды облысы), Науашвили (Костанай облысы), Сейкенов, Сәдуақасов (Ақмола облысы), Мотин (Алматы облысы) секілді палуаңдар көрінді [5, 19, 57].

1960 жылды КСРО құрама командасының құрамында өнер көрсететін, әйгілі женіл атлет Ғұсман Қосанов Римде откен XVII Олимпиада ойындарында 4×100м эстафеталық жүгіруде күміс медаль иегері атанды. Ал 1964 жылғы олимпиадалық жылда Токиодагы XVIII Ойындарда Қазақстанның бес спортшы қатысты: женілатлеттер Қосанов (5-орын), Ә.Тұяқов-косалқы құрамада, Ю.Цапенко (спорттық гимнастика) қола жүлдегер, Колесов (грек-рим күресі) – біздің республиканың тұнғыш Олимпиада ойындары чемпионы, В.Минеев (казіргі бессайыс) командалық есепте алтын медальмен марапатталды [50, 1336.; 97, 98].

1963 жылғы КСРО халықтарының Үшінші спартакиадасында Қазақстан спортшылары 12-орынды иеленді. Республика спортшылары кабырғаға ату (6-орын), биіктікке секіру (6-орын), еркін күрес (7-орын), женіл атлетика (7-орын) түрлері бойынша жақсы көрсеткіштерге кол жеткізді [11, 47, 50, 57, 97, 98, 99, 100, 101].

Казақстан гимнастшылары, су допшилары, баскетболистері, ауыр атлеттері 8-орыннан көрінді. Республикадагы дene шынықтыру мен спорт дамуының жалпы көрсеткіштері үміт күтерлік еді. 1963 жылы 206 спорт шебері, 28850 бірінші дәрежелі, 21225 екінші және 101710 үшінші дәрежелі спортшылар дайындалды. 92 405 адам жастар дәрежесі нормасын орындады. Шебер-спортшылар дайындау жоспары 125,1% орындалды [23, 47].

Казак ССР спорт көгамдары мен ұйымдары Одағы Кенесінің тәралқасының шешімімен 1964 жылдан бастап, Казак ССР чемпионаттарын өткізу ДСО «Қайрат» Орталық Кенесіне жүктелді. Ұлттық куресті жарнамалau мақсатында жарыстарға классикалық, еркін күрес және самбодан КСРО спорт шеберлері қатыстырылды. Чемпиондық атактар сегіз салмақ дәрежесінде

талақса түсті. Біріншіліктің бас жүлдесін белгілі казак батыры, көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы, еркін күрестен Кенес Одағының чемпионы Айханов жеңіп алды. Ол барлық карсыластарының жауырының жерге тигізіп, таза жеңіске жетті. Жалпы командалық есепте бірінші орынды Семей облысы, екінші орынды Қарағанды облысы иеленді [57, 66].

1964 жылы ДСО «Қайрат» ОК жеке-командалық біріншілігі казак батыры Қажымұқанның жүлдесі үшін өткізді. Жарықса қатысуышылардың саны көп болды. Чемпион атағы сегіз салмақ дәрежесінде талақса түсті. 52 кг дейінгі салмақ дәрежесінде чемпион-еркін күрестен спорт шеберлігіне үміткер Үрімбеков (Шымкент) атанды. Ол төрт жекпе-жек өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Семейлік Р.Берікболовтың да айы онынан туып, 57 кг дейінгі салмақта чемпион атағын иеленді. Ал қалған орындарбылай бөлінді: 62 кг дейінгі салмақта жеңімпаз Бекеңаев (Қарағанды) болса, ал онша танымал емес семейлік палуан Сахаев 67 кг дейінгі салмақта жеңіс тұғырына көтерілді. Ол еркін күрестен спорт шебері А.Қазымбетов және самбодан КСРО спорт шебері Д.Биткозовтардан айласын асыра білді. 73 кг дейінгі салмақта жеңіске оралдық батыр Бисенов көл жеткізсе, семейлік Архенов 79 кг дейінгі салмақта алдына жан салмады. Шымкент қаласының спорттық нағызын корғаған Қонақбаев 87 кг дейінгі салмақта чемпион атанды. Қажымұқан атындағы бас жүлдені белгілі казак батыры, көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы, еркін күрестен Кенес Одағының чемпионы А.Айханов жеңіп алды. Командалық орындар темендергідей бөлінді: I орын – Семей облысы (16 ұпай), II орын – Шымкент облысы (22 ұпай), III орын – Қарағанды облысы (29 ұпай) [5, 49, 57].

Республиканың спорттық емірінде 1967 жыл айтулы болды, дене шынықтыру мен спортқа 2 785 969 адам тартылды, бұл республика халкының 22,4% құрады, ал 1966 жылы бұл 20,7% болатын. 540 615 шебер-спортшылар дайындалды, оның ішінде 599 спорт шеберлігінен үміткерлер мен 6015 1-дәрежелі спортшылар болды, 225 адам алғаш рет спорт шебері нормативтерін орындағы. Дене шынықтырудың 10 017 ұжымы жұмыс істеді, олар тек бұкаратын дене шынықтыру козғалысының негізі гана емес, сонымен катар тұргындардың, әсіресе балалардың, жеткіншектердің, окушы жастар мен студенттердің спорттық-педагогикалық тәрбие орталықтарына айналды [4, 23, 47].

1968 жылы казанда Мехикода (Мексика) Олимпиада ойындары өткізді. КСРО құрама командаларының құрамында қазакстандықтар да өнер көрсетті. Н.Смоляева, В.Кравченко және О.Антропов воллейболдан олимпиада чемпиондары болып, ал палуан В.Бакулин – Олимпиаданың күміс медальмен оралды.

1968 жылы казак күресі Қекшетау облысы Қызыл Ту ауылында өткен Бүкілказакстандық колхоздар мен совхоздар ойындарының бағдарламасына енгізілді.

1970 жылы Қазактың дене тәрбиесі институтында алғаш рет казак күресі мамандығы енгізілді, соған байланысты көптеген әдістемелік жұмыстар, казак күресі техникасы мен әдісінің жіктемесі, тәсілдерін үйрету әдістемесі, казак

күресінен мамандар дайындау жөніндегі оку күралдары, окулыктар мен бағдарламалар шыгарылды.

1970 жылы сәүірде ДСО «Қайрат» ОК казак күресі бойынша жаттықтырушылар мен мамандардың семинарын өткізді. Бағдарламаға оқу және жаттығу әдістемесі, оқу-жаттығу үдерісін жоспарлау мәсселелері кіргізілді, сондай-ак жана ережелер талқыланды.

Казак күресінің жолға койылуы мен дамуына айтулы үлес коскан, талай талантты палуандар шоғырын тәрбиелеген, КСРО-ға енбекі сінген жаттықтырушы-П.Ф.Матушакты айрықша атап өту керек деп жазады К.Р. Байдосов [57].

1970 жылы Қазақстанның 50-жылдығына арналған мерейтойлық спартакиадаңың бағдарламасына казак күресі снгізілді. Жарыс Семейде өткізілді, оған 15 облыс пен Алматының өкілдері катысты.

Спорткомитеттің алқасының шешімімен 1971 жылы 27 кантарда «Қазак ССР спорт шебері» атағы снгізілді, бұл өз кезегінде барша сүйеттің осы спорт түрінін дамуына он ықпалын тигізді [5, 47, 57, 102, 103, 104, 105].

Қазақ ССР Министрлер Конференциясынан жаңындағы дene тәрбиесі және спорт Комитеттің 1970 жылы бекіткен үлттых спорт түрлері бойынша класификациясына сайкес, өз салмак дәрежелерінде Қазақстан чемпионы атанғандарға казак күресінен спорт шебері атағы берілді [23, 47, 57, 106, 107, 108, 109, 110].

1971 жылы ҚазССР Спорткомитетінің қаулысы бойынша «Қазак ССР-нің спорт шебері» атағы енгізіліп, казак күресі бойынша тесбелті мен куәлік қоса тапсырылатын болды.

1970 жылдан бастап жыл сайын қазак күресінен Қазак ССР-нің территориялық біріншіліктері өткізілді. 1973 жылы Қазақ ССР құрамасы Ташкентте өткен дәстүрлі Орта Азия республикалары және Қазақстан біріншілігіне қатысты. Жарыстар айналма жүйесі бойынша жүргізілді. Тек Өзбек ССР-нің құрама командасына 6:4 есебімен есе жіберіп, Қазақстан командасы II орынды иеленді. Жыл сайын мұнда күш сынусуға Орта Азия одактас республикалары мен Қазақстан облыстарынан палуандар жиналады. Бұл турнир палуандары үнемі командалық есепте жүлдеген атанатын Жамбыл облысында қазак күресінің дамуына көп септігін тигізді. Қазақ күресінен Қазақ ССР спорт шеберлері Н.Жармұхамедов, А.Мұсабеков секілді спортшылар самбодан КСРО спорт шеберлері, КСРО біріншіліктерінің жүлдегерлері атанды [5, 19, 47, 57].

Қазақ дene тәрбиесі институтында 1970 жылы алғаш рет осы спорт түрінен мамандар дайындау үшін қазак күресі бойынша мамандық енгізілді. 1980 жылға карай институт 60-тан астам адамнан тұратын жеті бітіру тобын шыгарды.

Тұлектердің жартысынан астамының қазак күресінен Қазақ ССР спорт шебері атактары бар. Институт қабырғасында жүріп-ақ көтеген спортшылар жоғары жетістіктерге кол жеткізді. Мысалы, М.Аманбаев (48 кг салмак) студент кезінде Орта Азия республикалары мен Қазақстанның екі дүrkін чемпионы, қазак күресінен Қазақстан чемпионы атанды, А.Б.Ракымжанов (70

кг салмақ) 1976 жылы Қазақ ССР чемпионы болса, Б.Жұнисов (70 кг салмак) 1975 жылы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың жүлдесіне арналған республикалық турнирде чемпиондыққа кол жеткізді [5, 19, 47, 57].

Ресми статистика мен зерттеушілердің еңбектері бойынша [4, 9, 23, 42, 47, 111], бұл кезеңде 2 миллионнан астам адам, яғни республиканың әрбір алтыншы тұрғыны дene шынықтырумен және спортпен айналысты. Олардың күзірьинда 28 стадион, 4000 жуық футбол алаңы мен спорттық кешендік аландар, 14000 астам баскетбол және воллейбол аландары, 2546 спорттық-гимнастика залдары, 43 жүзу бассейні, 169 спорт базалары және т.б. болды. Республикада 10 366 дene шынықтыру ұжымы жұмыс істеді. 1970 жылы 540 000 шебер-спортшылар, 741 000 ГТО төсбелгісінін иегері болды. Сол жылы 9 казакстандық әлем және Еуропа чемпиондары, 22-КСРО чемпиондары атанды.

1970 жылы Қазақ дene тәрбиесі институтында Қазақстан оқу орындарының алғашқыларының бірі болып қазақ күресі мамандығы енгізілді. Бұл республикадағы ұлттық күрестің даму деңгейіне берілген жоғары баға болатын. Қазақ күресімен айналысқысы келетін окушылар мен студенттер қажеттілігін қанағаттандырлықтай бапкер кадрлар мен қазақ күресі бойынша жоғарғы дәрежелі спортшыларды дайындау үшін дәл осындай кадам қажет еді және де бұл сол кезеңдегі курс түрлері бойынша (онын ішінде қазақ күресі де бар) бапкерлер КСРО ҚЖ П.Ф. Матушактін беделі мен ҚазДТИ және ҚазКСР Спорткомитеті басшылығының колдауының аркасында жүзеге асқан болатын.

1970 жылы алғашында жалпы оқу құралы құрамында [112], ал артынан жеке кітапша [113] түрінде қазақ күресі бойынша жарыс өткізудің жаңаған ережелері жарық көрді.

Қазақ күресі мамандығының ашылуы оқу бағдарламаларын, әдістемелік және оқу құралдарын жасауга, бұл күрес түрі бойынша бапкер кадрларды дайында барысында атальынған пәнді қалыптастыру мен жетілдіру бойынша конференциялар өткізуге таптырмайтын ынталандыру болды. Ал бұл кадрлар тек спорт мектептері, ұйымдары мен еркіті спорт когамдастықтарындағы жұмыстар үшін ғана емес, сонымен қатар, оқу мекемелері үшін де, оның ішінде мектептегі дene тәрбиесі мен спорт бойынша сыйыптық немесе сыйылтан тыс сабактар мен жоғарғы оқу орындарындағы академиялық, факультативтік және секциялық сабактар үшін де дайындалған болатын.

Ал мамандықтың ашылуының ықпалы негізінде жарыкка шықкан қазақ күресіне катысты гылыми және әдістемелік жұмыстар қатарына тек мамандық ашылған жылғы ғана емес, сонымен бірге көп уақыттан соң шықкан жұмыстарды да жатқызыма. Өйткені, спорт гылыминың дамуы оның жаттығулары мен оқу әдістерінің даму және жетілдірілу карқынымен тікелей байланысты. Қазақ күресі бойынша мамандарды дайындауга катысы бар ҚазДТИ-дың, ал кейін ҚазСТА-ның гылыми-педагогикалық кадрлары қазақ күресі бойынша жаттықтыруши кадрларды дайындаудын сапасын көтеру мен гылыми-оқу жетілдірудің әдістемелік және гылыми мәселелерімен айналысуларын жалғастырып келеді.

Мемлекет таралынан арналы зерттеу бағдарламаларына Қажымұқан Мұнайтпасов туралы деректер жинау максатында 1960-1970 жылдары М. Таникеев пен М. Кизекеновты арналы Ленинград, Мәскеу, Омбы қалаларына жіберіп, мұрагаттық деректер алдыны [8].

1963-1964 жж. М. Таникеевтің Қажымұқан туралы ғылыми еңбектері жарияланды, оларда балуандардың әр түрлі чемпионаттарға катысусы туралы деректі материалдар, сол жылдардагы жарияланымдар мен жарнамалар негізінде 20 ғасырдың атақты балуаны Қажымұқан Мұнайтпасовтың спорттық өмірбаяны баяндады [25, 56]. М. Таникеевтің бұл ғылыми еңбегі 2001 жылы кайта басылып шыкты [69].

1968 жылы П.Ф. Матушактың «Сто уроков вольной борьбы (Еркін қрестен жүз дәріс)» кітабы шығады [114], онда қрестен оқу-жаттығу сабактарын еткізу жоспарлары әдістемелік иұқсауларымен берілген. Жұмыста сол жылдардагы балуанды тұлғалық және арналы дайындаудың негізгі кагидалары мен әдістемесі туралы ұғымдар ашылады, оқыту және жетілдіру үдерісі егжей-тегжейлі сипатталып, еркін қрестін төрттагандап және түрекеп тұргандағы тәсілдері суреттеліп, сипатталады. Жұмыс казақстандық авторлар жариялаган спорттық қрестен әдістемелік құралдардың алғашқыларының біріне жатады.

1969 жылы П.Ф. Матушактың «Наследники Кажымукана (Қажымұканның ізбасарлары)» атты еңбегі жарық көреді, мұнда Қазақстан балуандарын аса ірі Бүкілодактық, құрлықтық және әлем біріншіліктеріне дайындауга тікелей катысы бар, КСРО-ның еңбек сінірген бапкері казақстандық балуандардың жетістіктерін баяндайды [115].

ҚазДТИ-да 1970 жылы казақ қүресінен бапкер-оқытушыларды дайындаудың жана мамандықтың ашылуына байланысты осы оқу пәні бойынша оқу бағдарламалары мен құралдарды әзірлеу жеткілігі туындағы.

1970 жылы ҚазДТИ мен педагогикалық институттардың деңе тәрбиесі факультеттерінің студенттерін оқыту үшін бір топ авторлар әзірлеген казақ қүресі бойынша бағдарлама жарияланды [112]. Ол М. Таникеев, П. Матушак, С. Сатыбалдиевтардың авторлығымен казақ қүресіне маманданатын ДТМИ (ИФК) студенттеріне арналған бағдарламасы.

1972 жылы Мәскеуде А.Бүркітбаевтың «Физическая культура и спорт в сельских районах Казахстана (Казакстанның ауылдық аймактарындағы деңе шынықтыру және спорт)» тақырыбына жазылған кандидаттық диссертациясы қоргалды. Жұмыста сабактарды ұйымдастыру ерекшеліктері мен өзекті мәселелері, ауыл халқының, казактар ықшам орналаскан аймактарда спорттың ұлттық түрлеріне бейімділігі сипатталады [116].

1973 жылы Жолымбетовтың редакциясымен казақ тілінде «Қазақ қүресі» оқу құралы жарық көрді. Қазақ деңе тәрбиесі институтының жинақтарында қазақ қүресі бойынша оқу және жаттығу үдерістерін жетілдіруге арналған макалалар жарияланды [117].

Бұл авторлар тобы жазған қазақ қүресінен оқу құралы: 1 тарау – П. Матушак, О. Жолымбетов (4-70 беттер) [118], 2 тарау – С. Сатыбалдиев, Б. Елғондиев (71-73 беттер), 3 тарау – К. Камалиева (74-83 беттер), 4 тарау – Г.

Трунин, Е. Воннов, С. Байболов (84-85 беттер), 5 тарау – А. Габсаттаров, А. Казымбетов (86-90 беттер) және 6 тарау – К. Аққалиев, К. Байдосов (91-95 беттер) [117]. Оқу құралында құрестен оқу-жаттығу сабактарын ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулары мен қагидалары, казак қүресі сабактарын қалай және неден бастау керектігі жазылған, казак қүресінін айлатасілдері, жаттықтырулар мен оқыту әдістемесі, қажетті керек-жарап пен құралжабдықтар, жарыстарды ұйымдастыру мен еткізу ережелері, жасөспірімдер арасында оқыту-жаттықтыру жұмысын жүргізу ерекшеліктері сипатталған.

М. Таникеев «Истории физической культуры Казахской ССР (Казак дене тәрбиеси тарихы)» [4] бойынша оқу құралын жариялады, қазіргі уақытта оған көптеген сілтемелер жасалып, тек кана дене тәрбиесінін гана емес, сондай-ак спортын жекелеген түрлерінің, соның ішінде казак қүресінін даму тарихы жөніндегі деректер алынады.

Бұл кезеңде 1973 жылы Ленинградта К. Иманкулов «Физическая культура в Средней Азии и Казахстане во второй половине XIX - начале XX века (XIX гасырдың екінші жартысы-XX гасырдың басындағы Орта Азия мен Казакстандагы дене тәрбиесі)» кандидаттық диссертациясын корғады, онда тонкеріске дейінгі кезеңдегі Ресей құрамындағы қазіргі заманғы дене тәрбиесі мен спортын даму алғышаррттары зерттелді [119].

А. Бұркітбаев 1978 жылы ғылыми-әдістемелік және көшшілік әдебиеттің тұтас топтамасын шығарады: «Казахские национальные конные виды спорта (Казактың ұлттық ат спортының түрлері)» [120], «Қажымұкан» [29] және т.б. Жұмыстарда спортың ұлттық түрлерінін дамуының, Қажымұкан сиякты балалық шағынан бастап дайындалған тамаша балуанның шыгуының (қазак халқының ұлттық қүрес дәстүрлерінің арқасында) тарихи түп-тамыры гана емес, спорт пен ойынның ұлттық түрлерін пайдаланудың қазіргі заманғы жағдайлары, жастарды спортын Қазақстан халқы үшін дәстүрлі түрлеріне тарту мүмкіндіктеріне талдау жасалады.

1978 жылы П.Ф. Матушак пен М.Х.Болгамбаевтың «Қазақша қүрес бойынша жарыстар еткізу» оқу құралы жарыққа шыкты [121].

1979 жылы Қазақстанда ұлттық спорт түрлерінен I-Республикалық спартакиада еткізілді. Бұл спартакиаданың ауыл тұрғындарын тұрақты дене шынықтыру мен спортқа тартуда зор мәні болды. Бұл үдеріс әрине дене шынықтыру мен спорт мамандарының педагогикалық қызметтерін жетілдіруге, сондай-ак республикадагы дене тәрбиесі қозғалысын ұйымдастыруға катысты әртүрлі ведомствалық ұйымдардың тиісті жауапты қызметкерлеріне тұртқи болды.

1980-1991 жыл аралығы кенес адамдары үшін, оның ішінде қазақстандықтар үшін де саясатта, экономикада, әлеуметтік өмір мен мәдениетте тұрақсыздық кезеңдері болды 1970 жылдан 1980 жылға дейінгі уақыттағы дене тәрбиесі мен спортың дамуындағы он ықпалдар кейір нәтижелер мен сәттіліктерді әкеліп тұрды, бірақ 1980-1991 жылдар кезеңінде, Ауганыстандагы соғыс, 1984 жылғы жазғы Олимпиада ойындарынан бас тарту, қайта құру мен қоғамдағы жанарулар Орталық Азия республикалары мен

Қазақстан дамуының тарихи-педагогикалық түрғыдағы жағымсыз өзгерістерге ұшырауының бастамасы болды.

2.4 Төртінші және бесінші кезең, сексенівші-тоқсанының жылдар мен 21-ғасырдың алғашқы онжылдығы

1980-1991 жж. аралығында дene тәрбиесі мен спорт, Кенес Одағы республикаларындағы тұрмыс пен өндірістің арта қалған салаларының барлығы сиякты, тоқырауда болды, бұл Қазақстан Республикасының дene тәрбиесі және спорт қоғамдары мен ұйымдарының қызметіне теріс ықпалын тигізді.

1980-1991 жылдар аралығы кезеңдегі Ауганстандағы соғыс пен НАТО блогына кіретін елдердің 1980 жылғы жазғы Олимпиада ойындарына қатысадан бас тартуы, ал бұған жауап ретіндегі 1984 жылғы Олимпиадаға Социалистік ынтымактастық елдерінің қатыспау туралы шешімі «қырги қабак соғыстағы» карсыластардың шиеленістік кауқарын танытты, бұл олимпиадалық козгалыстың ыдырауына алып келу мүмкін еді. Қайта құру мен жаңаруға қатысты қоғамда орын алған әлеуметтік және саяси сілкіністер (1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, ТЖМК және т.б.), Чернобыль апаты, реактор жұмысын тоқтатудың ұзаққа созылуы мен оның салдарларын жою, Семей полигонын жабуға қатысты күрес, алкоголь өнімдерін шыгарудан бас тарту біртіндеп бюджеттің құрылуындағы колайсыз салдарлардың пайда болуы мен жетіспеушілігіне алып келді. Қаржыны үнемдеу шаралары спорт козгалысына да өз колайсыздығын тигізді, онын ішінде дene тәрбиесі және спортпен жаппай айналысудың дамуы мен көрсеткіштердің төмендеуі орын алды.

Ал бұдан кейінгі кезең 1991-2000 жылдардағы акшаның құнсыздануы, біртұтас экономикалық және саяси кеңістіктің ыдырауы, одектас республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге болінуі мен өзара территориялық таластары мен басқа да жағдайлар дene тәрбиесі мен спортпен жаппай айналысудың даму көрсеткіштеріне колайсыз әсер етуін жалғастырды.

1980 жылы казак ұлттық спорт түрлерінің жарыс ережелері жарық көрді, мұнда басқа спорт түрлерімен катар казак күресі ережелері де көрсетілді. Бұл ережелер Қазақ ССР Министрлер Кенесі жаңындағы дene тәрбиесі және спорт Комитетімен бекітілген.

Жыл өткен сайын казак күресі кең таныла бастады. 1985 жылғы мәлімет бойынша, біздің республикамыздың 217 балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, 2902 дene тәрбиесі ұжымдарында ұлттық казак күресімен 76886 адам айналысты, онын ішінде бұл спорт түрі бойынша маманданған спортшылардың саны-672 адам (спорт шеберлері, спорт шеберлігінен үміткерлер және бірінші дәрежелілер), 25388 екінші және үшінші дәрежелі спортшылар [57, 76.].

1985 жылы 12 маусымда КОКП ОК қабылдаған «Клубтық мекемелер мен спортқұралын пайдалануды жаксарту шаралары туралы» шешімі біздің еліміздегі дene шынықтыру қозгалысының бұқаралық дамуына, онын ішінде танымал спорт түрі -казак ұлттық күресінің жана қадам жасауына жаңа серпін

әкелді. Жарыстар ережелері зерделенді және жетілдірілді, спорттық классификация жасалды [57, 76.].

Еркін күрестен техникалық тәсілдер қорына ұлттық күрестің жанашыры, КСРО спорт шебері, еркін күрестен Қазақстанның көпдүркін чемпионы, ауыл споршылары арасынан Кенес Одағының чемпионы Қазымбетов үлкен үлес кости. Қазақша күрестен еркін күреске КСРО чемпионы, Кенес Одағы кубогының женимпазы, ауыл споршылары арасында Кенес Одағының біріншіліктерінде үш мәрте алтыннан алқа такқан Бұғыбаев келді. Еркін күрестен Түркия, Жапония, Үндістан, Польша, Монголия, Пәкістан палуандарымен халықаралық кездесулерге катысады, КСРО біріншілігінің кола жүлдегері Абдукаrimov спорттағы алғашқы қадамын казак күрестен бастаган. Сол секілді самбошылар—ДСО «Буревестник» ОК және Қазақстанның чемпионы, спорт шебері Асенов, ДСО «Буревестник» Орталық Кенесінің біріншілігінің жүлдегері, спорт шебері Бекенаевтар туралы да осылай айтуға болады. Орал облысының механизаторы, классикалық стиль палуаны, халықаралық дәрежедегі КСРО спорт шебері, республиканың көпдүркін чемпионы, теміржолшылар арасында әлем чемпионы Мотин өзінің спорттық өмірбаянын казак күресінен бастаган. Классикалық күрестің керемет шеберлерінің бірі, халықаралық дәрежедегі КСРО спорт шебері, КСРО біріншілігінің кола жүлдегері Қарамулин классикалық күрестен жарыстарға катыспас бұрын, казак күресінен Қазақстан чемпионы деген жоғарғы атакка ие болған [57, 46].

Бірақ Қазақстанның спорттық үйымдары Одак деңгейінде жоғары спорттық нәтижелерге жету жолындағы қызметін боссендеткен жок. Қазақстан күрамасының КСРО халықтарының соңғы 10-шы Спартакиадасына (1991 ж.) катысуы да табысты болды, мұнда республиканың боксшылары жалпы командалық есепте бірінші орын, ал грек-рим стиліндегі балуандар—2-орынға ие болды.

Қазақстанда курсес спорттың көптеген түрлері арасындағы сүбелі үлескес ие. Оның пайда болуы, ұлттық ойын ретінде калыптасуы мен дамуы туралы осы еңбектің бірінші және екінші тарауларында жазылған. Қазақстанның егемендігі дауірінде (1991-2007 жж.) спорттық курсес түрлері мен шығыс жекпешектері кен тарапып, ондаган мын жанқүйерлерге ие болды. Күрестің танымалдығының артуын оның казактың ұлттық курсесі «казак күреспен» мызғымас байланысынан көреміз [122, 123, 124, 125, 126, 127, 128].

2007 жылы құрылған елдін Спорттың ұлттық түрлері ассоциациясы 15 респубикалық федерацияны біріктіреді, соның ішінде 18-облыстық, 115 филиал аудандар мен калаларда қызмет аткарады. Осы кезеңде республикада спорттың ұлттық түрлерімен 95 087 адам, олардың ішінде ат спорттының ұлттық түрлерімен – 15 111 адам (ауылда – 9 605), казак күреспімен – 36 102 (ауылда – 25 460), тогыз құмалакпен – 36 643 (ауылда – 23 009) және 7 231 адам аркандар тарту, асық ату және аңшы құстармен ан аулаумен шұғылданады. 2007 жылы казак күрестен – 30, тогызқұмалактан – 40, көкпар, тенге алу және аударыспактан – 19, және спорттың қалған түрлерінен 20-ға тарта спорт жарыстары өткізілді [129, 130, 131, 132, 133, 134].

Қазақ күрестен Азия құрлығы деңгейіндегі жетістіктер: казақ күрестен Ресейде (Алтай Республикасы, 2005 ж.) және Монголияда (Баян Өлгей к., 2006 ж.) еткен I және II Азия чемпионаттарында жалпы саны 12 алтын, 2 күміс және 3 кола алқа женіп алдыны [135, 136].

2007 жылы Сәтпаев қаласында (Карағанды облысы) Монголия, Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан, Қыргызстан, Туркмения, Ресей спортшыларының қатысуымен өткен қазақ күрестен III Азия чемпионатында республиканың құрама командасы 14 алқа, соның ішінде 7 алтын, 3 күміс және 4 кола женіп алды [137, 138].

Азия, Еуропа және әлем чемпионаттарына қатыса отырып, 2005 жылдан бастап казіргі уақытқа дейін, республиканың құрама командасы жоғары нәтижелерге кол жеткізді. Күрестің дәстүрлі түрлерінен Дүниежүзілік фестиваль бағдарламасы аясында және ЮНЕСКО-мен ынтымактастықта Алматы қаласында (2006 ж.) 42 елдің спортшыларының қатысуымен өткен қазақ күресінен бірінші әлем чемпионатында еліміздің құрама командасының спортшылары 4 салмақ дәрежелерінде алтын алкалар женіп алды және 3 спортшы күміс жүлдегер атанды.

2006-2007 жж. Спорттың ұлттық түрлері бойынша «Қазақстан Республикасының спорт шебері» спорттық атагының нормативтерін 50 спортшы, оның ішінде 20 адам 2006 жылы, ал 30 адам 2007 жылы орындағы. Осы жылдары 13 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындағаса, ал спортының ұлттық түрлері бойынша 7 адам тұнғыш рет спорт шебері атагын алды [139, 140, 141, 142].

80-ші жылдары қазақ күресінің даму тарихына, жаттықтыру үрдісін ұйымдастыруға, қазақ күресі класификациясы мен терминологиясына, техникасы мен тәсілдерін оқытуға арналған М.Х. Болғамбаевтың сибігі жарыққа шықты [143].

Ә. Бұркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында балалардың қунделікті тіршілігіндегі ұлттық спорт пен ойындарының алатын орны, тәжірибелі маңызы және ұлттық ат спорты мен ойындар ережесі қарастырылған [144].

Осы кезеңде шықкан Е. Мухиддиновтың сибігінде қазақ күресі бойынша жаттығу үрдісін ұйымдастырудың негіздері ашылып көрсетілді. Жана бастаған спортшылармен жұмыс жүргізуін ұстанылдырып, жаттығу кезеңдері, дене шынықтыру заңдылықтары, қазақ күресінің салмақ дәрежелері мен лактыру-алысу әдістері және куаіпсізденіру жолдары көрсетілген [145].

К.Р. Байдосовтың сибітерінде қазақ күресінің тәсілдері мен техникасы, оларды оқыту-үйрету сипатталып, мамандарды дайындау сапасын арттырудың киындықтары ашылып көрсетілді. Сонымен бірге қазақ күрестегі спорттық жаттыгулар көлжылдық үрдіс ретінде кезеңдері мен мезгілдері палуандарға әдістерді үйрету мен олардың дене күш сапаларын дамытудың сол кезеңге сәйкес келетін өзекті әдістемелері қарастырылады [19, 57, 72, 74, 75 және т.б.].

Қыргыз галымы Х.Ф. Анаркулов ұлттық ойындар мен халық спорты туралы көптеген ғылыми зерттеулерінде [38, 46 және т.б.] әр елдегі олардың пайда болуына әсер етуші факторларды дәлелдей, ойын түрлерінің өзара

байланысын ашады. Оның жетекшілігімен коргалған жұмыстар да жеткілікті [146].

20 ғасырдың 90-шы жылдарында казақ күресінің қазіргі кезеңдегі үлгісінің қалыптасуына ықпал еткен бірнеше маңызды оқиғалар орын алған еді:

- Біріншіден, бұл бұлғакка толы қайта құру жылдарынан кейінгі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, социалистік және коммунистік жүйенін құлауы, құндылықтардың кайда бағалау, ел дамуындағы экономикалық және саяси киыншылықтардың жөнү. Экономикалық каржының жетіспеушілігі балалар мен жасоспірімдердің спорт мектептері мен интернаттарының өмір сүруіне, жана кешендер салу түрмак қолда бар спорт кешендерін ұстап тұру мәселесіне ықпал етті. Жұмыс істейтін спорт секциялары мен спорт түрлері бойынша мамандардың енбекакысының мөлшері бірнеше есе кеміді, оның өзі кейде бірнеше ай бойы төленбеді Қазақстанда алемдік спорттың жұлдыздарын тауып, тәрбиелеген көлтеген жаттықтырушылар өздерінің бұрынғы «жылы» орындарын қалдырып, енбекакыны тұрқты төлең тұратын жұмыс орындарын іздестіре бастады. Ұдайы көші-кон мен тұрғылықты орны мен азаматтықтарын ауыстыруларына байланысты Қазақстан көлтеген спорт түрлері бойынша білікті мамандарды жоғалтты. Тіпті, өз мамандығына адап болып, бұрынғы орнында қалғандар катарындағы жаттықтырушылар да каржының «ұнемі» жетіспеушілігі мәселесіне байланысты, бар күш-жігерімен ынталанып жұмыс істей алмады. Жаттыгулар мен жарыстар еткізуге арналған спорт жайларын жалға алушын құны ете жоғарғы карқынмен есті. Бұрындары ӘБЖСМ, ЖСМ және БСҰ, спортклубтар тарапынан белінген каржыға өтеліп келген көлтеген ұйымдастырушылық шаралар: жол каражаты, спорт жайларын жалға алу, спорттық киімдер, тамақтану және т.б. спортшылардың, олардың бапкерлері мен жарысты ұйымдастырушылардың мойнына ауыр жүк болып асылды.

Мемлекеттік органдар тарапынан болып отырган бұл атальынған көлтеген кедерілерге қарамастан жергілікті жерлердегі және Қазақстан оку орындарының спорт ұйымдары казақ күресі секілді казақ ұлттық спорт түрлерін дамытуға барынша күш салды.

Екіншіден, қазақ күресімен танысуға келген шетелдіктер спортшылардың самбо күресі киімімен белдесін жатқандығын байқап, – Қазақ күресі атлеттерінің өз киімі жок па? – деп сұрақ кояды.

Е. Әлімхановтың 2008 шыккан оку құралында ол туралы былай деп жазылған. Жапон елінен келген үлкен топ ұлттық казақ күресімізді көргілері келетіндіктерін айтты, бірақ, самбо мен дзюдо киімдерін киіп шықкан палуандарды көргендікten, олар самбо және дзюдо күресін казақ күресінен ажырата алмады [8, 436.].

Үшіншіден, осы он жыл аралығында Қазақ дene тәрbiесi институтында диссертациялық кенес, алдымен 1993 жылы кандидаттық, ал 1996 жылы докторлық кенес ашылды. Осыған байланысты дene тәрbiесi мен спорт түрлері (оның ішінде казақ күресі де бар) бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу веziн жана белсенді және карынды кезеңіне аяқ басты.

Қазақ күресіне арналған киім үлгісін жасау мәселесі оны самбо немесе дзюододан айыруға катастыры және де өзінің айрышка ерекшеліктері негізінде

заманауи олимпиадалық және халықаралық спорттық курес түрлері катарына косуға байланысты өзекті болып отыр.

Сонымен, 90-шы жылдары жарыстардың ережелерін және киім нысанын жетілдіруге көп көніл бөлінді, казак қуресіне арналған киім нысанын спорттық күрестің басқа түрлерімен аустыруға жол беруге болмайтыны атап етілді.

1993-1996 жылдарда, яғни Республиканың ұлттық курес және самбо федерациясының вице-президенті болып Б. Жаналин мен Е.Әлімханов тұрған кезенде бастау алған зерттеулер казак қуресі бойынша белдесулерге арналған киім үлгісін жасауға және қазақтың ұлттық дәстүрлеріне сай келетін курес жарыстарын еткізуге арналған біршама өзгерістер енгізілген ережелер жасауға мүмкіндік берді. Мысалы, қарсыласын тізерлеп отырып немесе партерде емес, тік тұрған күйі арқага лақтырган палуан белдесуде жеңіске жетеді. Ал онша нәтижелі емес лактырулар – қарсыласты бір жақ бүйірмен немесе санмен тастау үпай түрінде жиналмай, жеңіске жеткенге дейінгі саны бойынша есептеледі (қасыласты екі рет бір жақ бүйірмен немесе төрт рет санға тастауда таза жеңіс бол есептеледі).

Қазак қуресінің жана жарыс ережелер жинағы мен жана киімі алғашкы рет 1993 жылы Б. Жаналин қызмет еткен тұста көрсетілді [147].

Б. Жаналин жасаған казақ қуресі жарыстарының ережесін 1993 жылы КР Туризм, дene тәрбие сі және спорт министрлігі бекітті. Киім нысаны жеңі кыска кеудешеге өзгертілді, ал 1996 жылы нысандық киім мен жарыстардың ережелерін жетілдіру корытындылары бойынша Е. Әлімханов кандидаттық диссертациясын коргады [7, 37, 54].

Е. Әлімханов 1996 жылы «Жарыстық кәрекеттің мазмұны мен палуандардың техника-тәсілдік көрсеткіштеріне жана киім үлгісінің және казак қуресі жарыстарын еткізу ережесіне енгізілген өзгерістердің ықпалы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация коргады [7, 54].

Қазақтың ұлттық қуресі–казак қуреске катысты жүргізілген ғылыми жұмыстар катарына төмөндегі кандидаттық диссертацияларды да косуға болады:

- А. Караков «Студенттердің дene тәрбиеінде спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалану» [148]. Ғылыми жұмыс 1996 жылы Алматыда қоргалған. Студент жастардың жаппай спорттық курес түрлерімен (оның ішінде казак қуресімен де) айналыса бастағанына байланысты бұл жұмыста тәжірибелік зерттеулер негізінде казак күресті студенттердің дene тәрбиеінде колдану мүмкіндіктері дәлелденген. Осылайша, студенттер арасындағы дзюдо, самбо және бокс секілді танымал жекпе-жек түрлерімен қатар бұл жұмыста қазак халқына тән дene шынықтыру шаралары – ұлттық казақ күресті колданудың әдістемесі негізделген.

- М.О. Даупаев «Дене тәрбиеі факультеттері студенттерінің тепе-тендік ту主义ін дамытудагы қазак қуресі әдістерін менгерудің тиімділігі» [149]. Жұмыс Санкт-Петербург қаласында 2004 жылы қоргалған. Қазак қуресінің коптеген әдістері аяқ арқылы жүзеге асады. Егер де адамның бір аяғы әдісті жүзеге асыруға колданылса, қалған екінші аяқ – негізгі тіреу болып табылады, ейткені кілемге тізені, колды тигизу немесе төрт тағандап құлау қарсыласка «бук»

багалау арқылы ұтылуға алып келеді. Зерттеу казак күресінің әдістерін орындаудың калыптаскан заңдылықтарға негізделген. Кей жағдайда әдісті екі жақтық қолдану барысында карсыластар кілемге құламауға, әсірсе арқага немесе бір жақ бүйірге құлаудан сактанады. Сондықтан да, көп жағдайда кімнің «тепе-тендік сезімі» мен козгалыс үйлесімділігі жоғары болса солженеді, өйткені сол жағдайда ғана құлаудан құтылуға немесе екіжакты әдіс қолданған киын жағдайда өзіне тиімді қалыпта бұрылып кетуге болады.

- Ж.С. Байшолаков «Спорттық күрес түрлерінің дамытуың заманауи үдерісі жағдайындағы казакша күрестегі жаттығу үрдісін жетілдіру және техника-тактикалық дайындықтың рөлін арттыру» [150]. Жұмыс 2010 жылдың тамызында Алматы қаласында (ҚазСТА) корғалып, қазіргі кезде КР БФМ Білім және гылым салаларындағы бакылау комитетінің қарастырылуында жатыр. Спорттық күрес түрлерінің және көпжылдық үрдіс түріндегі жоғарғы дәрежелі спортшыларды дайындаудың әдістемесінің даму деңгейі спортшыларды дайындаудың сапасын есепке алуды және де тек құрама командалар мен білікті спортшыларды жаттықтыру үрдісін жетілдіруді ғана емес, сонымен катар, жана бастаған спортшылардың дene шынықтыру және оку үрдісін де дұрыс үйімдастыруды талап етеді. Автордың ойынша [151], бұл мәселе қазіргі таңда, яғни казак күресінің халықаралық жарыстар үйімдастырудың жана деңгейіне көтерілуіне және де казак күресті басқа елдерде дамыту қажеттілігіне орай ете өзекті болып отыр. Казак күресі секциясында жаттығатын палуандар дайындығының алғашқы кезеңіндегі техника-тактикалық дайындық үрдісін жақсарту бойынша жасалған әдістемесін Ж.С. Байшолаков [152] өзінің бапкерлік қызметі барысында бірнеше мәрте сынектан откізген және де көпжылдық зерттеулері арқылы тәжірибелік түргыда негізделген.

К.А. Усин «Ауылдық жерлердегі жалпы білім беру мектептері окушыларының дene тәрбиесінің тиімділігін үлттық күрес қазак күресін пайдалану арқылы арттыру» [153]. Жұмыс 2010 жылдың тамызында Алматы қаласында корғалып, қазіргі кезде КР БФМ Білім және гылым салаларындағы бакылау комитетінің қарастырылуында жатыр. Павлодар облысының «Қызылқақ» елді мекеніндегі ауыл мектебінің директоры, еркін күрес шебері өзінің зерттеу жұмысында ауылдық жерлерде окушылардың дene тәрбисе дәрістері мен сабактан тыс дәрістерінде казак күресі бойынша физикалық және координациялық, техника-тактикалық дайындық шараларын қолданудың тиімділігін теориялық және тәжірибелік жағынан негізделген.

Ауылдық жердің жасөспірімдері мен окушы жастарының казак халқы үшін дәстүрлі болып табылатын казак күресі секілді үлттық спорт түрлерімен айналысуға деген талпынысы ескерілді. Өйткені казак күресінің қарапайым әдістері мен кейбір тәсілдерін олардың көбі жастайынан өз отбасында ата-аналарынан, туыстарынан, көршілері мен таныстарынан үйреніп алған болатын. Міне, біздін ойымызша бұл зерттеу жұмысында осындай аса маңызды мәселе шешімін тапкан [153, 154].

Зерттеу жұмысында [155] казак күресімен айналысқан мектеп жасындағы балалардың физикалық дайындығының деңгейі мен деңсаулығы жағдайының карқынына талдау жасалынған. Бұл жерде алынған нәтижелер окушыларды

дene тәрбиесіне баулудын дәстүрлі бағдарламасы жүргізілетін ауылдық жердің балаларымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екендігі көрсетілген [153, 156].

Қазақ күресіне тікелей катысты кандидаттық диссертациялармен қатар, жалпы күрес түрлеріне катысты диссертацияларды да атап отуғе болады.

Мысалы, КР құрметті бапкері, казақ күресінен спорт шебері, ұлттық күрес түрі бойынша көптеген ғылыми және әдістемелік енбектердің авторы, профессор Е. Мухиддинов [145] «Окушылардың дene тәрбиесінде қазақ халық ойындарын пайдалану» атты тақырыпта зерттеу жүргізіп, 2001 жылы кандидаттық диссертация қорғаган. Жоғарыда көрсетілген енбектерден бұл зерттеудің айырмашылығы – бұл жұмыста мектеп жасындағы балаларды дene тәрбиесінде қазақ халқына дәстүрлі болып табылатын шараларды барынша кен ауқымда карастыру орын алған. Казақ халық ойындары палуандарды, әсіресе казақ күресі атлеттерін дайындауда көнінен колданылған.

Кара құشتі кажет ететін жекпе-жектер, тартыс, ауырлық көтеру мен алыска лактыру, икемділік пен жылдамдылықты талап ететін жарыстар, командалық немесе жұп болып ойнайтын ойындар халықтық ойындар катарынан көптеген спорт түрлеріндегі жаттығу шараларына айналған. Бірақ, олардың көбі ұмытылған немесе жаттығу дәрістерінің үрдісі талаптарына сай танымастай болып өзгертилген.

Жұмыста автордың жинал, сипаттаған және де жіктеген казақ халық ойындарының тиімділігі алғашқы кезеңдердегі қазақ халқының әртүрлі мерекелерінде (тойларда) қандай түрде колданғандығы көрсетіліп, негізделген [145].

КР енбегі сінген жаттықтыруши, профессор А. Караков ұлттық спорттық күрес түрлерін, оның ішінде казақ күресін студенттердің дene тәрбиесінде колдану мәселесіне катысты 1996 жылы педагогикалық ғылымдарының кандидаты ғылыми атагын корғағаннан соң, 2009 жылы мектептегі дene тәрбиесі үрдісін тиімді ұйымдастырудын заманауи әдістеріне катысты зерттеу жұмысын жүргізіп, 13.00.08 мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторы атагын алуға катысты диссертация корғады (Түркістан, К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ).

Самбо және казақ күресі бойынша КР енбегі сінген жаттықтыруши, профессор Е. Әлімханов 1996 жылы жаңа киім үлгісі мен казақ күресі бойынша жарыстар еткізу ережелеріне өзгерістер енгізуін ықпалы туралы кандидаттық диссертация корғағаннан соң, казақ ұлттық спорт түрлеріне катысты зерттеулермен айналысып, жүргізген тәжірибелерінің натижелері негізінде 2010 жылы қараша айында педагогика ғылымдарының докторы атагын алуға катысты корғауга шығуды көздейді [157].

Бұл тізімді әртүрлі спорттық күрес немесе спорттық жекпе-жектер бойынша палуандарды атап арқылы немесе Олимпиада ойындарының бағдарламасына кіретін түрлі ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға катысқан атлеттердің аты-жөндерін атап жалғастыра беруге болады [11, 19, 49, 57, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163 және т.б.].

Казак күресі секілді казактың ұлттық спорт түрлерін зерттеу оларды насихаттаудың және спорттық жарыстар мен ойындар үйімдастырудың заманауи талаптарына сай жарыстарды үйімдастыру мен өткізудің ережелеріне өзгерістер енгізудің жаңа кезеңіне еніп отыр. Мысалы, «кекпар» ойынын көлемі шамалы «арнайы алаңда» откізу мүмкін емес ойындар катарына жаткызамыз, ейткені бұндай жарыстың негізгі мәні – алып тұлпарлардың өз шабандозы мен «колға түсken олжаны» карсылас шабандоздар арасынан алып шығыл, күгіншылардан ұзап кету болып табылғандыктan, олардың жылдамдығы мен төзімділігі сынға түсетін жарыс. Бұл ойында аттардың өз шабандозының нақты салмагы жағдайында жылдамдығын канша уақыт сактай алатындығы әлеуеті сыналады (бәйге кезінде аттарға салмагы 30–40 кг аспайтын балалар мінгізіледі).

Казіргі кездегі бұл ұлттық ойын жарыстарында шабандоздардың өзара құштік сайыстары көбейіп, аттардың жылдамдық төзімділігі сайыстары азайған. Бірақ, мүмкіндігінше екі команда арасындағы бұл ат-спорты жарысын толығымен бейнетаспага түсіру және жарыс барысында көрермендердің катысу мүмкіндігі арткан.

Казакстандағы ұлттық спорт түрлерінің даму мәселелері 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» КР-ның Занында (2 б. 10 т.) Казакстандағы халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерін дамыту мәселелері ашылған.

Казакстандағы ұлттық спорт түрлерін каржыландыру мәсселелері деңе шынықтыру және спорттың белсенді түрлерімен шұғылдануга, салауатты өмір салтына, козгалыс белсенділігі мен бұқаралық деңе шынықтыру-сауыктыру шараларына республика тұрғындарын көнінен тарту мен жұмылдыру тәсілі ретінде «Казакстан Республикасының 2007-2011 жылдарға арналған деңе шынықтыру және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы» бойынша карастырылады.

Казакстан жастарының осы спорт түрімен шұғылдануга деген құлышының казак күресінің едәуір дами түсінен, спортшылар шеберлігінін калыптасуына, жастардың казак күресімен бұқаралық сипатта шұғылдануына, халықаралық және олимпиадалық спорт күресі бойынша жоғары жетістіктерге жетуіне ықпал етеді.

Казіргі кезде казак күресінің жеткен деңгейі – бірнеше елде тұракты түрде дамып келе жаткан халықаралық спорт түрі болғандыктan, жүйелі түрде халықаралық жарыстар, құрлықтық және әлемдік жарыстарды үйімдастырып откізу талап етіледі. 2005 жылы Ресейде және 2006 жылы Монголияда казак күресі бойынша Азияның I және II чемпионаттары өткізілді. 2007 жылы Казакстанда өткізілген (Сәтбаев каласы) Азияның III чемпионатында Монголияның Қытайдын, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Қыргызстанның, Түркіменстан, Ресей мен Қазакстан командалары катысты. 2009 жылы казак күресі бойынша Қызылдорда каласында (Казакстан) өткен Азияның V чемпионатында біріншілік үшін әлемнің 10 шакты елінен келген қазак күресінің дәстүрлі катысушылары – атап өткен командаларымен қоса Иран және Сирія командалары күш синасты. Казак күресі бойынша әлем

чемпионаттарында катысатын командалардың саны одан да көп. 2006 жылы Алматы қаласында өткен казак күресі бойынша біріншілікте әлемнің 42 елінен спортшылар катысты. 2008 жылдың қарашасында Орск қаласында (Ресей) қазақтың ұлттық күресі бойынша II әлем біріншілігі болып өтті, оған әлемнің 20 елінен ең мықты балуандар катысты. 2010 жылдың казанында Астана қаласында казак күресінен III әлем біріншілігі өтті (әлемнің 30-дан астам елінен балуандар катысты).

Қорыта айтсақ, қазак күресінің 20 ғасырдың басындағы спорт күресінің барлық қалған түрлерін дамытуға тән болып келетін жарыстарды ұйымдастыру мен откізу ережелерінде негізгі өзгерістердің болғандығын атап өтуге тиіспіз:

1. Сайыс өту шектеулігі өзгерісі, егер бұрын сайыстын ұзактығы мен сайыс еткізу кезеңінің саны шектелмеген болса, 20 ғасырда ізгілік жағына карай жағымды өзгерістер жүзеге аскандықтан, сайыстардың ұзактығына жұмсалатын уақыт бірнеше минутка дейін қыскартылды. Кәсіби күрес ережелері бойынша егер нәтижеге кол жетпеген жағдайда, яғни сайыскерлердің бірі жеңіске жетпеген болса, бір жекпе-жек I сағатқа және бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін еді. Осылай бірнеше күн бойы да жалғасуы мүмкін болатын. Бұндай жағдайда күші тепе-тен түсken екі сайыскер бір сайыстың өзінде-ак бірін-бірі әбден қажытатындықтан, сайыска түсетін басқа балуандардың турнирлік белдесуге түсіне кедергі жасайтын. Спорт күресі түрлері бойынша регламенттің енгізілуі казак күресінен де көрініс тапты.

2. Женімпазды анықтау тәсілдерін өзгерту мен арттыру жоғары нәтижелер бойынша ғана емес («туше», артқа лақтыру немесе қарсыласын алу арқылы), сонымен қатар алған ұпайлары мен тәсілдер орындау сапасы бойынша да анықталды. Тәсілдер жасағаны үшін жинаған ұпайларының саны бойынша жоғары нәтижеге жеткізе коймаса да, төрешілер бағасына ие болды, жеңіс бәсекелестін бағасынан асып түсетіндіктен алынған бүкіл бағаларды косу есебінен жинақталды. Женіс ұпайлардың қосындысы емес, тәсілдерді жоғары бағалау бойынша сапа шкаласы бойынша берілді. Бұл жағдайда төрешілердің анағұрлым жоғары бағасына ие болған техникалық әрекетті орындаған адам жеңіске жетті.

3. Балуандардың салмақ санаттарына беліні, егер бұрын балуандардың дene салмагы бойынша массаларының арасында үлкен айырмашылық ондаган килограмнан тұrsa, салмақ санаттарына белу балуандардың жену мүмкіндітерін тенестіруге адып келеді. Бұл жағдайда ауыр салмақтылар өзара сайысса, орта салмақтылар мен женіл салмақтағылар дene массасында үлкен айырмасы жок бәсекелестермен сайысу мүмкіндіктеріне ие болды. Жаксы дene бітімі мен күші бойынша мүмкіндіктері бар орта салмақты балуандар ауыр салмақтылармен сайыска түссе беретін, үнемі жарыска катысатын сайыскерлердің негізгі белігі ірі дeneлі, салмағы жұз килограмм, немесе одан да асатын атлеттерден тұрды. Көптеген авторлар жазғандай [6, 7, 11, 19, 57, 114, 159, 160, 164, 165], бұл жағдайларда іріктеу өте катаң турде іске асырылатын және өз күштеріне, дene және психологиялық сапаларына сәйкес келетін балуандар салмағы 100 килограмнан асатын алапат күш иелері ғана ұзакка созылған сайыстарға төтеп беретін, тұракты түрде жарыстарға катысу

аркылы сайыскерлердің элитасын қалыптастырыды. Үлкен салмаксыз жастардың осындай жарыстарға катысу мүкіндігі шектеулі болды.

4. Балуандардың жас санаттары бойынша бөлінуі. Егер алдекандай спорттың бір түрін ескелен үрпактын дene тәрбиесінін құралы ретінде пайдалансак, балалар, жеткіншектер мен жастар өз қатарластарымен сайысүү үшін жас санаттары бойынша регламент қарастырылған болуы тиіс. Бұның өзі жаракаттардың алдын алу үшін женимпаздарды әділетті түрде анықтауга кажет. Түрлі жас топтары үшін жаттықтыру үдерісінде, дайындық деңгейі мен жекелей даярлығы барысында осы жас даярлығының тәсілдеріне тән анықталған белгілілері колданылуы мүмкін.

5. Қазак күресі бойынша бірынғай жарыс ережелерін кабылдау казак ұлттық күресінін өзіндік айрықша белгілері бар тармакталған түрлерінін бірігүін білдірді, осы жалпылама бір түрі бойынша іріктеу және республикалық жарыстарды өткізуге болатын.

Қазакстандағы дene шынықтыру мен спортты, қазак ұлттық күресі мен грек-рим күресін көнінен таныту мен дамыту ісінде орасан зор рөлді Кажымұқан Мұнайтбасов аткарды. Қазак халқының арасында дene шынықтыру мен спортты көнінен тарату бағытында аса зор жұмыстар аткарды, батырдың танымалдығы түргын халықтар арасында саяси және мәдени жұмыстарды жүргізу үшін пайдаланылды.

Кажымұқанның дene тәрбиесі мен спортты дамыту мен танымал ету, және де өз койылымдарындағы спорттық күресті дамыту жолындағы аткарған ауқымды жұмысына өз бағасын беру кажет. Оның спорт үйірмелері мен клубтар, мектептер ашуға қаражат бөлуі, және де цирк өнері мен Қазақстанның басқа да мәдениет пен өнер түрлерін дамытудағы ұйымдастырған қызметі бар. Кажымұқан бала кезінен ержеткенге дейін (20 жас) қазак күресі жекпе-жектеріне дайындықтан өткен Сондықтан ең алдымен палуан ретінде қазак күресімен белдесуге шебер еді.

П.Ф. Матушак өзінін «Бүкіл өмір – күрес» [11, 37-386.] атты кітабында білікті маман және жаттықтырушы ретінде қазак ұлттық күресі қазак күресінін болашагы толғандырады, – дегे жазған болатын. Біздің, Айханов, Қарамулин, Бұғыбаев, Байшолақов, Донбай секілді көптеген атакты чемпиондарымыз берін халықаралық жарыстар мен КСРО біріншіліктерінің женимпаздары самбо, дзюдо, греко-рим және еркін күрес түрлерінен жарыстар кезінде өз карсыластарын қазак күресінін тәсілдерін колдана отырып женген болатын.

Ұлттық күрес түрлеріне Өзбекстанда, Грузияда, Қыргызстанда, Эзербайжанда және Якутияда көп көnlіп отыр. Якутияда ұлттық күрес түрі «Қаптагайдан» ұдайы түрлі жарыстар мен чемпионаттар өткізіліп, арнайы мектептермен катар, қарапайым мектептер мен техникумдарда осы күрес түрінен дәрістер жүргізіледі. Жоғарғы оку орындарында тәжірибелі палуандар жұмыс істейді. олар өз кезегінде жастар арасынан барынша дарындыларын тандап алады. Нәтижесінде, Якутия халықаралық жарыстарда (әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында) жетістікпен белдесіп жүрген жоғарғы дәрежедегі палуандарды дайындаудың болды [11, 160].

Ұлттық күресті дамытудын киыншылықтары туралы айта келе, П.Ф Матушак казак күресінің қалыптасуынын киын жылдарын еске алады: « окулыктар мен оку құралдары жок, жарыстар төрт жылда бір рет, Спартакиада жылығана етеді...». Бұдан ары ол ұлттық күрестің болашағы жок деген пікірге қарамастан қазақ күресі Қажымұқанның ізбасарлары ретіндегі даңқты палуандарды дайындал отырғандығына тоқталады. Қажымұқан күрес жарыстарында тек бірғана «абсалютті» салмақ дәрежесі болған кезенде атақты чемпиондарды қазақ күресінің әдіс-тасілдерін қолдана отырып женген болатын. Қазақ күресін барлық жерлерде дамыту қажет, тиянакты зерттей отырып, ұлттық күрестің «алтын» қорын ата-бабаларымыз қолданған әдістермен толықтыру керек, қазақ күресін ғылыми және әдістемелік жағынан негіздеу қажет. Ұлттық күрес туралы кітаптар мен окулыктар шыгарып, білікті мамандар дайындау керек.

3. Қазак күресінің әдіс-тәсілдік ерекшеліктерін талдау

Қазак күресі бойынша жарыстардың ережелері күресті түрегеп тұрып жүргізуге ғана мүмкіндік береді, бұл төрттагандық күреске үйретпей-ак түрегеп тұрып күресу әдісін менгеруге оқыту уақытын қайта бөлуге септігін тигізеді (3 кесте).

Спорттық жетістіктеріндегі жарыс әдіс-әрекеттерін талдау сайыскердің техникалық-тактикалық қалыптасуын педагогикалық бақылаудың манызды факторы болып табылады. Жарыстарда үйрену тәсілдердің орындалу сенімділігін, жіберілген әдіс-айналық қателіктерді ғана емес, сондай-ак сайыскердің психологиялық қасиеттерін, күрестің қолданбалы тәсілдері мен айла түрлерін талдау, күресте женіске жету әдіс-тәсілдеріндегі инновацияларды зерттеу және орындалған жаттығу жұмысының өнімділігін тексеріп, осының негізінде оны болашакта түзеу кажет.

Казак күресінде белден төмен, аяктан ұстауга тыыйым салынған болса да, аякпен орындалатын тәсілдерді орындау мүмкіндігі мол. Сонымен катар казак күресінде төрттагандық күреске жол берілмейді және тізерлеп жасалынған лактырулар есепке алынбайды. Сондыктан, казак күресінде колданылатын барлық тәсілдік қөлемі тіке тұру арқылы жүзеге асырылатын лактырулармен байланысты болса, күрестің өзге түрлерінде ол тіке тұру және төрттагандап жүзеге асырылатын техникалық іс-әрекеттерге бөлінеді.

Осылайша колданбалылығы және нәтижелілігі бойынша алға төрттаганда колданылатын әдіс-тәсілдер шығады: еркін және грек-рим күресінде ол «аунату әдістері», самбода – басып жату мен ауырту тәсілдері, дзюодода – басып жату мен тұншықтыру тәсілдері.

Тек казак күресінә тән ерекшеліктер мен жарыс ережелері, жекпе-жекті жүргізу шеберлігі мен әдісі, женіске жетудің бірегей әдістері мен тәсілдерін қалыптастыруға, колданылатын тәсілдердің сапасы мен тиімділілігін жаксарту әдістері, көрсетілген ерекшеліктерді зерттеу нәтижелері талқыланады. Сонымен бірге спорттық күрестің олимпиадалық және халықаралық түрлеріне қатысты женіске жетудің тәсілдері мен әдістерінің ұқсастықтары мен колданылуы, колданылатын амалдары мен күресу әдісі талқыланады, бұл киіммен күресу спорттық түрлеріндегі және казак күресі бойынша жас спортшылардан ізбасарларды даярлауга мүмкіндік береді. Бұдан басқа спорттық күрестің басқа түрлері өкілдерінің тиісті дайындықтан кейін казак күресінен жарыстарда ойдағыдай өнер көрсету мүмкіндіктері талқыланады, бұл жарыстарды еткізу тәжирібесімен расталып отыр.

Осылайша колданбалылығы және нәтижелілігі бойынша алға төрттаганда колданылатын әдіс-тәсілдер шығады. Еркін және греко-рим күресінде ол «аунату әдістері», самбода – басып жату мен ауырту тәсілдері, дзюодода – басып жату мен тұншықтыру тәсілдері.

З кесте – Казак курсесінің айрықша ерекшеліктері

| № | Корсеткіші | Күрестің түрі | | | | Еркін курсес арнаулы | Грек-рим курсес арнаулы |
|----|-----------------------------|---|------------------------------------|--|--|----------------------|--|
| | | Дзюдо | Самбо | Казак курсес жәні қаска белбөлуі қеудеше мен шалбар | Эластикалық шолақ трико | | |
| 1 | Кімі | Дзюдо белбөлуі қеудеше мен шалбар | Самбо белбөлуі самбо кеудеше | Мен шолақ шалбар | Күрестің түрі | Күрестің түрі | Күрестің түрі |
| 2 | Алқын-Мі | Алқын-Мі | Самбо аяқ-жыныс | Күрестің түрі | Тыйым салынған | Тыйым салынған | Тыйым салынған |
| 3 | Кімілден Үстай | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген |
| 4 | Айынан Үстай | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген | Руксат етілген |
| 5 | Алқиен жасайтын әдіс | Руксат етілген | Баганаданы | Баганаданы | Баганаданы | Баганаданы | Баганаданы |
| 7 | 7 зең түрлі 14 жастау | Бар | Бар | Жок | Бар | Бар | Бар |
| 8 | Тортуғандағы курсес | Руксат етілген | Руксат етілген | Тыйым салынған | Тыйым салынған | Тыйым салынған | Тыйым салынған |
| 9 | Ауыртапшы әдістер | Руксат етілген | Сана сатысы | Тыйым салынған | Сана сатысы | Тыйым салынған | Тыйым салынған |
| 10 | Түшіншіліктуру әдістер | Руксат етілген | Бойынша | Бар | Бар | Бар | Бар |
| 11 | Әдіс ерекшеліктиң баганадау | Сана сатысы | 1, 2 және 4 | Бар | (1, 2 және 3) | (1, 2 және 3) | (1, 2 және 3) |
| 12 | Жастыс | Лактыру немесе басал жату адісі | Пүрөгел тұрып арқасынан лактыру | «Газа жастыс» карсыласты | Лактырлады немесе аударып екі жауырынын кілемге тиізу | Карсыласты | Лактырлады немесе аударып скі жауырынын кілемге тиізу |
| 13 | Жарылған жастыс | Лактыру немесе басал жату адісі | Жок | «Жартылай жәніс» бүйірге лактыру | Жок | Жок | Жок |
| 14 | Ширек жастыс | Жок | Жок | «Жамбас» жамбаска | Жок | Жок | Жок |
| 15 | Оргата баға | Лактыру немесе басал жату адісі | Жок | Лактыру | Жок | Жок | Жок |
| 16 | Төмөнгі баға | Ушин «кок» | 1 балл, бенесолдік | «Бүкк» - карсыласты ти күрілету немесе гергіттегінде | 1 балл | 1 балл | 1 балл |

3 кестениң жадаласы

| № | Көрсөткінші | Люди | | Самбо | | Күрестін Гүрі | | Ірек-дім күресі қаупыл күнінде аркасында 10 с үстәу 1 балл |
|----|--|--|--------------------------------------|---|---|---|--|--|
| | | Кайтак күресті | Жок | Кайтак күресті | Жок | Кайтак күресті | Жок | |
| 17 | карсыластың аркасында бізни жату элсін бағалау | 10 с – «КОҚА» 15 с – «ДОКО» 20 с – «ВАГ-АРІ» 25 с – «ИППОН» | 10 с – екі балл. 20 с – төрт балл | түркеп тұрып карсыластың аркасында пактыру. оның берулу. 12 балда озын шыту | таза женис, екі жартылай женис, 10ға жамбас немесе бір жартылай женис және екі жамбас | таза женис, екі жартылай женис, 10ға жамбас немесе бір жартылай женис және екі жамбас | таза женис | карсыластың екі жауырынын жілемге тиізу немесе әр кезеңде б балмай женү |
| 18 | тата немесе толык жаиске жетулиң нұсталары | екі «ВАЗ-АРІ», карсыластың берилуінен үйіктатылуы | толькі женис | таза женис | таза женис | таза женис | таза женис | таза женис |
| 19 | карсыластың жаракаттанын немесе ескертулермен жетілу | «ВАЗ-АРІ» | «ВАЗ-АРІ» | 8 баллға озып шыгу | бір «жартылай женис» немесе екі «жамбас» | әр кезеңде балл бойынша озып шыгу | әр кезеңде балл бойынша озып шыгу | әр кезеңде балл бойынша шамалы озып шыгу |
| 20 | анық артықшылықпен женису | «ДОКО» | «ДОКО» | балл бойынша салының көйтін | балл бойынша шамалы озып шыгу | әр кезеңде балл бойынша шамалы озып шыгу | әр кезеңде балл бойынша шамалы озып шыгу | әр кезеңде балл бойынша шамалы озып шыгу |
| 21 | үтәй женису | | | | «БҮК» | үшінші кезеңде женү | | |
| 22 | шамалы артықшылықпен женису | «КОҚА» | | белсенділіг бойынша немесе 1 балл багасымен бар | «БҮК» | үшінші кезеңде женү | | |
| 23 | терапевтердің пікірінше женису | «ХАНТЕ» | | жок | жок | жок | жок | жок |
| 24 | ұстасу регламенті (уақыты), мінн | 5 | | 5 | | 5 | 2x2 | 2x2 |
| 25 | коомміша көзен, мінн | 5 | | 3 | | 3 | 2 | 2 |

Грек-рим және еркін күресте балуанның киімінен ұстауға тыйым салынады, ал күрес киімі иыққа ілінген аспасы бар эластикалық қыска шалбардан тұрады және мұндай киім тартқылауды көтермейді – бұл ескертумен жазаланады.

Бұған қарағанда киіммен күресу (дзюодагы кимоно, самбодагы самбо күртешесі, казак күрестегі жеңі қыска күртеше мен қыска шалбар) киімнен және белбеуден ұстауға жол береді. Егер самбо мен казак күресте тек күртеше мен белбеуден ұстауға болатын болса, ал дзюодода әдіс жасау барысында кимононың шалбарынан ұстауға да болады.

Самбода шалбар жок, ал казакша күресте қыска шалбардан ұстауға болмайды, ейткені белден төмен ұстасуларға тыйым салынған. Оның үстіне, казак күресте киіммен күресу түрлеріндегі дәстүрлі, ұстап алу арқылы қарсыластын әрекетін тұсаулауға болатын киім жениң жок.

Біздің ойымызша, бұл киіммен күресу түрлеріндегі шабуылдауши стильдегі балуанга артықшылық беретін елеулі ерекшелік болып табылады. Ал казак күресте шабуылдаушы кимылдар мен түрегеп тұрып серіппелі лактырулар жасаудың артықшылығы белден төмен ұстасулардың, төрттагандап және тізерлеп күресудің тыйым салынғандығында. Бұл жөнінсі алғанда, дзюдо бойынша жарыс ережелеріндегі соңғы өзгертулерге сәйкес – қарсыластын белсенді кимылдарынан корғаныс ретінде аяктан ұстай, сонымен бірге кимоно шалбарынан ұстая ескертумен жазаланатынын атап етсек болады.

Мұндай өзгерістерге казак күрестің әлемде дамуы, халықаралық, құрлықтық (Азия біріншілігі) және әлемдік чемпионаттардың еткізілуі қандай да бір ықпал етіп отырганы сөзсіз. Әлемнің басқа елдерінің палуандарының біздің ұлттық күрес – казак күресті мойындауы және белгілі бір ерекшеліктерді күрестің казіргі танымал түрлерін жетілдіруге алуы кеңіл қуантарлық жайт.

Лактырылған палуаниның кілемге қалай түскеніне қарай: аркасына – таза женіс, бүйіріне – жартылай женіс, құрығына немесе санына – жамбас болмаса тізесіне – бұк деп лактыруды бағалау да тек казак күреске тән. Күрестің басқа түрлерінде лактырудың немесе таза женістің сапасын анықтау барысында лактырылғанның дененің қай жерімен (жауырынға, аркага немесе жок) құлағаны анықталғанмен де, лактыру бағасы көбінесе орындау серіппелілігі және жылдамдығына байланысты болады.

Белбеуден төмен ұстасуларға тыйым салу арқылы қарулы күресті шектеулі ұстасулар санымен жүргізу қажеттігін айқындастындығы біршама грек-рим күресіне келеді, бірақ қазак күресте тыйым тізбегі одан да терен – төрттагандап және тізерлеп күресу де жок. Қазак күресте тек түрегеп тұрып басталған лактырулар саналады, ал грек-рим күресінен айырмашылығы аяқпен лактыруларға (аяқтың көмегімен) тыйым салынбайды.

Жоғарыда көрсетілген грек-рим күресімен ұқсастықтар қазак күресте көбінесе грек-рим күресінін стиліне тән «кеудеден асыра тастау» және «қапсыра ұстап қағып жығу» секілді тәсілдердің қазак күресте сәтті қолданылу жиілігіне ықпал етеді. Ал аяқпен лактыруды орындау жағынан еркін күреске

ұқастығы казак күрес бойынша жарыстарда «орап лактыруды» жіңі және сәтті колданылатындығын көрсетеді.

Мысалы, дзюодада мұндай лактыруға тыым салынған, ал самбо мен еркін күресте оларды жіңі колданбайды, өйткені мұндай шабуылдан жаксы корғаныс – бұл карсыластың аяғынан ұстау, тізерлеген күйі темен отыра калу. Қазақ күресте атап өткеніміздей, тізерлеп күресуге тыым салынған – бұл жениліс бүкіл деңгелі бағаланады.

Осылайша, бұл жерде де күрестің бұл түрінің жекпе-жекті белсендіру, корғаныс үшін мүмкіндікті шектеу жағынан артықшылығы байкалады. Күрестің ынталандыру үшін ескертулер жүйесі қолданылады, бірақ олардың да басқа күрес түрлерінен елеулі айырмашылығы бар. Жарыс ережесін бұзған кезде (белбеуден тәмен ұстау, басқа да тыым салынған ұстайлар, соккы беру, дерекілік, ынтасыздық және т.б.) палуанга ескерту жасалады: алғашкы ескерту – карсылас бүкіл бағасын алады, екінші ескерту – жамбас, үшінші – жартылай женис, төртінші ескерту жоқ – палуанга жениліс жазады – карсылас таза жениске кол жеткізеді.

Жекпе-жектегі жениске шешуші ықпал ететін сапа көрсеткіші бойынша лактырулар тек дзюдо мен казақ күресте гана бағаланады. Күрестің басқа калған түрлерінде тәсілдер ұпаймен белгіленеді, ұпайлар сонында жинақталады.

Самбода женимпаз ұпайлардың жалпы сомасы бойынша, карсыласынан көп болғанда анықталады, ал грек-рим және еркін күресте ұтқан кезеңдерінің саны (таза женистен өзге) бойынша белгіленеді.

Дзюодадан айырмашылығы казак күресте мерзімнен бұрын жениске тек таза лактырумен–иппон (таза женис) немесе жартылай женисті екі лактырумен – ваз-ари (жартылай женис) гана емес, сондай-ак ширек женисті терт лактырумен жамбас (бұл юко бағасында жоқ) немесе бір жартылай женис және екі жамбаспен кол жеткізуге болады. Бұған сондай-ак карсыластың ескертуден алған бағалары қосылады. Мысалы, егер коржыныңызда үш жамбас бағаныз болған болса. Сіздің карсыласыныңдың екінші ескертуінен тагы бір жамбас бағасын алсаныз, онда жекпе-жек тоқтатылып, Сізге мерзімнен бұрын женис беріледі.

Республикалық және калалық жарыстарда (Астана қ.) казак күресі бойынша ұстасуларды бейнежау және нотациялық жазу әдістерін қолдану арқылы күрескерлердің казак күресі бойынша талданушы жарыстарда колданылатын барлық тәсілдер тобынан күрескерлер ен белсенді (0,73 әрекет/мин) және нәтижелі (0,35 баға/мин) түрде «санмен канталдан не ортадан кагып түсіру» әдістерін қолданады.

Әрі карай колдану көрсеткіші бойынша «жамбастан асыра тастау», «кеудеден ұстап кагып жыгу», «арқадан асыра тастау» және «табанмен кагып түсіру» әдіс топтары жиңі колданылады. Карсыласка жарияланатын ескертулер есебінен күрескерлер орта есептен – 0,21 баға/мин және 0,05 таза жениске/мин жетті (4 кесте).


Кесте 4 – Казак күресі жарыстарында колданатын техникалық әрекеттер (орта есеппен бір мин)

| № | Тәсілдер тобы | Көрсеткіш, n=152 ұстасу | | | | | |
|-----------|---|-------------------------|------|------|------|--------|------|
| | | Б | | БӘС | | ТС (%) | ТЖС |
| | | ә/с | % | - | % | | |
| 1 | санмен қапталдан не ортадан қағып түсіру (отхват и подхват) | 0,73 | 23,3 | 0,35 | 19,6 | 48,2 | 0,16 |
| 2 | жамбастан асыра тастау | 0,66 | 21,6 | 0,34 | 19 | 51,0 | 0,07 |
| 3 | капсыра ұстап қағып жығу (сбивание захвatom туловища) | 0,32 | 10,5 | 0,22 | 12,3 | 68,0 | 0,01 |
| 4 | арқадан асыра тастау | 0,35 | 11,9 | 0,09 | 5 | 26,0 | 0,03 |
| 5 | табанмен қағып түсіру | 0,21 | 6,9 | 0,13 | 7,3 | 62,5 | 0,02 |
| 6 | ескертулер | - | 5,2 | 0,21 | 13,4 | - | 0,05 |
| 7 | жагадан жұлқып жығу | 0,16 | 5,2 | 0,12 | 6,7 | 75,0 | 0,01 |
| 8 | сирактеп іліп жығу | 0,16 | 5,6 | 0,08 | 4,5 | 50,0 | 0,02 |
| 9 | «орап» лактыру | 0,17 | 4,7 | 0,05 | 2,8 | 30,8 | 0,01 |
| 10 | кеудеден асыра тастау | 0,14 | 1,3 | 0,09 | 5 | 63,6 | 0,02 |
| 12 | иықтан асыра тастау («мельница») | 0,04 | 1,3 | 0,03 | 1,7 | 75,0 | 0,01 |
| 13 | енкейіл лактыру (бросок наклоном) | 0,01 | 0,3 | 0,01 | 0,6 | - | - |
| 14 | карсы шабуыл тәсілдері – басып алу, жығу | 0,01 | 0,3 | 0,01 | 0,6 | - | - |
| 15 | түйдекпен іліп жығу | 0,01 | 0,3 | 0,01 | 0,6 | - | - |
| 16 | қалған әрекеттер | 0,09 | 2,9 | 0,05 | 2,8 | - | 0,01 |
| жыныстығы | | 3,06 | 100 | 1,79 | 100 | 54,1 | 0,42 |

Ескерту. Б – белсенділік (ә/с – әрекеттер саны), БӘС – бағаланған әдістер саны, ТС – тәсілдің сенімділігі, ТЖС – таза женис саны

Жарыста жиі және нәтижелі қолданылатын тәсілдер тобына кайыра «жагадан жұлқып жығу» «сирактеп іліп жығу», «орап лактыру», «кеудеден асыра тастау» және «иықтан асыра тастау» әдіс топтары жатады.

Казак күрес бойынша жарыстардағы палуандардың сапа және нәтижелі көрсеткіштері барынша жоғары. Казак күресте белсенді басталған әрекеттердің (Б-3,06) жартысынан көбі нәтижелі лактыруға (БӘС-1,79) алып келеді, ал бұл жердегі сенімділік (ТС-54,1%) бағаланған әрекеттердің 50% астамын құрайды. Таза женистердің (ТЖС-042) пайзызы барынша жоғары – минутына бір жениске жақын, яғни белсенді әрекеттердің 13,7% таза жениспен аяқталады, ал бағаланған лактырулардың 23,5% таза жениске әкеледі (1 сурет).



